



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



3/2007


СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
Ү.Нысанбек

Дизайн және беттеу
Г.Хаткулиева, А.Садвакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz,
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж кәуелік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

Алматы қаласы Медеу ауданының
ҚБ ДООИВА баспаханасы
050010, Алматы қаласы,
Уәлиханов көшесі, 115.

Таралымы 500 дана.



ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Нұрлан Сейдін

Қоғамдық келісім мен тұрақтылық – еліміздің серпінді
дамуының тірегі 3

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Ғалия Мовкебаева

Қытайға қатысты Еуропалық Одақтың стратегиясы..... 7

ІШКІ САЯСАТ

Толқын Әуелғазина

Өркениетті БАҚ – демократияның басты кепілі 10

Назгүл Шыңғысова

Аймақтық басылымдардың проблемалары
(Облыстық “Сыр бойы” газетінің мысалында) 14

ЭКОНОМИКА

Ардақ Тұрғынбаева

Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйенің
қызметіндегі даму институттарының рөлі 17

ҚОҒАМ. ТАРИХ. МӘДЕНИЕТ

Әбдімәлік Нысанбаев

Тәуелсіздік. Мәдени мұра. Ұлттық ояну 20

Балташ Қаріпов

XIX ғ. соңы мен XX ғасыр басындағы Ресей
мемлекеттануының азаматтық қоғам түсінігі 25

Әлия Сүлейменова

Алаш зиялыларының Бұратаналар бөліміндегі қызметі:
Ә. Бөкейханов пен А. Кенжин арасындағы қарым-қатынас
мәселесіне орай..... 28

Меруерт Исаева

Қазақ халқының уақыт өлшемдері..... 31

Маржан Аликбаева

Әл-Фараби музыкасының философиялық мәні 34



РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- | | |
|---------------------|---|
| Болат СҰЛТАНОВ | – редакциялық кенестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Нұрлан СЕЙДІН | – жауапты редактор, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты |
| Нұржамал АЛДАБЕК | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Мәулен ӘШІМБАЕВ | – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Камал БУРХАНОВ | – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор |
| Ержан ЖАТҚАНБАЕВ | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор |
| Санат КӨШКІМБАЕВ | – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Қуанышбек ҚАРАЖАН | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ | – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Философия және саясаттану институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Сайпулла САПАНОВ | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Марат ТӘЖИН | – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, социология ғылымдарының докторы, профессор |
| Болат ТЛЕПОВ | – Алматы қаласы әкімі аппараты Ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА | – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор |

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | |
|---------------------|--|
| Булат СУЛТАНОВ | – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат исторических наук, доцент |
| Нурлан СЕЙДИН | – ответственный редактор, ведущий научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук |
| Нуржамал АЛДАБЕК | – декан факультета востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | – директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова МОН РК, доктор политических наук, профессор |
| Ержан ЖАТҚАНБАЕВ | – декан факультета экономики и бизнеса Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор |
| Санат КУШКУМБАЕВ | – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат политических наук, доцент |
| Қуанышбек ҚАРАЖАН | – заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана исторического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор |
| Абдумалик НЫСАНБАЕВ | – директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор |
| Сайпулла САПАНОВ | – доцент кафедры международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат политических наук |
| Марат ТАЖИН | – министр иностранных дел РК, доктор социологических наук, профессор |
| Болат ТЛЕПОВ | – заместитель директора Департамента внутренней политики аппарата акима города Алматы, кандидат политических наук |
| Айгуль ТҮЛЕМБАЕВА | – заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор |

Қоғамдық келісім мен тұрақтылық – еліміздің серпінді дамуының тірегі

Нұрлан СЕЙДІН,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің биылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі нығайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін көтеру мәселесін атап кеткені белгілі. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолына түскенін, еліміздің барлық жағынан дамып, өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуға жақындап келе жатқанын Елбасы тайға таңба басқандай, нақты мысалдармен дәлелдеп берді. Көптеген мемлекеттер жете алмай отырған жетістіктерге біздің еліміз жетті. Оған біздер елдегі қалыптасқан тұрақтылық, бірлік, ынтымақтастықтың арқасында қол жеткіздік. Біз ұлттық рухты сақтап қалудың қажетті шарты – сырттан жау іздемей, өзіміздің ұлттық табиғатымызды орнықтыру мен байыту деп білеміз. Бүгінгі таңда біздер, еліміздің алға басқан әр қадамы болашаққа деген нық сенімділікке бастап, әлемдік қоғамдастықтың алдындағы беделі мен абыройы жылдан-жылға артып отырғандығының куәсі болып отырмыз. Бұл сенімімізді, Қазақстанның келешекке деген талпынысын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауын жария еткенде тағы да нақтылай түсті.

Жолдауда Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін нығайтуға байланысты міндеттердің «Қоғамдық келісімді және тұрақтылықты әрі қарай нығайту үшін Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін арттыру» мәселелерін қамтитын жиырма бесінші бағытта арнайы қарастырылып отырғандығын атап кетуге болады. Бөлімнің бұлай аталуының өзі этносаралық және конфессияаралық келісімнің жетілдірілген моделі қалыптасқан Ассамблеяның ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтудағы ерекше орган болып табылатындығын көрсетеді.

Елімізде тұрақтылық пен бірлік, топтасқандық бағытын дамытуда Н.Назарбаевтың тікелей бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы қауымдастығы көпұлтты халқымыздың саяси-әлеуметтік, мәдени-ұлттық орталығы бола отырып, саяси және экономикалық реформаларды кең құлашты байсалды, тындырымды, нәтижелі негізде жүзеге асыруға үлкен үлес қосып келеді.

Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы

мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен этностар қалыптастырған, ел бірлігі мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған қазіргі мол тәжірибеміз этносаралық проблемаларды шешудің әлемдік тәжірибесіне енуде. Жолдауда атап көрсетілгендей, «қоғамдық келісімді әрі қарай нығайту еліміздің қалыпты дамуы мен әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру тәрізді үстеме міндеттерді шешудің негізі болып табылады».

Қазақстанды қоныстанған көп ұлтты халқымыздың азаматтық, ашық, зайырлы, демократиялық саяси-экономикалық жағынан тәуелсіз қоғам орнатуға бір кісідей жұмылған біртұтас Қазақстан халықтарының толеранттылығын, конфессияаралық және ұлтаралық келісін, туысқандық бірлігі мен достығын одан әрі дамытып, нығайтуды көздеген Қазақстан халқы Ассамблеясы өз алдына қойған мақсаттарын абыройлы атқаруда. Оны біз бүгінгі таңдағы еліміздің экономикасының қарыштап дамуы мен елдегі саяси тұрақтылықтан және Қазақстанда мекен ететін барлық ұлыстар мен ұлттардың бір кісідей жұмылып оны әлемнің дамыған зайырлы мемлекеттері қатарына қосуға деген ұмтылыстарынан байқаймыз.

Осы тұста өзінің тарихында, жалпы, мемлекеттік құрылымдық ғұмырында Қазақстан ерекше ел болып қалыптасқанын айта кеткеніміз абзал. Өзінің тағдыр-талайында, біртұтас бола білудің жауапкершілігін көрсеткен кезеңі ондағы ұлттар мен ұлыстардың үлкен жауапкершілігін көрсетсе керек. Біздің бақытымыз да сол, Қазақстан аз уақыттың ішінде әлемдік қоғамдастықтың алдыңғы қатарлы көшіне қосылды.

Тәуелсіздік алған 15 жыл ішінде талай өзгерістер болып, дұрыс таңдау жолымен алға батыл қадам бастық. Қазақстан халқы Ассамблеясының алдына қойылған басты міндет – қоғамның белсенді саяси, біріктіруші күші болуға қабілеттілігін таныту еді. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар саласындағы саясат өзінің толық мағынасында көп ұлтты және көп дінді мемлекет екенін қастерлей отырып, қоғамдық-саяси тұрақтылық жағдайды сақтауда бай тәжірибеге ие болды. Осындай бірегей сан ұлттығы бар Қазақстан ТМД елдерінде орын алған кейбір қайғылы жағдайларға жол берген жоқ. Мұның бәрі ортақ мемлекеттік мүддеге біріктірілген, шын мәніндегі жүргізіліп отырған ұлттық стратегияның құндылығын көрсетеді.

Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына 2007 жылғы Жолдауында «Қазақстан халықтары Ассамблеясы, міне, он жылдан астам уақыт бойы көпұлтты Қазақстан халқын біріктіру міндеттерін ойдағыдай шешіп келеді» деп жылы лебіз білдіре келіп, «Осы қоғамдық институттың рөлін арттыра беру қажет деп ойлаймын» деп атап көрсетті [1]. Президенттің жыл сайынғы Парламенттің бірлескен мәжілісінде жасайтын Қазақстан халқына Жолдауында, халықтар Ассамблеясының сессияларында жариялаған баяндамаларында ұлтаралық бірлік, ынтымақтастық тақырыбы мейлінше тереңнен қозғалып, жан-жақты міндеттермен, болашаққа жасалып отырған жаңа әрекет, қадамдармен тығыз ұштастырылады.

Бірлік пен келісім Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылғы желтоқсанда өткен Қазақстан Халықтары І-ші форумында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев айтқан еді. Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды [2].

Ассамблея алғаш өмірге келген күннен-ақ көп ұлтты еліміздің қасиетті орталығына айналды. Әр этнос өздерінің ұлттық-мәдени орталықтарын құрды. Олар тұңғыш Президентіміздің төңірегіне тығыз топтасып, өздері мекен еткен Қазақстанның экономикасын, мәдениетін өрге бастыруға бір кісідей жұмылды. Тәуелсіздік жолымен ілгері басқан еліміздің халықтары барлық істе үлкен ұйымшылдық көрсетті. Олар өздерінің көкейкесті өмірлік маңызы бар мәселелерін Ассамблея сессияларында еркін, кең талдау жағдайында шешуге қол жеткізді. Өзінің он жылдан астам қызметі барысында Ассамблея он екі сессиясын өткізіп, онда қоғам өмірінің маңызды әлеуметтік-саяси мәселелерін талқылады.

Бүгінде елімізде 500-ге тарта ұлттық-мәдени орталық бар. Олар көпұлтты халқымыздың саяси сана-сезімін байыту, ұлттар мен ұлыстардың өзара бірлігін күшейту, ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту жолында халықтар сеніміне ие болды.

Бұл – жүйелі, жемісті саясат болғанын өмір өзі дәлелдеді. Қазақстанды Отаным дейтін көкірегінде сәуле бар адамдардың бұған көзі толық жетті. Қазақстандағы ұлттық бірлік саясатының тұрақтанып, нәтижелі жұмыс істеуін толып жатқан халықаралық институттар да мойындады.

Қазақстан ұлтаралық қатынас саясатында әлемдік кеңістікте әрқашан өнеге тұтатын ел болып қала береді. Қазақстандық тәжірибе, яғни Қазақстан Халқы Ассамблеясы дүниежүзілік деңгейде, Біріккен Ұлттар Ұйымында және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымда өзінің жоғары бағасын алды. Шынында да, бұл – әлемдік жұртшылықтың назарын аударған ерен құбылыс. Ассамблея Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар проблемасын тиімді шешуге зор ықпал жасап, еліміздің халықаралық беделін көтеруге үлес қосуда. Қазақстанда этносаяси, саяси, рухани және ұлттық саладағы жүргізілген реформалардың дұрыстығына әлем қызыға қарайды. Сол себепті, көрші республикалардың қоғам және мемлекет қайраткерлері ұлтаралық келісімді сақтауда және оны дамытуда Қазақстандық тәжірибені қолдануға көптеп қызығушылық танытуда.

Осы Қазақстандық ұлтаралық қатынас үлгісін одан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында мемлекет тарапынан қыруар жұмыстар атқарылуда. Өз кезегінде Елбасы Н. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Ассамблеяның мәртебесін көтеру жөнінде нақты ұсыныстар айтқан еді, осы бағытта енді Ассамблея туралы заң қабылдау және аталған органның қоғамдағы рөлін күшейту жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бүгінде Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүмкіндігін толығымен пайдалануда, яғни оны тек елдегі этностардың арасындағы қарым-қатынастарды, олардың тілдері мен мәдениетін дамытумен бірге, елдің дамуына жұмылдыру, жастарды патриоттыққа тәрбиелеу, ел экономикасын дамытуға және т.б. ел өміріндегі маңызды істерге кеңінен араласу мүмкіндіктері қарастырылуда. Ассамблея өкілдері, шағын және орта бизнесті, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, білім мен ғылымды және инновациялық технологияларды дамытуда әлі-ақ өз сөзін айтып, үлкен беделге ие болатынына осы тәуелсіздіктің өткен 15 жылында көрсеткен нәтижелерінен байқауға болады.

Қоғамның саяси өмірінде де, адамдардың күнделікті тіршілігінде де тіл – ешбір теңдесі жоқ аса қуатты құрал. Тілдің осы қызметі тұрғысынан алғанда бұл Қазақстан тәжірибесінде айрықша маңызды. Себебі – елімізді мекен еткен 130 ұлт пен ұлыс осынша тілде сөйлейді. Біздер тоталитаризм тұсында бір тілде – тек орыс тілінде сөйлеп, сол тілмен өмір кештік. Одақ тарап, тәуелсіздік жолға түскен Қазақстан қайсы тілде сөйлеуі керек еді? Әрине, жердің, елдің иесі – қазақ тілінде! Бірақ миллиондаған халыққа тек қазақ тілінде күштеп бір күнде нұсқау беру ақылға сыймайды. Сондықтан ел басқарудың терең білгірі Елбасы Н.Ә. Назарбаев қазақ тілін Конституцияда мемлекеттік тіл деп бекітудің табанды жақтаушысы болды. Бұл ұсыныс солай қабылданды да. Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілге біртіндеп көшудің сындарлы бағдарламасы енгізілді. Осы бағдарлама қоғам өмірінде кең қолдау тапты. Қазір қазақ тілін меңгеру жылма-жыл өріс алып отыр.

Қазір мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілін үйренуге деген ынта-ықылас та жақсы. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің абырой биігі, баршаның құрметтеуге тиіс қарым-қатынас құралы. Қолымызда бар соңғы деректерге жүгінесек, республикамызда тұратын 6 млн 968 мың этностық өкілдердің 1,5 миллионы мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, сөйлей алады. Қазір қазақстандықтардың 65 пайызы қазақ тіліне жетік, 18 этнос өкілдерінің 60-80 пайызы қазақ тілін жақсы біледі. 45 этностың өкілі қазақ тілін өз тіліне қарағанда жақсы біледі. Мұны, мысалы, этнос өкілдеріне қаратып айтар болсақ, болгарлардың 29 пайызы, корейлердің 28,8 пайызы және еврейлердің 17,6 пайызы қазақ тілінде сөйлей алады. Қазақстан халқы ассамблеясы, ең алдымен, мемлекеттік тілді кең насихаттауды алға қойған. Осы мақсатта жер-жерде және республика деңгейінде арнайы конкурстар өткізуді жүйелі жүргізіп келеді [3].

Ассамблеяның XXII сессиясында да мемлекеттік тіл мәселесі назардан тыс қалған жоқ. Елбасы мемлекеттік тілге деген құрметтің, оны қастерлеудің және оны дамытуға қолданыс аясын кеңейтуге деген құлшыныс Отанға деген патриоттық сезімнің ажырамас бір бөлігі екендігін тағы

бір қадап айтып өтті. Осы жолы мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшетіндігі белгілі болды. Бұл мемлекеттік тілдің дамуына, өмірдің жаңа сұраныстарына толық жауап беруіне, жаһандық үрдісте жылдам бейімделуіне ықпал етпек. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңейіп келе жатқандығына қарамастан, оны одан әрі жетілдіру бағытында Елбасы біраз ойларын ортаға салды. Мемлекеттік тіл – тәуелсіздіктің бір тірегі. Тілдің дамуы мемлекеттің дамуымен және оның өркендеуіне тікелей қатысты. Сондықтан оған әр бір Қазақстандық азаматтың аса жауапкершілікпен қарағаны абзал.

Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға, ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарын жақсартуға және ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тетіктерін нығайтуға заңдық негіз жасалған. Бұл тұрғыда, дүние жүзінде Қазақстандағыдай өнеге жоқ екендігін мақтанышпен жеткізуге болады. Мысалы, «Українські новини» Украинадан шет жердегі украиндық емес үкімет қаржыландырып отырған осы тілдегі жалғыз газет. Корей тілінде шығатын «Коре ильбо» туралы да осыны айтуға болады. Жалпы, ұлттық тіл саясатында нақты тетіктер тиянақталып, жасалынған. Қазір республикамыздың мектептері тоғыз тілде – қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік, украин, татар, неміс және ағылшын тілдерінде білім береді.

Сөйтіп, Қазақстан Халқы Ассамблеясы өзінің азғантай ғана ғұмырында елімізге ғана емес әлемнің басқада мемлекеттеріне азық болатындай тәжірибе жинақтады. Соңғы кездері халықаралық қауымдастықта ұлтаралық келісімнің «қазақстандық формуласы» жөнінде көптеген оң пікірлер айтылуда. Ассамблея өкілдерінің Еуропалық Одаққа, АҚШ-қа барған соңғы сапарларында да қызығушылық танытқандар аз болған жоқ.

Ал планетадағы этностық қақтығыстардың себептері сан алуан. Алайда олардың көпшілігінің негізінде үш басты проблема жатыр. Біріншіден, жаһандану халықтардың өзара ықпалдасуын кеңейтеді. Ол барлық қоғамдардың технологиялар жетістігін білуіне мүмкіндік береді, экономикалық құрылымдарды түбегейлі өзгертеді, дүниені біртұтас коммуникациялық жүйеге айналдырады. Бірақ сонымен бірге ол көптеген адамдардың бойында өздерінің тарихи негіздерінен – ұлттық біртектілігінен, тілінен, мәдени және діни дәстүрлерінен айырылудың табиғи қаупін туындатады. Бұл сезімдер кейде басқа этностық және діни құндылықтарды әкелушілерге деген жек көрушілікті туғызады. Екіншіден, жаһандану салдарынан кейбір ұлттық мемлекеттерде әр түрлі бағыттағы ішкі қарама-қайшылықтар өршуде. Үшіншіден, ұлтаралық қақтығыстардың көпшілігіне әлеуметтік-экономикалық проблемалардың шешілмегендігі себеп болуда. «Жек көрушілік – бұл кедейлердің ашу-ызасы» екендігі дұрыс айтылған. Планетада сегіз жүз миллионға жуық аш адамдар бар, миллиардтан астамы – бестен бір бөлігі – күніне бір доллардан кем жағдайда өмір сүреді. Ал орасан зор байлықтар халықтың бар болғаны жиырма пайызының қолында. Міне, бұл ашу-ыза осындай туындайды. Қазіргі дүниеде ол басқа халықтардың өкілдеріне қатысты экстремистік әрекеттерден лаңкестік актілерге дейін өткір қақтығыстық формаға көшуде. Осылайша, ғасырлар тоғысында дүние

этносаралық қатынастар шиеленісінің өткір кезеңін бастан кешіп отыр.

XXI ғасырдың басты проблемаларының бірі – адамзаттың ұлтаралық келісімнің әмбебап формуласын талдап жасамағанында болып отыр. Бұл проблеманың орасан зор қиратушылық әлеуеті бар, ол бейбітшілікке төнген көптеген жаһандық қатерлер мен сынақтардың негізінде жатыр» деді Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Халқы Ассамблеясының 10 жылдығында сөйлеген сөзінде. Сондықтан, Қазақстандағы ұлт аралық келісімге қол жеткізудің басты себебі, бұл – экономикалық өсімде, халықтың тұрмысының айтарлықтай түзелуінде.

Бірақ соған қарамастан, біраз шешімін күтіп тұрған мәселелердің де бары жасырын емес, «орыс мәселесі» уақыт аралап саяси өмірдің тақырыбына айналуға. Оны үнемі саяси қозғалыстар мен ұйымдар өкілдері бұқаралық ақпарат құралдарында қолдан ұйымдастыруда. Қазақстандағы кейбір ұлттық диаспора өкілдерінің білім алуға деген құштарлықтары мүлдем төмендеп кеткен, 1999 жылы елде жүрген соңғы санақ бойынша бір сыпыра диаспора өкілдерінің 2-3 % ғана жоғары білім алуға құлық танытқан. Ал басқа ұлт өкілдерінің білім алудан бас тартулары мен талпынбаулары республикадағы жұмыссыздық пен қылмыстың өсуіне әкеп соғуда. Осы мәселені оңтайлы шешу мақсатында республикада мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың өкілдерінің білім мен мамандық алуларына мүмкіндік беретін бір жоғарғы оқу орнын ашу жоғарыда аталған қордаланған мәселелерді шешіп қана қоймай, жас ұрпақты отан сүйгіштік бағытта тәрбиелеуге мүмкіндік берер еді.

Оппозиция өкілдері елдегі ұлттық және ұлтаралық мәселелер бойынша тұшымды ұсыныстар айтудың орнына, республика этностарының күрделі мәселелерін шешуде биліктің жіберген кейбір кемшіліктерін шұғыл түрде көпшіліктің көңілін өздеріне тарту мақсатында жариялаудан жалығар емес. Саяси партиялардың билік үшін күресуде ұлттық қозғалыстарды, мәдени орталықтарды пайдалану, оларды саясиландыру қарқынға айналуға.

Ұлтаралық келісімді сақтаудағы маңызды сұрақтардың бірі, бұл кадр мәселесі. Соңғы кездердегі, соның ішінде 2006 жылғы Атырау мен Ақтаудағы оқиғалар – ашық түрде топшылдыққа бөлінудің айқын көрінісі. Сырттан келген басшылар мен олардың командаларына жергілікті халықтың наразылық білдірулері, мемлекеттік кадр саясатына түзетулер енгізуді қажет етуде. Кадр саясатындағы ұлтаралық қайшылықтарды жоюды, бірінші кезекте, этникалық топтар тығыз орналасқан аудандардан бастаған жөн (жергілікті мәслихат, әкімшілік, муниципалитет, әлеуметтік сала өкілдері ретінде). Мемлекеттік тілді меңгерген этникалық топ өкілдерін мемлекеттік қызмет жүйесінде басшы қызметтерге тағайындау тәжірибесін кеңінен қолдануымыз қажет.

Қазақстанды мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстарға тең жағдай жасалынған. Мемлекеттің ігілігін бәрі бір кісідей тең пайдалануда. Билік ұлтаралық келісімді сақтап, дамытуда және қазақылық кеңшілікті танытуда аянған емес. Сондықтан Қазақстанда келісім мен ұлтаралық татулықты қазақ ұлтының есебінен, мүддесін шектеу арқылы қалыптастыруға еш бір болмайды, керісінше барлығы қазақтардың төңерегінде топта-

сып, өз тілдері мен салт-дәстүрін қазақтың төл мәдениетімен ұштастыра отырып дамытулары тиіс, «ал кейбір маргиналдар қазақтың кеңпейілдігі мен қонақжайлылығын әлсіздік пен жалтандықпен шатастырып түсінуде». Осындайда жазушы, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері Дулат Исабековтың: «... ортақ (қазақстандық) ұлт қалыптастыру мүмкін емес, өйткені Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың қазақ

жерімен шынайы байланыстары жоқ, ол олардың уақытша мекен ететін территориялары, кез-келген жағдайда олар өздерінің тарихи Отандарына қайтып кетуі ғажап емес» - деген сөзі еске түседі [4]. Сондықтан ұлтаралық келісімнің қандайда бір үлгісі, бастамасы немесе реформалары болмасын бірінші кезекте жергілікті ұлттың яғни қазақтың ұлттық ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.akorda.kz/>
2. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. – Алматы: «Әдельвейс». 104 б.
3. Казахстанская модель этнополитики. – Алматы: КИСИ при Президенте РК. -2002 г. –С.67.
4. Козыбаев И.М. Некоторые аспекты гармонизации межэтнических отношений в Казахстане // Казахстанская модель межэтнического согласия: проблемы и перспективы: Сб. мат. науч.-практ. конф. — Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2007.

Статья: «Общественное согласие и стабильность – основа развития страны»

Автор: **Нурлан Сейдин** – ведущий научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук

Президент РК Н. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» в двадцать пятом направлении акцентировал внимание на повышении роли Ассамблеи народа Казахстана в целях дальнейшего укрепления общественного согласия и стабильности.

Дальнейшее укрепление общественного согласия, по сути, является основой для обеспечения динамичного развития страны и успешного решения той сверхзадачи, которую мы перед собой поставили. По сути, Послание Главы государства является «идеологией» процветания Казахстана, которая образует систему стимулов, направленную в первую очередь на формирование условий для опережающего роста по всем параметрам развития. Тем самым концепция международной конкурентоспособности Казахстана нацелена на придание дополнительного стимула в процессе стремительного вхождения нашей страны в мировое высокотехнологичное пространство.

Таким образом, вхождение республики в число 50-ти наиболее конкурентоспособных государств мира способствует реализации стратегических целей и задач, в частности обеспечению общественной стабильности, духовного развития и экономического процветания, а также проведению системной модернизации Казахстана.

“Public consent and stability are basis of development of the country”

Nurlan Seydin – senior research fellow of KazISS under the President of RK, candidate in history

President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in his Address to people “New Kazakhstan in the new world” underlined increase the role of the Assembly of People of Kazakhstan for the further strengthening the public consent and stability.

In essence, further strengthening of the public consent is a basis for maintenance of dynamic development of the country and successful solving the ultimate priority, which we have set ourselves. In essence, Address of the Head of the state is an “ideology” of prosperity of Kazakhstan, which forms a system of stimuli, directed primarily at formation of conditions for advanced growth in terms of all aspects of development. Thus, the concept of the international competitiveness of Kazakhstan is aimed at providing additional impulse for headlong breakthrough of our country into a high-tech world.

Therefore joining by the Republic the most competitive states of the world contributes to implementation of strategic aims and objectives, in particular, provision of public stability, spiritual development and economic prosperity as well as conduct of systemic modernization of Kazakhstan.

Қытайға қатысты Еуропалық Одақтың стратегиясы

Ғалия МОВКЕБАЕВА,

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар және Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Ғаламдану, интеграция және регионализация үрдістерінің нығаюы жағдайында Еуропалық Одақтың мүдделеріне сыртқы экономикалық және сыртқы саяси серіктестер тобының диверсификациясы, сонымен қатар олармен ынтымақтастығының формалары жауап береді.

Тақырыптың өзектілігі Еуропалық Одақтың Қытаймен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін кеңенді оқудың қажеттілігімен анықталады. Мақалада Еуропалық Одақтың Қытайға қатысты сыртқы саяси стратегиясының тарихи аспектілерін, қатынастар дамуының жаңа динамикасын талдау және Еуропалық Одақтың Қытаймен өзара іс-қимылының форматы мен үлгісін анықтайтын факторларды айқындау, сонымен бірге Еуропалық Одақ пен Қытай арасындағы өзара қарым-қатынастардың негізгі проблемаларын зерттеуге қадамдар жасалынған. Қытайға қатысты гомогенді актор ретінде Еуропалық Одақ қаншалықты деңгейде әрекет етуде және Қытайда өзінің мүдделерін өткізуде Еуропалық Одақтың саяси ықпалы қаншалықты мөлшерде таралмақ?

Бүгінгі Еуропалық Одақ өзінің төл валютасы бар және маңызды технологияларда әлемдік көшбасшы болып табылатын әлемдегі ең үлкен нарықты құрайды. Еуропалық Одақ қазіргі кезеңнің өзекті мәселелері – қауіпсіздік, ғаламдану, лаңкестікпен күрес, жысырын көші-қон, қоршаған ортаны қорғау, энергетикалық саясат, дамушы елдерге көмек көрсету және т.б. проблемалар бойынша маңызды шешімдер қабылдауда орталық рөл атқарады.

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығында экономикалық көрсеткіштер бойынша әлемде 4-ші және экспорттауда 3-ші орынға ие Қытай держава ретінде әлемдік саясаттың ғаламдық акторының бірі болуға және саяси мығымдылыққа ұмтылуда. Өзінің саяси және экономикалық потенциалына сәйкес лайықты орын алуға талпыну Қытай саясатының негізгі қағидасына айналууда. Әрине, бұл өзгерістер ғаламдық саясат пен саудаға терең ықпал етпек және етеді де. Соңғы жылдардағы Қытайдың сыртқы саясаты біршама өзгерістерге ұшырады. Оның ішінде: халықаралық институттар мен көп жақты форумдарды кең қолдануымен, сондай-ақ мәлім болған «Барынша сенім, барынша ынтымақтастық» саясатымен байланысты көршілеріне қатысты күштеу саясатының өзгеруін (Тайваньды қоспағанда) айтуға болады.

XX-XXI ғғ. тоғысында Еуропалық Одақ басқа елдермен, оның ішінде Қытаймен бірлесе отырып стратегиялық тұрақтылықты күшейту, жаңа қауіптерге ұтымды жауап беру және жаңа қауіптерге қарсы тұра білу, жаңа қатынастарды қалыптастыру мен түрлі бағыттар бойынша ынтымақтастықты кеңейту міндеттерін шешуде. Бұдан өзге екі жақты қарым-қатынастардың жақсаруына Еуропалық Одақ пен Қытайдың антитеррористік коалиция шеңберіндегі ынтымақтастығы,

халықаралық лаңкестік және экстремизм қауіптерінен әлемді қорғауға бірлесе ұмтылуы ықпалдастық етті. Бұл келіссөздер барысында шын мәніндегі келіссөз үрдісінің жаңа үлгісі қалыптаса бастады. Бұл үлгі тек белгіленген мерзімдегі нақты міндеттерді шешуге бағытталды. Қытай мен Еуропалық Одақ арасында айтарлықтай қарама-қайшылық немесе келіспеушілік жоқ. Керісінше, олардың барлық салаларда одан әрі жақындаса түсу мүмкіндігі бар. Өсе түсуші АҚШ үстемдігіне қарсы күш және көп полярлы әлемнің негізгі ретінде «Қытай – ЕО» саяси одағы мүмкін. Пекинде Қытай мен Еуропалық Одақтың мақсаттары мен міндеттерінің ұқсастығы, сонымен қатар олардың экономикасының «өзара толықтырылуы» [1] туралы атап көрсетілуде. Алайда, экономикалық байланыстардың көлемімен салыстырғанда ҚХР мен ЕО арасындағы саяси байланыстардың «әлсіздігі» назарға ілігуде, сондықтан «өзара сенім, теңдік, халықаралық істерде өзара тәуелділік пен бір-бірінің мүдделерін есепке алу және құрметтеуге» негізделген стратегиялық серіктестік қатынастарды дамыту [2].

Мақалада 2005 жылғы Қытайдың сыртқы саяси белсенділігіне қорытынды жасай отырып, Қытай көптеген халықаралық мәселелер бойынша Пекин мен Еуропалық Одақ ұстанымдарының сәйкес келуін, бірақ Еуроодақ Қытайға әскери керек-жаракты жеткізуге салған эмбаргосын алып тастауға асықпайды деп атап көрсетіледі. Бұл ҚХР-дың Еуропалық Одақпен алдағы ынтымақтастығы жолындағы негізгі кедергілердің бірі деп Пекин тарапынан бағалануда [3].

1975 жылдың 6 мамырынан Қытай мен Еуропалық экономикалық қауымдастық арасында ресми қатынастар орнатылды, кең салаларда және түрлі деңгейде барлық бағыттарда ынтымақтастықты қалыптастырды. 1985 жылы сауда және кооперация туралы алғашқы екі жақты келісімге қол қойылғаннан кейін, ЕО мен ҚХР арасындағы экономикалық байланыстар тезірек беки түсті.

ЕО - ҚХР кең саяси диалогы Қытайдың Еуропалық Одақты халықаралық сахнадағы салмақты күш ретінде тануы арқылы 1994 жылы қаланды. Саяси диалог түрлі деңгейлерде үнемі өтетін кездесулер арқылы, оның ішінде Үкімет басшылары деңгейінде жыл сайын өткізілетін ЕО - ҚХР саммиті арқылы жүзеге асуда. 1998 жылы қаңтарда Еуропалық Одақ Азия және Еуропа елдері көшбасшыларының екінші мәжілісі барысында Еуропалық Одақ Қытай мен ЕО басшыларының кездесуін өткізуге бастамашы болды, сонымен қатар тұрақты кездесу өткізудің механизмін жасау туралы ұсыныс жасады. Еуро-азиаттық форум шеңберінде қазіргі кезеңнің маңызды - БҰҰ реформасы, ядролық қарусыздану және қару-жаракты бақылау, жасырын көші-қон, адам құқығы, қоршаған ортаны қорғау, корей мәселесінің шешімін бірлесіп іздеу және Оңтүстік-Шығыс Азияда қауіпсіздік жүйесін құру мәселелері талқыланды.

Осы жылдың наурыз айында Еуропалық комиссияның 5 бөлімнен тұратын «Қытаймен жан-жақты серіктестік үшін» деп аталатын мәлімдемесі жарияланды. Әр бөлімнің соңында комиссия Қытайға қатысты еуропалық саясатты интенсификациялайтын жаңа бастамалар жасап отырды. Бұл саясаттың негізгі мақсаты:

- Халықаралық қауымдастыққа Қытайды кеңінен тарту
- Ашық және құқықтық қоғамға Қытайды трансформациялау
- Қытайды әлемдік экономикаға интеграциялау
- Еуроодақтың Қытайдағы қаржылық міндеттерінің күшеюі

• Қытайдағы ЕО транспаренттігінің жақсаруы [4].

1998 жылдың 2 сәуірінде ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің премьері Чжу Жунци, Ұлыбританияның премьер-министрі, сол кездері ЕО төрағасы Тони Блэр және Лондондағы Еуроодақ Комиссиясының төрағасы Жак Сантер конструктивті серіктестік орнатуға бағытталған Біріккен мәлімдеге қол қоюмен аяқталған Қытай мен Еуропалық Одақ басшыларының алғашқы жаңа кездесуін өткізді. Бұл кездесу жыл сайын өткізілетін кездесулердің бастамасы болды.

Еуроодақтың Қытайға қатысты ағымдағы стратегиясы 2001 ж. 15 мамырда қабылданған Еуропалық Одақтың Қытайға қатысты стратегиясына және 2003 жылы 13 қазандағы қытай-еуропалық қатынастарындағы серіктестікті тереңдету Стратегиясына негізделді. 2001 жылы жан-жақты серіктестік қатынасын орнатуды шешті, 2003 жылы қазанында Қытай мен ЕО басшыларының алтыншы кездесуінің нәтижесінде жан-жақты стратегиялық серіктестік байланыстарын дамыту туралы келісті және Қытай үкіметі алғаш рет Еуропалық Одаққа қатысты Қытай саясатының қағидалары туралы құжатын жариялады. Құжатта алдағы 5 жылға арналған Қытай мен ЕО қатынастарындағы басым болып табылатын мақсаттар мен іс-шаралар көрсетілген. Қытайдың сыртқы саудасында АҚШ-тың басымдылығын басу үшін Пекиннің Еуроодақпен ынтымақтастықты күшейтуге деген ұмтылысы айқын көрінеді. Саясат, экономика мәселелерімен қатар әскери, мәдени және білім беру салалары да қозғалды. Құжатта Қытай мен Еуропалық Одақ арасында принципалды қақтығыстар жоқ екендігі және бір-біріне қауіп төндірмейтіндігі назар аудартады [5].

Құжатта «қару-жарақты және әскери технологияны өндіру саласындағы екі жақты ынтымақтастықты кеңейту мақсатында» 1989 жылы салынған әскери эмбаргоны тез арада жою, сонымен қатар Еуропалық Одақ тарапынан өз мүше-мемлекеттері үшін Тайваньмен саяси және әскери байланыстарға тыйым салу талаптары қойылды. Тибетке қатысты да осы сипаттағы, яғни Еуропалық Одақ Тибет үкіметімен кез-келген байланыстан бас тартуы туралы талаптарды мәлімдеді [6].

2005 жылы Қытай және ЕО жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастарды кеңейту және күшейту үшін бірқатар шаралар қабылдады. Осы бағытта жоғары дәрежедегі өзара сапарлар жиіледі, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-ағартушылық және сот-құқықтық салалардағы ынтымақтастық кеңейді. 2005 жылдың қазан және желтоқсан айларында ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао мен ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің премьері Вэнь Цзябао Еуропаға барып қайтты. 2005 жылдың шілдесінде Еуроодақ Комиссиясының Төрағасы Ж.М.Баррозу Қытайға сапармен келді. Ж.М.Баррозу соңғы жылдары Еуропалық Одақ пен Қытай арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастар дамуының айқын көрінісі болып табылатын ынтымақтастықтың түрлі салаларында көптеген жаңа жетістіктерге қол жеткендігін атап өтті және Еуропалық Одақ энергетика, ауа-райының өзгеруі, ғылым мен техника, азаматтық авиация мен ғарыш саласында ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендіктерін білдірді [7].

2006 жылдың 6 маусымында Қытай мен Еуроодақ арасындағы стратегиялық диалогтың екінші раунды болды.

Тараптар өзара қызығушылық тудыратын: Қытай-Еуропа қатынастары, Шығыс Азия, экономика, энергетика және басқа халықаралық, аймақтық проблемалар жөнінде пікір алмасты. 2006 жылы 9 қыркүйекте Хельсинкиде ҚХР Мемкеңесінің премьері Вэнь Цзябао, ЕО төрағалық етуші Финляндияның премьер-министрі Матти Ванханен және ЕО Комиссиясының төрағасы Жозе Мануэла Баррозу қатысқан Қытай және ЕО тоғызыншы кездесуінде Қытай-Еуропа қатынастарын дамыту мен одан әрі нығайту және жан-жақты стратегиялық серіктестік бойынша терең пікірлермен алмасты.

2007 жылы 28 мамырда Гамбургте «Азия – Еуропа» форумы шеңберінде сыртқы істер министрлері деңгейіндегі конференция ашылды. Бұл күні ҚХР сыртқы істер министрі Ян Цзечи өзінің ЕО әріптестері – Германияның сыртқы істер министрі ЕО төрағалық етуші Франк-Вальтер Штайнмайер, ЕО сыртқы істер комиссары Бенита Ферреро-Вальднер, Еуроодақтың сыртқы саясат пен жалпы қауіпсіздік мәселелері бойынша жоғары өкілі Хавьер Соланомен келіссөздер жүргізді. Келіссөздер барысында Ян Цзечи ЕО жоғары өкілдерімен қытай-еуропа қатынастары және басқа маңызды халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты. Оның ішінде олар энергетикалық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, Корея жарты аралы мен Иранның ядролық мәселесін, сонымен қатар Таяу және Орта Шығыс, оның ішінде Ауғанстандағы жағдайларды талқылады. Осыған қатысты Ян Цзечи: «Қытай мен Еуропалық Одақ арасында жоғары деңгейдегі сапарлар, саяси диалог үнемі өткізілуде, өзінің жемісін беруде, іс жүзіндегі ынтымақтастық үнемі кеңеюде және тереңдеуде», - деп мәлімдеді [8].

Негізінен жайлы саяси қатынастар екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастығының жылдам дамуын ынталандырады. Соңғы жылдары Қытай мен Еуроодақ арасындағы тауар алмасудың көлемі өсті. Егер 2003 жылы бұл көрсеткіш алғаш рет 100 млрд.долларға өссе, және 125,22 млрд.долларға жетті, ал 2005 жылы ол 200 млрд.долл. өсті және 217,3 млрд. долларға жетті. 2006 жылдың қорытындысы бойынша Қытай Еуроодаққа тауар шығаруда АҚШ-ты ығыстыра отырып ең ірі экспортерға айналды. Қытайдан ЕО экспорт 21% – 191,5 млрд.евроға өсті [9].

Еуропалық Одақ Қытай үшін Жапония мен АҚШ-тан кейінгі үшінші сауда серіктесі және қытай тауарлары үшін екінші ірі нарық болып табылады. Еуропалық Одақ ҚХР экономикасына капитал салудың көлемі бойынша бірінші орында және еуропалық инвестицияның жалпы көлемі шамамен 35 млрд.кұрайды.

Бұнымен қатар Еуропалық Одақ Қытайға технология мен құрал-жабдықтарды экспорттау көлемі бойынша бірінші орын алады. 2005 жылдың қантар-тамыз айлары аралығында Қытай Еуроодақтан жалпы суммасы 4,89 млрд.долларды құрайтын технологияның 1615 түрін алды [10]. Ғылым мен техника, білім, қаржы және әлеуметтік қамсыздандыру салаларында екі жақты ынтымақтастық жемісті дамуда. Еуропалық Одақ ҚХР-дан сауда режимін либерализациялауды талап етуде және қытай нарығына ену үшін бар кедергілерді жоюға, сонымен қатар интеллектуалдық меншік құқығын бұзушылармен белсенді күрес жүргізуге біршама күшін жұмсауда.

Сонымен бірге «Қытай – ЕО» экономикалық қарым-қатынастарында белгілі бір қиындықтар бар. Мата, киім-кешек және аяқ-киім сияқты қытайлық импортты квоталау мәселесінде Еуроодақтың ұстанымы тұрақты емес. Квота бірде енгізіледі, бірде алынып тасталады және мұндай сауданың белгісіздік жағдайы екі жақты экономикалық байланыстарды жақсартуға кері әсерін тигізеді. Қытайлық экспорт тауарларына қатысты антидемпингтік шаралар тәжірибесі Еуропалық Одақ тарапынан жалғасуда, Қытай Әлемдік сауда ұйымына енгеннен кейін Еуроодақпен сауда қатынастарын реттеу ережесінде екіжақтылықты, сондай-ақ еуропалық өндірісшілер үшін қытай нарығына енуде қосымша талаптардың қойылуын байқауға болады.

Жалпы алғанда Еуроодақ қытайлық экономикалық бағытты қолдайды. Қазірде Еуропалық Одақ Қытайды әлемдік сауда және қаржылық жүйесіне интеграциялауға бағытталған екі жақты ынтымақтастықтың түрлі бастамаларын көтеруде. Тараптар аурудың жаңа түрлерінің алдын алу мен бақылау, энергетика және климаттың өзгеруі сияқты ғаламдық мәселелерде алмасу мен ынтымақтастықты белсендіруде.

Дегенменде, екі жақты саяси қатынастарда әлдеқайда жакынырақ ынтымақтасуға кедергі келтіретін факторлар бар:

Біріншіден, ЕО – ҚХР саяси ынтымақтастығының басты тақырыбы болып табылатын Қытайда адам құқығын сақтау мәселесі. Алдағы уақытта аз мерзім көлемінде Қытайда адам құқығын сақтау мәселесіне қатысты ҚХР-мен саяси диалогты кеңейтуге Еуропалық Одақ жаңа күшін жұмсайды деп күтілуде.

Екіншіден, бұл Тайвань мәселесі. Еуропалық Одақ және оның мүше-мемлекеттері тайвань қақтығысына байыппен назар салу керек.

Үшіншіден, ЕО-ның Ұлыбритания, Германия және Франция сияқты ірі елдермен ынтымақтастығы – ЕО ұлтүсті институттарымен ынтымақтастығына қарағанда Қытайдың сыртқы саясатының еуропалық векторы бойынша әлдеқайда басым болып табылады. Өйткені қытай тақырыбына қатысты Еуропалық Одаққа мүше-мемлекеттердің түрлі ұстанымда екенін де ұмытпаған жөн.

Төртіншіден, Қытайға қару-жарак пен әскери техниканы жеткізуде әлі де эмбаргоның сақталынуы. 2003 жылы 18 желтоқсанда Еуропалық парламент адам құқығы және қауіпсіздік мәселелерін ескере отырып эмбаргоның (373 дауыс - «жақтап», 32 - «қарсы», 29 - қалыс қалды) сақталуын жақтап дауыс берді [11].

Бірақ, шешімдер қабылдау барысында Қытайға қатысты ғаламдық көзқарастан қысқа мерзімдік экономикалық мүдделер басым түсіп кетеді. Қытайға қатысты Еуропалық Одақтың бүгінгі таңдағы сыртқы саяси стратегиясы «сауданың үшін өзгеріс» тұжырымдамасымен түсіндіріледі. Еуропалық Одақ Қытайдың ірі сауда серіктесі болып үлгергендіктен, енді ол бұрын қолында болмаған сыртқы саяси маневр үшін кеңістігі бар. Ашылған мүмкіндікті пайдалану үшін Еуроодаққа мүше-мемлекеттер шынайы

ортақ сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясатын жүргізуі керек. Бұл ынтымақтастық тараптар мүддесіне қызмет етуі қажет, сонымен қатар Еуропалық Одақтың қағидалары мен құндылықтарының бейнесі болуы керек.

Көп жақты ынтымақтастық, ең алдымен БҰҰ шеңберінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауда Еуропалық Одақ пен Қытайдың халықаралық және аймақтық ынтымақтастығын белсендіру қажет. Халықаралық жүйенің маңызды ойыншылары ретінде Еуропалық Одақ пен Қытай пайда болған дағдарыстарды шешу, лаңкестікпен күресте, ядролық қаруды таратпау сияқты басқа да пайда болған қауіптерді көп жақты шешім табу үшін Таяу Шығыс, Африка және Шығыс Азияда конструктивті диалог жүргізуге ықпалдастық етуі керек және ете алады да.

Күшті де тұрақты Қытай мүддесі үшін ЕО негізгі құқықтар мен бостандықтарды құрметтейтін, азшылықты қорғайтын және заң үстемдігіне кепілдік беретін саяси және экономикалық реформаларды қолдауын жалғастыру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://russia.mofcom.gov.cn/aarticle/statistic/ie/200603/20060301613896.html>.
2. http://emigration.russie.ru/news/3/2296_1.html.
3. Лузянин С., Сафронова Е., Свешников А. Некоторые итоги внешнеполитической активности КНР в 2005 году // Проблемы Дальнего Востока.- 2006.- № 3.- С.60.
4. <http://eu.int.org>
5. <http://xinhua.ch>
6. ibidem
7. <http://eu.int.org>
8. <http://xinhua.ch>
9. <http://eu.int.org>
10. ibidem
11. ibidem

Статья: «Стратегия Европейского Союза в отношении Китая»

Автор: Галия Мовкебаева – доцент кафедры международных отношений и внешней политики Республики Казахстан КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

Статья посвящена анализу стратегии Европейского Союза в отношении Китая. В ней рассматриваются механизмы и перспективы сотрудничества, определены приоритеты будущих отношений Европейского Союза с Китайской Народной Республикой. Среди них – содействие большей открытости и плюрализации китайского общества, создание условия для стабильного развития, энергетическое сотрудничество, совместное решение проблем климатических изменений и миграции, взаимодействие по вопросам безопасности. Китай является одной из сильнейших экономик планеты. Он занимает третье место в мире по объемам экспорта. С 2003 г. сотрудничество между ЕС и Китаем развивается в рамках стратегического партнерства.

“European Union strategy towards China”

Galiya Movkebayeva – senior lecturer of international relations and foreign policy department of the Republic of Kazakhstan of KazNU named after Al-Farabi, candidate in history

The article is dedicated to the analysis of the European Union strategy towards China where mechanisms and prospects of cooperation are being examined. Priorities of future relations between the European Union and the Peoples' Republic of China are defined in this article. Among these priorities are assistance of a greater openness and pluralization of Chinese society; creation of condition for stable development; energy cooperation; joint solving the problems of climatic changes and migrations; interaction concerning security. China has one of the strongest economies of the planet. In terms of export, China takes the third place in the world. Since 2003, cooperation between the EU and China develops within the framework of strategic partnership.

Өркениетті БАҚ – демократияның басты кепілі

Толқын ӘУЕЛҒАЗИНА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті,
саяси ғылымдарының кандидаты

Казақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан конституциялық өзгерістер еліміз өмірінде дер кезінде қолға алынған үдерістер екендігі даусыз мәселе. Осы орайда мемлекеттік құрылымның саяси-экономикалық және әлеуметтік жүйесін реформалаудың қажеттігі белгілі. Яғни, республикамыздың тәуелсіздігін нығайту, халықтың әл-ауқатын жақсарту түсетін экономиканы ырықтандыруға негіз қалаған саяси реформаларды жүргізу, Қазақстанның алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылуы тәрізді іргелі мақсат-міндеттер барлық қоғам мүшелерінен жоғары жауапкершілікті талап ететіні анық. Соған байланысты қоғамдық пікірді қалыптастыру арқылы азаматтардың саяси сана-сезімі мен саяси белсенділігін көтерудің маңызы аса зор. Бұл ретте БАҚ – азаматтардың бойына өркениет құндылықтарын негіздеу мен оларды мемлекеттік құрылымдағы саяси жаңаруларды өмірге енгізуге жұмылдыруда аса маңызды ақпараттық қызметті жүзеге асыратын демократиялық институттың бірі. Іс жүзінде «БАҚ өте қысқа уақыт аралығында барынша көп адамдарға ықпал жасауға қабілетті... БАҚ - әлеуметтенудің тандаулы әрі ең төте жолы; дамушы елдердің көптеген зерттеушілері мен лидерлері оны саяси модернизацияның шешуші факторы деп санайды» [1].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алып, егемен ел ретінде өзін танытуы БАҚ-та түбірлі өзгерістердің өрістеуіне жол ашқаны белгілі. Осы кезеңде бұрын КСРО-дағы бірлестірілген БАҚ-тың құрамында болып келген Қазақстанның алдында БАҚ саласындағы мемлекеттік саясатты орнықтыру, ескірген техникалық құралдарды жаңалау, осы салада ТМД және алыс шетел мемлекеттерімен қарым-қатынасты жолға қою, аймақтық агенттіктердің бөлімдер жүйесін құру, сондай-ақ, БАҚ-тың жаңа сапалы заңын шығару және құқықтық негізін жасау міндеттері тұрды. Осыған орай ең алдымен БАҚ-тың басқару жүйесіне құрылымдық-ұйымдастырушылық өзгерістер енгізілді. Басында Министрлер Кабинетінің құрамында болған Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі таратылып, 1995 ж. Қазақстан Республикасының жанындағы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісінің Ұлттық агенттігі болып құрылды. Ал, 1997 ж. қазанда аталған агенттіктің негізінде Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ұйымдастырылды. Бұдан кейін 1999 ж. қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі негізделді, бүгінде бұл құрылым Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі сипатында өз жұмысын жүргізуде. Сонымен бірге 1991 жылы 28 маусымда «Баспасөз

және басқа БАҚ туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы мемлекеттік құрылымның мүлдем жаңа жүйесі орнығуы жағдайында бұқаралық ақпарат құралдарын демократияландырудың алғышарты болып табылады. Осылайша, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолындағы Қазақстан Республикасы ақпараттық саясатты жүргізуде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен БАҚ туралы заңның негізгі ұстанымдары мен ережелеріне сүйенеді. 1995 ж. 30 тамызда қабылданған еліміздің Ата Заңы сөз бен бұқаралық ақпарат еркіндігіне кепілдік береді. Яғни, Қазақстан Республикасының Конституциясының 20-бабы бойынша: «1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. 3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» [2, 106].

Сондай-ақ, еліміздің Негізгі Заңының 18-бабының 3-тармағында: «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті», - делінген [2, 9-10 бб].

Осылайша, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуімен пайда болған әр түрлі бағыт-бағдарды ұстанатын бұқаралық ақпарат құралдары біздің күнделікті өміріміздің аса қажетті құралына айналды. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдарының еліміздің тәуелсіздігін нығайту мақсатында мемлекеттік құрылымның барлық мүшелерін бірлесу мен тыныштыққа, ынтымақтастық пен өзара келісімге шақырудағы рөлі зор. Соған орай БАҚ арқылы республика халқын топтастыратын «Біздің күшіміз – бірлікте», «Қазақстанды мекендейтін ұлт өкілдерінің теңдігі мен ынтымағы үшін», «Қазақстан территориясының біртұтастығы мен мызғымастығы», «Қазақстандағы тілдер мен мәдениеттердің еркін даму мүмкіндігі» бағытындағы іс-шараларды насихаттап, жүзеге асыру маңызды.

Сайып келгенде, БАҚ мемлекеттік мәні зор мәселелерді жан-жақты көтеріп, демократиялық құндылықтарды негіздеуге, саяси өзгерістерді жүзеге асыруға, қоғамдық-саяси пікірді қалыптастыруға зор үлесін қосатын қуатты факторлардың бірі. Өз кезегінде елімізде азаматтық қоғам мен құқықтық

мемлекеттің негіздері мен демократиялық қалыптарды орнықтыруда, қоғам мүшелерінің саяси білім деңгейі мен көзқарастарының жетілуі мен саяси белсенділігінің жоғарылауында бұқаралық ақпарат құралдарының және билік пен басқару институттарының өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыруды жолға қою ісі мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірінен саналады. Сол сияқты «БАҚ-тың үйлесімді дамуына жәрдемдесу» [3] де билік пен басқару мекемелерін қамтитын мемлекеттік құрылымның іргелі мұратының бірі екендігі анық. Сөйтіп, бүгінгі күні мемлекеттік құрылымда саяси демократия үрдістерін нысанаға алған БАҚ-тың орны мен маңызы орасан.

Сонымен қатар сайлау компанияларын ұйымдастыруда, депутаттыққа кандидаттарды ұсынып, олардың бағдарламаларын насихаттауда, саяси қозғалыстар мен партиялардың белсенділерін халық бұқарасына танытуда БАҚ арқылы саяси жарнамалар жасаудың рөлі зор. Саясаттанушы ғалым Ш.А. Құрманбаева ұйғарым жасағандай: «Нарықтық үлгі бойынша үміткер немесе сайлау бірлестігі тауар ретінде қарастырылады; науқанды ұйымдастырушылар мен кеңесшілер сатып алушы - сайлаушыларға тауарды тиімді сату үшін жарнама мен насихаттың түрлі әдістерін қолданады» [4]. Қазақстан қоғамында соңғы кездері саяси жарнаманың қолданылуының дәстүрлі плакаттар, транспаранттар шығару тәрізді түрлерімен қатар, қала көшелері мен ондағы бағандарда, жүргізушілер көліктерінде үміткерлердің портреттерін, олардың ірі әріптермен жазылған бағдарламаларының тезистерін жариялау, сондай-ақ, күн сайын пошта жәшіктерінде олар жайлы листовкалар тарату тәрізді сан алуан әдістері қолданысқа түсуде. Осыған орай сайлау науқаны кезінде отандық саяси партиялар ұрандарды көтеріп, халық арасында өздерін жарнама жасаумен де айналысады. Мәселен, «Отан» республикалық саяси партиясы – «Атқарылған іс аз емес, бірге жалғастырайық!», «Ел үшін дауыс бер!», Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы «Жаксы өмір баршаға бүгін қажет!», «Барлығы уәде береді, ал біз жасаймыз», «Мұнайдан түскен қаражат - әр адамға!», «Билік халықтан ұлы емес – Халық биліктің құлы емес!», Қазақстанның Аграрлық және Азаматтық партияларының «АИСТ» сайлау блогы – «Бакыт құсы – бар шаңыраққа», «Менің қалауым – АИСТ – Бакыт құсы», «Асар» республикалық саяси партиясы – «Асарға» дауыс бергеніңіз - Өзіңізге дауыс бергеніңіз!», «Елге тілек, жұртқа ниет», «Біргеміз! Берік іргеміз!», Коммунистер мен ҚДТ оппозициялық халықтық блогы – «Шындық пен әділдік үшін» деген ұрандармен бұқара халық арасында өз бағыттары мен ұстанымдарын насихаттаумен шұғылданады. Өйткені әрбір саяси партияның азаматтарды қоғамдық-саяси дамудың барысы мен оны дамыту турасындағы өз пайымдауларымен хабардар етуді көздейтіні анық. Осы тұрғыдан алғанда «сайлауға (бұл 2004 ж. Президент сайлауы жайында – Т. Ә.) қатысушы барлық партиялар түрлі акциялар, митингілер, пикеттер ұйымдастыруға, мәлімдемелерге ерекше назар аударды. Мәселен, «Отан» жастарды сайлауға шақыру ниетімен «Сенің бірінші сайлауың», антитеррористік «Терроризмге жол жоқ!» акцияларын ұйымдастырып, Республикалық «Отан» автошеруі» жобасының үшінші туры өткізді, «Отан» мерейтойлық поезы Қазақстанның барлық аймағын аралады. «АИСТ» сайлау блогы «Ақ бата», «Күштілерге – жұмыс, әлсіздерге қамқорлық» ұранымен түрлі акциялар, «Қазкоммерцбанктың» Алматы филиалының алдында сайлау алды митингілерін өткізді... Науқан барысында барлық партиялар күн сайын баспасөз конференцияларын өткізіп отыруға мән бергендерін айта кеткен жөн [5]. Осылайша қоғамдық-са-

яси құрылымда жеке тұлғалардың бейнесін қалыптастыруда, сайлаушылардың мінез-құлқын зерттеуде, сөйтіп, осы орайда түрлі бағдарламалар мен әдіс-тәсілдерді қолдануда да саяси жарнамалардың мүмкіншілігі ерекше.

Қазіргі ақпараттар ағымы заманында бұқаралық ақпарат құралдары мемлекет өмірінде шешуші рөл атқарады. Қоғамдық-саяси құрылымда «ақпарат қоғамның маңызды әлеуметтік құралы, биліктің негізгі құралы. Ақпарат – бұл бұқаралық қоғамның өнімі мен нәтижесі. Ақпарат – бұқараның интеллектуалдық азығы» [6]. Олар азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын білуіне, өз мұрат-мүдделерін қорғауына, күнделікті болып жатқан оқиғалар турасындағы ой-пікірлерін қалыптастыруына мүмкіндік беретін маңызды институттардың бірі болып табылады.

Біздің заманымызда бүкіл адамзат қауымының әлемдік ақпараттық кеңістікті қалыптастыру кезеңіне өтуі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың республикамыздың да осы маңызды іс-шараға қосылу қажеттігі жайындағы 2000 ж. 27 наурыздағы Жарлығының қабылдануына негіз болып табылады. Осыған орай бүгінгі таңда Қазақстан мемлекетінде демократиялық ақпараттық кеңістікті қалыптастыру ісі жүзеге асырылуда. Бұл ретте әлемдік ақпарат алмасудың көрнекті үлгісі ретінде Алматы қаласында өткізіліп жүрген Еуразиялық Медиа Форумның тәжірибесі де зор маңызға ие. Бұл ұйым бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін көтерумен, қазіргі кездегі БАҚ-тың өзекті мәселелерін талдаумен айналысады. Оның мақсаттары былайша тұжырымдалған:

- Еуразия елдерінің ақпараттық кеңістігін кеңейту;
- кәсіби және шығармашылық байланыстарды нығайту;
- осы заманғы журналистиканың дамуындағы негізгі үрдістерді талдау;
- медиа жобалар мен бастамаларға қолдау көрсету және талдау жасау;
- білім мен тәжірибе алмасу, Еуразия елдеріндегі жетекші БАҚ-та оқыту және тәжірибеден өткізу мүмкіндігін тудызу;
- БАҚ саласында реформаларды жүзеге асыру;
- билік пен БАҚ арасында өзара қатынасты талдау;
- БАҚ саласындағы ең жаңа технологияларды дамытуға жәрдемдесу [7].

2002 ж. құрылған Еуразиялық Медиа Форумның Алматы қаласында бірнеше мәрте өткізіліп келе жатқаны белгілі. Халықаралық және аймақтық деңгейдегі жетекші журналистермен қатар, ірі саяси және қоғам қайраткерлері, әлемдік бизнестің көрнекті өкілдері бас қосатын бұл ұйымның көптеген түйінді мәселелер жөнінде түбегейлі көзқарастардың негізделуіне, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы жеке тұлғаларды қалыптастыру мен олардың саяси өзгерістерді жүзеге асыруына атсалысуына жол ашатыны сөзсіз.

Мемлекеттік құрылымдағы газет, журналдар, теледидар, радио тәрізді ақпарат құралдарымен қатар, компьютерлік, интернеттік технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Өйткені еліміз бүгінде «...интернет жүйесі арқылы әлемдік информациялық қоғамға толыққанды мүше болуда. Қазақстанда соңғы жылдары интернет жүйесінің провайдері ретінде төрт ірі компания (Қазақтелеком, Нұрсат, Алтел, НИТ) тіркеліп отыр және олардың өз жүйелері бар. Мысалы, Қазақтелеком құрған Kazakhstan online мәлімет беру жүйесі 19 ірі қаланы қамтиды» [8].

Қазіргі таңда азаматтардың бүгінгі өзгерістер талабына сәйкес саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыруға, олардың саяси белсенділігін жоғарылатуға көмектесетін бірден-бір күш бұқаралық ақпарат құралдарының басты

тетіктерінің бірі - теледидар болып табылады. Ол арқылы қоғам мүшелері саясат, ғылым, техника, өнер, әдебиет, білім және т.б. салалар бойынша ел ішіндегі және шетелдегі жаңалықтардан хабардар болып, танысады. Сол себептен телевизия халықтың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Белгілі ғалым Р.Б. Әбсаттаров атап көрсеткендей: «...телевидениеге көпшілікке бірдейлік тән. Телевизиялық хабар таратылымына қалалар мен ауылдардың 80%-дан астам тұрғындары қамтылған. Қазақ телевидениесінің хабар таратуының тәуліктік орташа мөлшері - 15 сағат» [9]. Осылайша, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының кітап, баспасөз, театр, кино және т.б. түрлерінің нарықтық экономиканың қатал қиыншылығына душар болған кезеңінде теледидар ерекше зор ықпалға ие болды. Айталық, телесоциологтардың жүргізген зерттеуі бойынша дамыған елдердегі жеке тұлғаларды қалыптастырып, жетілдіруде теледидар 45 пайыз рөлді иеленеді екен [10].

Осымен байланысты қоғам мүшелерінің саяси сауаттылығын көтеріп, саяси көзқарастары мен бағыт-бағдарларын айқындауда телеарналардағы күнделікті саяси шолулармен қатар, арнайы саяси сараптамалық бағдарламалардың мәні ерекше. Мәселен, «Хабар» арнасының «Жеті күн» апталық сараптамасындағы, «Қазақстан» арнасының «Айна» апта қорытындысындағы, «Астана» арнасының «Апта», КТК арнасының «Портрет недели», 31-арнаның «Информбюро», Коммерциялық телеарнаның «Власть» бағдарламаларындағы қоғамдық-саяси шолулар мен саяси талдаулардың азаматтардың қоғамдық пікірін қалыптастырудағы, саяси ой-тұжырымдарын негіздеудегі маңызы зор.

«Бұқаралық ақпарат құралдарының жеке тұлғаларға ықпалы тікелей жүзеге асырылады. Ол локальды адамдар топтарын баспасөз бен телевизиядан «маңызды қоғамдық мәнге» ие белгілі тақырыптар мен мәселелермен хабардар ету арқылы жүргізеді» [6]. Осы орайда Қазақстан қоғамында демократиялық өзгерістердің орын алуымен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлінің жоғарылап, конституциялық тұрғыда азаматтарға сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік берілуі ерекше маңызды жайт. Бұл ретте еліміздегі БАҚ-та, соның ішінде теледидарда да қоғам өміріндегі маңызды мәселелер тұрғысында ашық пікір-сайыстар мен пікір-таластарды ұйымдастыру ісі жолға қойылған. Мәселен, 31-телеарнадағы «Собственное мнение», «Рахат» телеарнасындағы «Отан дауысы» хабарлары сан алуан мәселелерді ашық түрде талқылаудың негізінде көпшілік қауымға ой-түрткі болумен айналысып отыр. Пікір-сайыстың қоғам мүшелерінің саяси ой-санасын көтеруге, саяси-әлеуметтік белсенділігін арттыруға өзіндік ықпалын тигізеді анық. Осылайша қоғамдық-саяси құрылымдағы маңызды мәселелерді жан-жақты қозғап, азаматтардың саяси бағыт-бағдары мен ұстанымдарын қалыптастырып, саяси көзқарастарын жетілдіруде телевизия зор маңызға ие.

XXI ғ. идеялар мен ақпараттық технологиялардың бәсекелесу ғасырына айналуға. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006-2009 жж. арналған тұжырымдамасының бекітілуінің маңызы зор. Сол бағыт бойынша «Бәсекелестік органы ынталандыру ақпараттық салалардағы мемлекеттік саясаттың басты міндеті. Бұл істе мемлекет қозғаушы рөлін атқаруы керек. Ресейдің, Қытайдың және мұсылман әлемдерінің ортасында орналасқан Қазақстан өзінің ақпараттық қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуге, әсіресе, электронды БАҚ-қа бақылауды босаңсытпауға тиіс» [11]. Өз

кезегінде «Ақпараттық қауіпсіздік жалпы түрінде ақпараттық ортадағы ақпараттық құралдар арқылы жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің қорғалу жағдайы» [12].

«Демек, ақпараттық қауіпсіздік – бұл Қазақстан Республикасының Конституциясы, БАҚ туралы заң кепілдік беретін көзқарастар мен сенімдерді білдіру, ақпаратты алу мен тарату мүмкіндігі болып табылады.

Біздің қоғамымызда ақпараттық қауіпсіздік екі маңызды факторлардың аралығында теңдестіріледі.

Біріншіден, бұл ашық қоғам ережелерінің сақталуын талап ету.

Екіншіден, мемлекет тарапынан ақпараттарға бақылау жасау» [13]. Сонымен, мемлекеттік құрылымдағы ақпараттар қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды мәселелердің бірінен саналады. «Қазір біздің елімізде ұзын саны 83 шетелдік телеарна хабар таратып отыр» [11]. Осымен байланысты соңғы кездері Қазақстан аумағында шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі кеңейіп келеді. Қазір Қазақстанның ақпарат кеңістігінде шетел мемлекеттерінің 2400-ге жуық бұқаралық ақпарат құралдары қолданысқа енгізілген. Олардың ішінде дүниежүзілік ауқымдағы ақпарат құралдары – «Би-Би-Си», «Рейтер», «Ассошиэйтед Пресс», «Франс Пресс», «Синьхуа», «Азат – Свобода», «Дойче Велле», «Интерфакс», «ИТАР-ТАСС», «Бридж ньюс» және т.б. бар [14].

Біздің заманымызда орасан зор ақпараттар ағыны бүкіл әлемді қамтуда. Ғалым Ғ.Ж. Ибраева ұйғарым жасағандай: «Ақпараттық кеңістік - бұл субъектілерден субъектілерге келіп түсетін барлық хабарларды тарату мен алудың саласы» [15]. Сөйтіп, бүгінде БАҚ барлық қоғам мүшелерінің сана-сезімі мен дүниетанымын жаулап алды. «Бұқаралық ақпарат құралдарының нақты билігі оның саяси билік үшін күресуге талаптануында немесе оның саяси билік институтының бөлігі болып табылатынында емес, олардың замандастарының ақыл-ойы мен жанына өздерінің қаншалықты дәрежеде ықпал ететініне мүмкін еш күманданбастан-ақ, тұтастай өз билігін жүргізетіндігінен тұрады» [6]. Сондықтан, ол қоғамдық өмірдің саяси, экономикалық, рухани, әлеуметтік, білім беру, құқықтық және т.б. кеңістігіндегі маңызды фактор болып табылады.

Алайда бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы жүргізіп отырған қызметінде олқылықтардың да орын алып отырғандығы белгілі жайт. Бұл ретте республикадағы бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде электронды ақпарат құралдарының мазмұн жағынан көпшілік қауымның рухани-әлеуметтік сұранысын қанағаттандырмай отырғандығы мәлім. Бірқатар оппозициялық бағыттағы, әсіресе, аймақтық деңгейдегі жеке меншік ақпарат құралдарында кәсіби шығармашылық дәрежесі жетіспей жатады. Сол сияқты кейбір бұқаралық ақпарат құралдары қаржының тапшылығынан өздерін ақпараттар желісімен, қаражатпен қамтамасыз ететін жекелеген ұйымдардың, өз құрылтайшыларының мүддесіне орай қоғам мен мемлекеттің нағыз көкейтесті мәселелеріне назар аудармай, көбінесе жарнамаларды жариялауға мәжбүр. Осы орайда «мемлекеттік емес БАҚ, - деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев журналистермен кездесуінде, - қожайындарының қатты қыспағына түсіп отыр. ...Әлгілер өздерінің талас-тартысына енді журналистерді тартады. Айналып келгенде журналистер әлгі қалталы байлардың айтқанымен жүріп, солардың сойылын соғатын аманат-адамдарға айналды» [16]. Сондай-ақ, бірқатар телеарналар ойын-сауық пен көңіл көтеру бағытындағы хабарларға толы. Яғни, осы тәрізді

бұқаралық ақпарат құралдары қоғам мүддесі үшін емес, тек пайда табу мұраты жолына қызмет етумен шұғылданады. Мұнымен қатар кейде еліміздің саяси сарапшылары мен шолушыларының саяси-әлеуметтік және т.б. сипаттағы бағыт-бағдарлар мен көзқарастар жүйесі Ресей баспасөзі мен телеарналарындағы ақпараттарға сәйкес келіп жатады. Бұған қоса Қазақстан мемлекетінің ақпараттық кеңістігінде халықтың әр түрлі саяси-әлеуметтік топтарының саяси мәдениетін жетілдіруге, олардың саяси көзқарасының негізделуіне қозғау салар өрелі, біздің бүгінгі заман талабына

сай келетін түбірлі мәселелердің жеткілікті дәрежеде насихатталуы да шамалы. Мұның бәрі Қазақстан Республикасы басынан өткізіп жатқан қазіргі кезең қиындықтарының салдары болуы ықтимал. Дегенмен бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе, баспасөздің жүздеген жылдар бойына қоғамда атқарып келе жатқан қызметі баршаға белгілі. Демек, «...бұқаралық ақпарат құралдары меңгеруге қажетті және мемлекет өміріне қатысуға айтарлықтай саналы әрі ақиқат ақпаратты - білім, ережелер, құндылықтарды өндіреді әрі таратады, адамдарды әлеуметтендіреді» [17].

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Шаран П. Сравнительная политология. Ч. II. – М.: 1992. – С. 172-173.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 96 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 ж. 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2007. – 1-наурыз. – №55(24632).
- 4 Құрманбаева Ш.А. Сайлау технологиялары: 2004 жылғы парламент сайлауы тәжірибесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Саясаттану сериясы. Мәдениеттану сериясы. – Алматы: 2005. – №1(23). – 11-б.
- 5 Насимов М.Ө. Қазақстан Республикасындағы саяси жарнаманың дамуы // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Саясаттану сериясы. Мәдениеттану сериясы. – 2006. – №2(26). – 193-б.
- 6 Надыров М. Роль информации в современном обществе // Саясат, 2006. – №1. – 9-12-бб.
- 7 Егемен Қазақстан, 2004. – 21-сәуір.
- 8 Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің дамуы: онжылдық тәжірибе. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 95-б.
- 9 Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: Ғылым, 1997. – С. 172.
- 10 Адамзаттан рух қашып барады. Дөңгелек үстел материалдары // Жалын, 2003. – Тұсаукесер дана. – 68-б.
- 11 Ертісбаев Е. Бәсекеге барынша бекем болу - ұлттың ұлы идеясы // Егемен Қазақстан, 2006. – 31 қазан. – №267(24520).
- 12 Сарсенбаев А. Стратегия формирования информационной политики Республики Казахстан в переходный период: диссертация на соиск. уч. степ. докт. полит. н. по спец. – 23.00.02. – Алматы: АГУ им. Абая, 2000. – С. 152.
- 13 Ибраева Г.Ж. СМИ и информационная безопасность // Саясат, 2001. – №7-8. – С. 39.
- 14 Назарбаев Н.Ә. Свобода СМИ - высшая ценность // Мысль, 2005. – №6. – С. 3.
- 15 Ибраева Г. Демократизация информационного пространства // Саясат. – 2001. – №5. – С. 28.
- 16 Ең бастысы - ел тыныштығы. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың БАҚ өкілдерімен әңгімесі // Егемен Қазақстан, 2001. – 7-ақпан.
- 17 Сарсенбаев А. Формирование информационной политики Республики Казахстан. – Астана: 1999. – С. 58.

Статья: «Цивилизованные СМИ – основа демократии»

Автор: Толкын Ауелгазина – доцент КазНПУ им. Абая, кандидат политических наук

В Послании Президента РК Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» одним из важнейших направлений развития политической системы было названо создание благоприятных условий для повышения роли институтов гражданского общества, наиболее динамичным и заметным из которых являются средства массовой информации (СМИ). Еще одним поручением Главы государства стало содействие гармоничному развитию масс-медиа. Для современного общественно-политического процесса характерна ведущая роль СМИ, в особенности телевидения. Поэтому государство может защитить свои интересы в информационной, гуманитарной и идеологической сферах только при условии создания конкурентоспособных СМИ.

“Civilized mass-media is a basic of democracy”

Tolkyn Auelgazina - senior lecturer of KazNPU named after Abay, candidate in political science

One of the main directions of development of political system in Address of President of RK N.A. Nazarbayev “New Kazakhstan in the new world” was named creation of favorable conditions for increase the role of civil society institutes. The most dynamic and important civil society institute is mass media. One of the missions of the Head of the state is assistance to harmonious development of mass-media. The leading role of mass-media, in particular television, is peculiar to modern social-political process. Therefore, the state can protect the interests in information, humanitarian and ideological spheres only under condition of creation of competitive mass-media.

Аймақтық басылымдардың проблемалары (Облыстық «Сыр бойы» газетінің мысалында)

Назгүл ШЫҢҒЫСОВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасының доценті

Сыр өңіріндегі баспасөздің қарашанырағы саналатын «Сыр бойы» газетінің 78 жылдық тарихы бар. Шежірелі жылдардың оқиғалары сарғайған парақтардың қойнауында қатталып, аймақ өмірінен сыр шертер тарихқа айналған. Жай тарих емес, отты жылдардың, өнегелі жылдардың тарихы. Қарымды қаламгерлердің, майталман журналистердің қаламынан туған ұлағаты мол дүниелер жас ұрпақты тәрбиелеуге атсалысты, оқырмандарды ақпаратпен дер кезінде қамтамасыз етіп, сараптамалық материалдарымен оқытушы ролін атқарды.

Газеттің бүгінгі бейнесін шолып өтсек, «Сұрақ сізден, жауап бізден. Мың бір сұрақ мінбері» айдарында әртүрлі сала өкілдері оқырмандардың сұрақтарына жауап береді. Бұл газеттің ең бір мәнді, оқырмандар үшін маңызы зор айдары. Өзін толғандырған сауалды жолдаған оқырман оның жауабын газет бетінен асыға күтері даусыз. Сондай-ақ, газеттің алғашқы бетінде «Редакцияға келіп түскен хаттардан», «Қоғамдық ойдың сарасы» деген оқырманмен тығыз байланыс орнатуға қолайлы айдарлар бар. Газетте қысқа-қысқа хабарлар көп. Жарнама аз. Қызылорда облысындағы басты проблема – ана мен бала денсаулығы екендігі белгілі. Бұл мәселе газет бетінде өз деңгейінде көтеріледі. «Сыр бойы» туралы оқырмандар былай дейді: «Республика көлеміндегі ақпарат құралдарының ішінде өзінің айшықты орны бар басылымның Ел Президентінің грантына, Алтын Жұлдызға ие болуы үлкен жетістік. Бұл жоғары марапат, мемлекеттік награда, зор сенім. Редакция журналистері үшін үлкен рухани мақтаныш. Тақырып екшегенде, материалдарды ұсынуда «Сыр бойының» өзіне тән ерекшеліктері бар, тағылымдық, тәрбиелік мәні бар мақалалар жақсы көтеріліп жатыр»[1]. «Сыр бойы» газеті 2005 жылы Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын Жұлдыз» сыйлығын жеңіп алды, 2006 жылы Елбасының грантын иеленді. Газет 2006 жылдың қорытындысында облыс әкімінің «Жаңалық жаршысы» номинациясына ие болды.

Қызылорда облыстық газетінің оқырмандары газет, журналдың уақытылы таратылмауына наразылық білдіреді. Бұл проблема басылым бетінде жиі көтерілсе де, шешімін таппай, газет таратудың тиімді жолдары іске асырылмай келеді. 2006 жылы баспахана мен пошта қызметіне байланысты газеттің бағасы өсті (1 жылға жазылу – 1000 теңге), алайда газеттің оқырмандары азайған жоқ. Шалғай ауылдан хат жазған мектеп мұғалімі: «Қаламгер ағалар ізденісі нәтижесінде жазылған дүниелер тартымдылығымен, өзектілігімен және мазмұндылығымен ерекшеленеді. Олар да өлкеміздің шежіресімен қатар жаңарып, өркен жайып көрініс

береді, сөз маржанының түзілуі мен қаймағы бұзылмаған тіл құдіретін сезінемін», - дейді [2].

Газет ел мен жер тарихына көп көңіл бөледі. Газеттің басты кемшілігі - сынға келгенде азусыздық танытады, кейде материалдары солғындау, көлемді, талдамалы материалдар аз.

1950 жылдары соғыс күйзелісінен әлі арылып бола қоймаған кезде аймақтық басылымдардың көптеген қиыншылықтары болды. Редакциялар әртүрлі салаларда істейтін мамандардан авторлар тарту, жұмысшы және ауылдағы тілшілерді көбейту арқылы жетістіктерге жетті. Бұл авторлар облыстың тынысын, өмірін жан-жақты жазып тұрды. «Ленин жолы» газетін көркейтіп, мазмұнын арттырып, мақала, өлең, очерктер жазуда Асқар Тоқмағамбетовтің үлесі көп еді. Жазушы ұтқыр ойымен, ұтымды тілімен оқырмандарды баурап алатын. Газеттің алпысыншы жылдары редакторы болған Ұ.Бағаев Асқар Тоқмағамбетовты редакцияның белді мүшесі деп мақтанышпен айтады екен. Әр редактордың өзінің басқару идеясы болады. Корпоративтік рух, тәжірибе алмасу, редакцияның тиімді жүргізілген саясаты шығармашылық ізденістерге жол ашары даусыз. Ұзақ Бағаев 1960 жылдардың басында облыстық «Ленин жолы» газетіне редактор болып келеді. «Социалистік Қазақстанда» жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтаған журналист басылым қызметкерлерімен жатсынбай, етене араласып кетеді, журналистерге шығармашылық жағдай жасай біледі. Редакцияда өтетін жиындарда қатты айтып, қапаландырмай, дауыс көтермей, сыпайы сөздермен айтарын жеткізеді екен. Қатты айтылған сөздің жаны нәзік журналистің күні бойғы жұмысына кері әсер ететінін жақсы түсінген редактор тың идеясымен, байыпты мінезімен әріптестерін баурап алады, құрметке ие болады. «Ленин жолына» 50 жыл толуына байланысты естелігінде журналист Әбдіхан Айдаров Ұ.Бағаев туралы: «Редакторлық жауапты жұмысымен қоса біздердей жас журналистерге жөн-жоба нұсқауға, ақыл айтуға, қамқор болуға уақыт тапты. Университеттің журналистика факультетін бітірген жігіттер облысқа топ-тобымен келіп жатты. Қайырбек Мырзахметов, Жаксылық Түменбаев, Токболат Еңсегенов... Біз ең алдымен Ұзақ Бағаев өнегесін өзіндік бір мектеп деп ұғындық. Аудандық газеттерде істейтін жас жігіттер де өздерін толғандырған ой-пікірлерін ашық айтып, ойға қонымды жауап алып қуанып қайтатын. Әдебиеттегі алғаш қадамдарын алпысыншы жылдардың басында жасаған Базарбай Исаев, Ибрагим Исаев, Серік Сейтмағамбетов, Махмұтбай Әміреев, Жаксылық Түменбаев тәрізді ондаған жастарға

поэзия, проза жанрларының жауапкершілігі, шеберлікті шыңдауда газет атқаратын ролі жайлы Ұзекең айтқан кеңес олардың ойларында ұзақ уақытқа жатталған», - дейді [3]. Білікті редактор әдебиет беттерінде жастардың туындыларының жарық көруін үнемі қадағалап отырған. Бір күндік емес, мың күндік дүние жазуды, сол үшін ізденіп, ілгерілеуді мақсат тұтқан журналист адалдық пен принципті алғашқы орынға қойған. Ұ.Бағаев жайлы жағымды пікірлер көп айтылады. Ол редакторлық еткен алпысыншы жылдары газет ажарланып, айшықты материалдар көбейген, жаңа айдарлар, бөлімдер ашылып, көкейтесті мәселелер көтерілген, газеттің сапасы артып, безендірілуі жақсарған. «Шығармашылық бағыт-бағдары айқындала бастаған. 1963 жылы газеттің «Ленин жолы» деген атпен шыға бастағанына 25 жыл толуына байланысты материалдар беріліпті. Осында 1938-1963 жылдар аралығындағы басылымның өсу жолына байланысты деректер келтірілген. Атап айтқанда газет редакциясына 1938 жылы 2061 хат түссе, 1968 жылы оның саны 7358-ге жеткен. Газет 1938 жылы 5000 дана тиражбен шықса, 1962 жылы 19340 данамен таратылған. 1938 жылы газеттің 200 авторлары мен тілшілері болса, 1962 жылы олардың саны 1091-ге өскен» [4]. Кейбір аймақтық газеттерге тән кемшілік - газеттің тарихын шатастырып алу немесе жоғарыдағы айтылғандай, газеттің белгілі бір атпен аталуы кезеңін тарихынан бөліп алу. 1963 жылы газеттің шығуына 34 жыл толады. 1964 жылы 35 жылдығын атап өтуге болар еді. Ал газет 1963 жылы «Ленин жолы» деген атпен шыға бастағанына 25 жыл толды дейді. Тағы бір мысал, Райымбек аудандық «Хантәңірі» газеті мен бұрынғы Кеген аудандық «Қарқара» газетінің тарихтарын жеке-жеке көрсетпей, араластырып, түсініксіз етіп жіберген. Нәтижесінде өзінің тарихы, бет-бедері бар «Қарқара» газетінің тарихы айтылмай, қазіргі шығатын «Хантәңірінің» тарихы айтылады.

«Алпысыншы, жетпісінші жылдары «Ленин жолы» газетінің керегесі кеңейді. Таралым отыз мыңнан қырық мыңға қарай қадам басты. Қомшабай Сүйеніш, Жаксылық Түменбаев бастаған осындай ел арасындағы қаламы жүйрік таланттардың облыстық газетте тоғысуына, олардың шығармасына бағыт-бағдар беруге марқұм Ұзақ Бағаевтың көп еңбегі сіңген еді. Әрбір ісі, сөйлеген сөзі, адамгершілік принципімен ел есінде сақталған ағамыз біз үшін бүгінге дейін азаматтың символы болып қала береді», - деп газеттің бас редакторы Ж.Рахматулла Ұ.Бағаевқа әділ баға берген еді [5].

Газет 1960 жылдары «Біздің почта» деген бет шығарды, бұл оқырмандармен тығыз байланыс жасауға деген алғашқы қадам еді. Онда оқырмандар хаттарына көбірек орын берілді. Көп ұзамай «Сықақ пен мысқыл» бұрышы да жарық көрді. Газетте осы жылдан бастап «Демалыс» беті ашылды. Онда оқырмандардың шығармалары да бар. Бұл жылдардағы газет жанрлары мақала, сын мақалалары, очерк, фельетон, сықақ өлен, әңгімелер.

«Көсілген көшті бөгейді, шешілген істі тежейді, байыпсыз басшы бар жерде, көргенсіз қосшы көбейді. Осы жылдар ойыма түскенде кейбір басшылардың іс-әрекетіне түңілемін. Әлде өзінің байыпсыз ісін жүзеге асырғысы келе ме екен? Сонда осындай адам басқарған ел қайда бармақ, қалай оңбақ? Қазір ойлап отырсам, дәл осылай. Ел билегендер жапа-тармағай шабыс. Қайда кетіп бара жатқанын өздері де білмейді. Қазіргі бәсеке әр гектар күріштіктен жүз центнерден, әр жүз аналықтан екі-үш жүзден қозы алуға ұласты. Ол шындық болса бір сәрі. Өтірік айтып, жанды қинағаннан

не пайда? Әбден тозған жер, жыл сайын шыңылтыр тасқа айналуға. Сонда біз болашаққа не бетімізді айтамыз? Әсіресе, жер анамызды қорлағаны жанға батып жүр. Міне, қараңыз, менің қолымдағы мәлімет бойынша, жыл сайын он мыңдаған гектар жер айналымнан шығып жатыр» [6]. Бұл 1953 жылдан «Ленин жолы» газетінде меншікті тілші, бөлім меңгерушісі болып істеген Құрманғали Ажаровтың жан толғанысы, күйзелісі. Журналист қоғам мүлкін талан-таражға салушылар жайында оншақты фельетон да жазған. Кейіпкерлері - түйені түгімен жұтқан тойымсыз басшылар. Бұндай басшылар көркем әдебиеттің де кейіпкерлеріне айналған, қырғын соғыс жұртқа жұт боп келгенде, оларға құт болған. Ондайлар қазіргі қоғамда да жетерлік. Олай болса, бұл тақырып әлі күнге маңызын жойған жоқ, Қ.Ажаровтай ел мен жер қамын ойлаған ұлтжанды өресі биік журналистер қозғай бермек.

«Сыр бойы» газетінің 1985-1991 жылдардағы бас редакторы Нұрділдә Уәлиұлы «Сыр бойы» газетінің 1938 жылдан бастап шығады деген датаның дұрыс еместігіне мұрағат материалдары арқылы көз жеткізіп, 1929 жылдан шыққандығын дәлелдеген. Н.Уәлиұлы редакторлық еткен жылдары басылымның таралымы 60 мыңға дейін өсіп, оқырман, авторлар көбейді. Қаламақының 60 пайызы авторларға, қалған 40 пайызы редакция қызметкерлерінің үлесіне тиді. Газет бетінде сатиралық жанрдағы материалдар көбейді, фельетонның ащы уыты қоғамдағы келенсіздіктерді түйреді. «Тама берсе тамшы да көктасты теседі ғой, заң бұзған заманның заңды запыранын нысанаға алып, шындық жайлы шындарға шығар салу үстін-үстін шаң берді» [7]. Н.Уәлиұлы желтоқсанның зәрлі күндерінде газетке өткір мақала жариялап, шындықтың бетін ашты. Әрине, ол үшін «жоғары жақ» маңдайынан сипаған жоқ, соны біле тұра, азаматтың намысы осындай ерлікке итермеледі.

Соғыс жылдары газет ерлікке үндеді, еңбекке үндеді. Отансүйгіштік рухтағы материалдар басылым бетінен түскен жоқ.

Газет жайлы бас редакторы Ж.Рахматулла былай дейді: «Бүкіл қоғамның идеологиялық бағыты Мәскеу мен орыс тіліне қарай ойысып бара жатқан аумалы заманда облыс орталығындағы қазақтың табиғи мінезі мен тілін тек қана облыстық «Сыр бойы» газетінен табуға болатын. Даланың кеңдігі, халқымыздың жомарт көңілі, ұлтжандылық пен қызуқандылық журналистер болмысында жиі кездесетін» [8].

Біз келтіріп отырған деректер, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары болған аймақтық басылымдардан қанаттанып ұшқан танымал қаламгерлер, ақын-жазушылар жайлы естеліктер барлық облыстық газеттерде бар. Мұндай мысалдарды облыстық басылымның кез-келгенінен келтіруге болады. Бәрінің де тарихы бай, бәрі де облыс өмірінің айнасы бола білген.

Бүгінде аймақтық басылымдардың проблемалары аз емес. Халқымыздың өткен өміріне, бүгінгі тыныс-тіршілігіне, егеменді еліміздің саяси бағыт-бағдарына терең бойлаған аймақтық басылымдарға (әсіресе аудандық) бүгінде жас мамандардың, жаңадан жоғары оқу орнын бітірген журналистердің бармауы - үлкен проблема болып отыр. Осы орайда аймақтық басылым қызметкерлері редакциядағы жас мамандарды жұмысқа ынталандыру, жазғанын талдап, бағыт-бағдар беруі тиіс. Аймақтық басылымдарда жұмыс істейтін жас мамандар үшін редакцияның үлкен тәжірибе мектебі болары даусыз.

Басылымның бет-бейнесін көркемдеу, яғни дизайн саласындағы қазіргі жетістіктер кейбір облыстық басылымдарда кемшін түсіп отыр. Газет шрифті, иллюстрациясын

жақсарту ең алдымен оқырмандарды тарту үшін қажет. Аймақтық басылымның өзгеге ұқсамайтын, мазмұнды, ерекше болғаны жөн.

Аймақтық қазақ тілді басылымдарды ірі компаниялар мен банктер бизнестегі әріптес ретінде танып, біліп, бірге қызмет істеуге ниет білдіруі үшін, тұрақты оқырмандары көбейіп, жоғары сұранысқа ие болуы үшін, газет нарығының ортасынан ойып тұрып орын алуы үшін, ең алдымен басы-

лым редакция менеджментін, маркетинг негіздерін, баспа бизнесін, газетті сату, таратудың тиімді жолдарын меңгеруі тиіс. Бұл міндеттер кейінге ысыруға болмайтын міндеттер.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қоғамдық-саяси, ұлттық, оппозициялық, танымдық, жарнамалық сипаттағы басылымдар нарықта көбейген үстіне көбеюде. Әйтсе де, ғасырға жуық тарихы бар облыстық газеттердің орны қашанда ерекше болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ.Мырзахметұлы. Парыз бен қарыз // Сыр бойы. 4 қаңтар, 2007.
2. «Сыр бойы» – 22000 дана! // Сыр бойы, 4 қаңтар, 2007.
3. Ә.Айдаров. Ұстаз туралы сөз // Ленин жолы.
4. М.Әміреұлы. Алпысыншы жылдардың асуында // Сыр бойы. 24 маусым, 1999 ж.
5. Ж.Рахматулла Рухы мықты елдің рухани өмірі де мәнді // Сыр бойы. 1 шілде, 2004 ж.
6. Әбдібай Уәлиұлы. «Сыр бойының» тарланбозы // Сыр бойы. 17 маусым, 1999 ж.
7. Қ.Шәрібекұлы Ақиқаттың ақ жолы // Сыр бойы. 19 маусым, 1999 ж.
8. Ж.Рахматулла Рухы мықты елдің рухани өмірі де мәнді // Сыр бойы. 1 шілде, 2004 ж.

Статья: «Проблемы региональных изданий» (на примере областной газеты «Сыр бойы»)

Автор: Назгуль Шынгысова – доцент кафедры менеджмента и рекламы СМИ КазНУ им. аль-Фараби

В данной статье автор на примере областной газеты «Сыр бойы» рассматривает актуальные проблемы развития региональных изданий. Одним из важнейших аспектов развития демократических свобод во всем мире считается развитость средств массовой информации (СМИ). Наглядно это проявляется в региональных СМИ, поскольку именно в регионах прослеживаются массовидные явления. Если центральная пресса является авангардом развития демократических начал, то только поддержка данного процесса региональными СМИ может реально продвинуть и сделать его массовым.

“Problems of regional publications” (On example of the regional newspaper «Syr boiy»)

Nazgul Shyngysova – senior lecturer of management and advertising mass-media department of KazNU named after Al-Farabi

One of the major aspects of development of democratic freedom all over the world is thought to be development of mass media. It is shown in regional mass-media because regions have mass phenomena. If the central press is vanguard of the development of democratic principles and only support of the given process by regional mass-media can advance and make its mass. In given article author examines pressing problems of development of regional publications on example of the regional newspaper «Syr boiy».

Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйе қызметіндегі даму институттарының рөлі

Ардақ ТҰРҒЫНБАЕВА,

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың менеджмент және бизнес кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты

Қазақстан экономикасын модернизациялау және оны Елбасы Н.Назарбаевтың соңғы жарғысында көрсетілген сыртқы нарықтарға бағыттау кезінде инновациялық жүйенің тиімділік проблемасы бұрынғыдай өзекті мәселелердің бірі болып отыр [1]. Бұл процесті жүзеге асырудың міндетті шар-ты ретінде инновациялық инфрақұрылым, соның ішінде даму институттарын қалыптастыру мәселесін айтуға болады.

«Ұлттық инновациялық жүйе» түсінігіне қатысты түрлі көзқарастардың болуын ескере отырып, ең алдымен бұл ұғымның мәнін түсіндіре кетейік. XX-ғасырдың соңында түрлі елдің ғалымдары жапондық технологиялық өрлеудің қайнар көзін түсіндіру қажет болғанда Ұлттық инновациялық жүйе (ҰИЖ) концепциясына алғаш рет назар аударған еді (К.Фримэн, Р.Нэльсон, Н.Розенберг, Б.Лундвана және т.б.). 1997 жылы Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының бұл түсінікке берген анықтамасы дәлірек болды. *Ұлттық инновациялық жүйе* дегеніміз – мемлекеттің инновациялық саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыруға негіз болатын, дербес және өзара қарым-қатынас нәтижесінде жаңа технологияны дамыту мен таратуға жағдай жасайтын, жеке және мемлекеттік секторге қатысты институттар жиынтығы [2].

ҰИЖ институттары ретінде университеттер, үкіметтік ұйымдар, инфрақұрылым элементтері, сондай-ақ мемлекеттік саясат құралдары, қоғамдық тәртіп заңдылықтары, заң нормалары және т.б. қарастыруға болады. Инновациялық жолда серпінді дамып келе жатқан елдерде мемлекеттік басқару институттарының маңызы өте зор. Бұл ұйымдардың негізгі міндеттеріне жаңа техниканы енгізудің тәуекелін төмендету, ақпаратпен қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстарының басымдылықтарын айқындау, қаржылық көмек көрсету жатады.

Қазақстанда 2007 жыл ҰИЖ-ні мемлекеттің белсенді қатысуымен қалыптастыру мақсатын көздеген 2003-2015 жылдарға арналған Республикалық индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асыруда 2-кезеңнің соңғы фазасы екені баршамызға мәлім. Жалпы алғанда, сарапшылардың бағалуы бойынша, Қазақстанның индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асыру мемлекет қызметінің барлық салаларына әсер етті, бұл бойынша заң қабылдау саласында түрлі жұмыстар

атқарылып, бағдарламалық құжаттар мен нақты шаралар қолданылып жатыр. Республикадағы инновациялық қызметті ынталандыру бойынша үкіметтің қабылдаған түрлі шараларының нәтижесінде бұл саладағы халық белсенділігінің өсу тенденциясын байқауға болады. Дәлірек айтсақ, ҚР статистика жөніндегі Агенттіктің 01.01.2007ж. берген мәліметіне сәйкес, республикадағы инновациялық белсенді кәсіпорындар саны 505 бірлікті құрады. Бұл респонденттердің жалпы санының 4,8 %-на тең (1 кесте).

Қазақстанның ҰИЖ-гі мемлекеттік даму институттарына «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Ұлттық инновациялық қор» АҚ, «Экспорттық несие мен инвестицияны сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, «Технологиялық трансферт пен инжиниринг орталығы» АҚ, «Маркетингтік-аналитикалық зерттеулер орталығы» АҚ жатады.

Еліміздің экономикасының барлық секторында инвестициялық және иновациялық белсенділікті арттыру мен ынталандыру мақсатында 2006 ж. 16 наурызында ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес, мемлекеттік акциялар пакетін иемдену мен қолдануға құқылы, мемлекеттік даму институттарына қатысты басқарушы холдингтік компания ретінде «Тұрақты даму қоры «Қазына»» құрылды (1 сурет).

2006 ж. 1 қаңтарында даму институттарының жалпы жарғылық капиталы 1 млрд АҚШ долларынан астам қаржыны құрады. Қаржылық даму институттарының инвестициялық жобалар портфелі жалпы сомасы 4 млрд. АҚШ долларын құрайтын қаржыландыруға жіберілген 134 жобадан тұрады [5].

1 кесте – 2003-2006 ж.ж. Қазақстан Республикадағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі

Көрсеткіштер	Жылдар			
	2003	2004	2005	2006
Респонденттер саны, барлығы	7212	8022	10392	10591
Соның ішінде: инновациялық белсенді кәсіпорындар саны	148	184	352	505
Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %	2,1	2,3	3,4	4,8

Негізі: [3], [4].

Даму институттар қызметінің нәтижесін бағалайтын болсақ, Даму банкі құрылғаннан бері республикамызда жалпы сомасы 1970,2 млн. АҚШ долл., соның ішінде Банктің қатысуымен 807,7 млн. АҚШ долл. көлемінде 84 инвестициялық жоба мен экспорттық операциялар мақұлданған. Сондай-ақ 2006 ж. 1-ші жарты жылында жалпы сомасы 196,9 млн долл., Банктің қатысуымен 57,7 млн. АҚШ доллар көлемінде 10 инвестициялық жоба мен экспорттық операциялар мақұлданып, да айта кеткеніміз жөн. Банк тарапынан қаржыландырылатын жобаларының қатарынан Оңтүстік Қазақстан облысындағы тоқыма кластерін құру мен Ақтау қаласындағы халықаралық теңіз сауда портын дамытуды бөліп көрсетуге болады.


«Ұлттық инновациялық қор» қызметінің негізгі бағыттары отандық және шетелдік венчурлық қорларды құруға қажетті инвестициялау мен инвестиция тарту ғана емес, сондай-ақ инновациялық жобаларды іске асырушы компанияларды қолдау, инновациялық қызметтің маманданған субъектілерін қалыптастыру (технопарктер, технологиялық бизнес-инкубаторлар) және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жатады.

2006 ж. 1 шілдедегі мәліметке сәйкес ұлттық инновациялық қор жалпы құны 102 млрд.тенгеге бағаланған 53 жобаны қаржыландыру туралы міндеттеме алып отыр. Бұл жобалардың түрлері келесі 2-суретте көрсетілген.

«Технологиялық трансферт пен инжиниринг орталығы» АҚ-ы («ТТИО» АҚ) ҚР Үкіметінің бекітуімен 2003 ж. тамызында құрылған. 2004 ж. желтоқсан айынан бастап «ТТИО» АҚ-ы ҚР технопарктер желісін дамытуға бағытталған компания ретінде белгіленді. Бүгінгі таңда АҚ алдыңғы қатарлы шетелдік технологияны тарту мен Қазақстандық инновациялық жұмыстарды әлемдік нарыққа шығару бойынша қызмет атқаруда.

«Технологиялық трансферт пен инжиниринг орталығы» АҚ-ның соңғы жұмыстарының бірі – технологияны трансферттеудің Қазақстандық желісін құру (ТТҚЖ). ТТҚЖ – технологиялық алмасумен/трансфертпен айналысатын инновациялық инфрақұрылымының ұйымдар жүйесі – технологиялық

2 сурет - 2006 ж. ҚР Ұлттық инновациялық қорының қаржыландыратын жобалары




ақпаратты тиімді тарату мен инновациялық, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға серіктестерді іздеуге мүмкіндік беретін инновациялық инфрақұрылымның құралы [6].

Бұл желінің негізгі мақсаты Қазақстандағы инновациялық бизнестің дамуы мен ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияны өндіріске енгізуді қолдау болып табылады. ТТҚЖ-ның электрондық платформасы – ашық технологиялық биржа, яғни технология трансфертін жүзеге асыру мақсатында әлеуетті технологиялық жабдықтаушылар мен тұтынушылардың мүдделі кездесулері өтетін сауда алаңы. ТТҚЖ-н негізіне Еуропалық инновациялық релей-орталықтар желісінің (IRC) бейімделген методологиясы алынып отыр.

ТТҚЖ желісін үйлестіруші ұйым – «ТТИО» АҚ-ы. Бүгінгі таңда ТТҚЖ-не қатысудың нысаны – Желінің Мүшесі – инновациялық инфрақұрылымның кәсіпорындары және ұсынылатын немесе талап етілетін технологиялар жайлы ақпаратты жинайтын, технологияны трансферттеумен айналысатын, сондай-ақ технологиялық аудит жүргізу мен ТТҚЖ базасына енгізу үшін профильдерді толтыра отырып, аймақтық мәліметтер орталығын қалыптастыру ісімен шұғылданатын басқа да ұйымдар. Мәліметтер орталығының мазмұны үшін бұл ұйымдар толық жауапты.

1 сурет – Қазақстан Республикасының даму институттарын басқару



Желінің мүшелері халықаралық маманданған мәліметтер орталығына, соның ішінде «ТТИО» АҚ-ы арқылы технологиялық трансферттің Ресейлік жүйесіне (RTTN), «ТТИО» АҚ-ы мүше болуды жоспарлайтын шетелдік акпараттық агенттіктер мен баспасөздерде мәліметтерді (технологиялық профильді) орналастыруға мүмкіндіктері бар. Қазіргі кезде Қазақстанды IRC-ке енгізу туралы келіссөздер жүргізілуде. Бұл сұрақ Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның отырысында қаралатын мәселелер тізіміне кіріп отыр. Айта кететін жәйт, бұл мәселе оңды шешілген жағдайда жүйенің мүшелері IRC ресурстарын қолдануға мүмкіндік алады. Сондай-ақ «ТТИО» АҚ-ы электрондық платформа мен мәліметтер базасын құру бойынша жұмыстар жүргізуде.

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-нда қарастырылатын жобалар экспортқа бағытталған және импорттың орнын басатын жаңа өндірісті қалыптастыру мен құрылыс материалдар өндірісі, агроөнеркәсіп кешені, шыны жасау өнеркәсібі, металлургия, машина жасау өнеркәсібі, орман және ағаш өңдеу, химия өнеркәсібі, балық шаруашылығы, инфрақұрылым (энергетикалық және көлік) сияқты салалардағы қызмет етуші кәсіпорындарды жетілдіруге бағытталған. 2006 ж. 1 шілдесіне қатысты жалпы құны 9,8 млрд. АҚШ долл. құрайтын 362 жоба қарастырылуға жіберілді. Жалпы сомасы 174,19 млрд. АҚШ долл. құрайтын 36 жоба мақұлданды. Қордың қатысу үлесі – 24,08 %. 2006 жылдың 1 шілдесіндегі мәліметтеріне сәйкес қордың жарғылық капиталда қатысуымен жалпы құны 350 млн. АҚШ долларынан астам 27 жоба қарастырылды. Қордың қатысуы – 182 млн. АҚШ доллары [7].

«Экспорттық несие мен инвестицияны сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ы. 2006 жылы 1 шілдеге қатысты корпорацияға құны 800 млрд. теңгеге бағаланған экспорттық несие мен инвестицияны сақтандыру бойынша 221 жоба берілді. Корпорация басшылығы тарапынан қарастырылған 202 жобадан (жалпы құны - 36 млрд. теңге) 162 экспорттық жоба мен инвестицияны (жалпы құны - 28,8 млрд. теңге) сақтандыру туралы шешім қабылданды. Соның ішінде 96 жоба (жалпы құны - 17,4 млрд. теңге) бойынша сақтандыру келісімшарттары жасалып, жүзеге асырылуда. Сонымен қатар жалпы сомасы 7,2 млрд. теңге құрайтын 40 жобаны шикізаттық құрамына байланысты және шетелдік сатып алушының қаржылық жағдайының қанағаттанарлық болмауынан сақтандыруға қабылданбады. 2006 жылы 1 шілдеге тиісті қазіргі сақтандыру келісімшартының көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,6 есе өсіп, 11,8 млрд. теңгені құрады.

«Тұрақты даму қоры «Қазына»» АҚ-ы жанындағы «Маркетингтік-аналитикалық зерттеулер орталығы»

АҚ-ы кеңес беру қызметінің нарығында 2003ж. тамыз айынан бастап қызмет атқарады. Орталықтың стратегиялық мақсаты – ҚР индустриалды инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде ұлттық экономиканы диверсификациялау процесін маркетингтік, акпараттық – аналитикалық қамтамасыз ету, өнімдердің экспорты мен бәсекеабілеттілігін жоғарылату.

Сондай-ақ, 2006 жылдың қортындысы бойынша, елімізде үш ұлттық технопарк (Акпараттық технологиялық паркі, Ядролық технологиялар паркі, Биотехнологиялық паркі) және Орал, Қарағанды, Алматы қалаларында үш аймақтық технопарктер қызмет етуде. Бұл аймақтық технопарктердің мамандануы сол аймақтың негізгі өнеркәсіптік бағыты мен ғылыми әлеуетіне сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, Қазақстан шикізаттық фактордың басымдылығынан туатын қауіпті ұғына отырып, өндірісте ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияны қолданатын өндірісті дамытуға бағытталған жаңа экономикалық саясатты қалыптастыруда. Мұндағы ең маңыздысы – еліміздегі қаржылық, ғылыми-техникалық ресурстардың тапшылығына қарамастан, мемлекеттің бұл мәселеге тікелей мүдделі болуында. Бұл мүдденің сипаты тек шығарылған заңдар, жарғылар мен бекітулерден ғана емес, нақты атқарылған істерден де айқындалып отыр.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. 2007 ж. <http://www.stat.kz>.
2. Freeman C. Technology Policy and Economic Performance. London, Pinter Publishers, 1987
3. ҚР статистика жөніндегі Агенттігі. ҚР кәсіпорындарының 2006 жыл бойынша инновациялық қызметі. Алматы, 2007.
4. ҚР статистика жөніндегі Агенттігі. Қазақстандағы 2005 жылға қатысты ғылым мен инновациялық қызмет. Статистикалық жинақ. Алматы, 2006.
5. Заборцева Е. Реструктуризация инвестиционной политики Республики Казахстан в процессе реализации стратегии индустриально-инновационного развития экономики. // Экономика и статистика. 2006., №4, 91 б.
6. «Технологии Казахстана» электронды журналы. <http://www.innovations.kz/>
7. «2006ж. Бірінші жартыжылдығына қатысты ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуы және 2006 ж. екінші жартыжылдығына қойылатын міндеттер» ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігінің есебі. <http://www.minplan.kz>.

Статья: «Роль институтов развития в системе казахстанской национальной инновационной службы»

Автор: Ардак Тургинбаева – доцент кафедры менеджмента и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби, кандидат экономических наук

В статье рассматривается казахстанский опыт построения национальной инновационной системы. Анализируется эффективность основных государственных институтов развития и других элементов инновационной инфраструктуры.

“The role of the institutes of development in Kazakhstan national innovation system”

Ardaq Turginbayeva – senior lecturer of management and business department of KazNU named after Al-Farabi, candidate in economics

Kazakhstan experience of building national innovation system is being examined in the article. It includes analysis of the effectiveness of the main state institutes of development and other elements of innovative infrastructure.

Тәуелсіздік. Мәдени мұра. Ұлттық ояну

Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ,
ҚР ҰҒА-ның академигі

Күні бүгінге дейін жинақталған халқымыздың бай рухани және мәдени қазынасын біз ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан таразылай бастасақ, оның болашақта бүкіл әлемді елең еткізуі мүмкін ерекше қуаты, ең алдымен, философиялық-дүниетанымдық астары өте терең сөз өнеріміз бен саз өнерімізде жатқанына көз жеткізер едік.

Кең дала төсінде мұнаралары күндік жерден көзге шалынатын шаһар да салып байқаған, сол шаһарларындағы алтындатқан ақ сарайларда да тұрып көрген түркі жұртының ата қонысында қалған ұрпақтары – қазақ ұлты – бәлкім ол мекендерін талай рет ойран-топыр еткен соғыстардан сабақ алғаны болар, бәлкім еркін тұрмысқа бейім табиғи қалауы болар, бәлкім катал табиғат пен кең байтақ даламыз болар, әйтеуір, кейін өнер біткеннің бәрінен сөз бен сазды жоғары қойыпты. Және, осы өнерді бір-бірімен бітістіре, ажырамас тұтастықта дамыта отырып, бойындағы барша рухани қуатын соған сіңіре білген.

Философиялық-көзқарастық астары тереңде жатқан мәдени мұрамыздың туындыларын мазмұны мен бояуын төмендетпей өзге тілдерге аударып, әлем жұртшылығына таныта алсақ, қазіргі қазақ мәдениетінің әлемдік мәдени арнаға қосар кәусар бұлағының басы сол болар еді. Оның куәсі ретінде Президент Н.Ә. Назарбаев ұсынған әлемде теңдесі жоқ «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2004-2006, 2007-2009 жж.) бойынша тұңғыш рет мемлекеттік тілде жарық көріп жатқан көптеген тамаша туындылар, солардың ішінде көптомдық әлемдік және ұлттық философиялық еңбектер сериясы болар. 2009 жылы 5-томдық «Қазақ философиясын» тұңғыш рет ағылшын тіліне аударып жарыққа шығару жоспарланып отыр оған дайындық жұмыс басталып та кетті. Осы бағдарламаны қиыншылығына қарамай іске асырып жатқандар Білім және ғылым министрлігіне қарасты жеті гуманитарлық институттар және университеттердегі философ-мамандар. Мәдени мұраны игеру тек тәуелсіздік жағдайында ғана іске аспақ, ал оның негізгі мақсаты ұлттық рухты ояту, оны тәуелсіздік жолындағы жасампаздық іске қосу.

Әр дәуірде ежелгі Қазақстанды қоныстанған арий, ғұн, сақ тайпалары «кейін басқа жаққа көшіп кеткен, олардан қалған мәдениеттің сіздерге қатысы жоқ» дейтін қызғанышқа толы қаңқу пікірлер кейде кездеседі. Қазақ кең байтақ даласындағы мәдениет дамуының біртұтастығын, ежелгі дәуірлерден бастап күні бүгінге дейін үзілмей келе жатқан күретамыр желісін сырттағы «зерттеушілерден» гөрі мына сіз бен біз жан дүниемізбен анығырақ сезінеміз. Сол дәуірлерден сақталған таңбалы тастардағы суреттерді де, «Авестадағы» жырларды да, Анахарсисің қанатты сөздерін де біз өзгелерден гөрі өзгешелеу түйсікпен тереңірек ұғынамыз, түсінеміз. Бұл – бір.

Екіншіден, «Тоныкөк», «Күлтегін» іспетті тасқа қашалып жазылған жырлар, Қорқыт Ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иасауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғани сынды бабаларымыз түбі бір түркі жұртының бәріне ортақ десек те, «қара шаңырақ иесі болып қалған» (Мағжан Жұмабаев) қазақ халқына етене жақын. Сондай-ақ, хатқа түсіп, Еуропа мұрағатында қатталып қалған қыпшақ дәуірінің жәдігері – «Кодекс куманикустағы», өзге де тарихи жазбалардағы жырлардың да түпкі иесін тапқаны ешкімнің намысына тимес. Осылардың барлығы біздің бай мәдени мұраларымыздың бастаулары, ежелгі көшпелілер дүниетанымын қалыптастырған тұлғалар.

Абай мұрасы Шығыс пен Батыс әдебиетіндегі озық көркемдік әдістердің қазақ топырағындағы тоғысуы ғана емес, бұл – халқымыздың тереңнен тамыр тартқан рухани қуатының жаңа пішін мен жаңа көркемдік әдіс тауып, әлемдік мәдениет өріне қарай толқуы. Ұлы Абай ұлттық мәдениетіміздің бойындағы булыққан рух сынды бұлақтың көзін ашты. Оның кепілі ретінде оның әлеуметтік онтологиясы – әлеуметтік болмыс туралы ілімі.

Абайдың шығармашылық кезеңі дәстүрлі қазақ қоғамын өз дамуының жаңа деңгейіне және әлеуметтік болмыс тәсілін түбірімен өзгертуге әкелген тарихи уақыттың аяқталған сәтіне дөп келді. Бұл жерде біз патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының барлық жерге енгізіліп, қазақ қоғамының саяси және мемлекеттік дербестігінің айрықша белгілерінің біртіндеп жойылуымен сипатталатын Қазақстанның Ресейге күштеп қосылу үдерісін айтып отырымыз. Түбегейлі төңкеріс қазақ қоғамының тек өмірқамының тәсілінде, экономикалық және шаруашылық өмір тәртібінде, мемлекеттік-аумақтық басқарылуында ғана емес, сонымен қатар психологиясында, мәдениеті мен көңіл-күйінен де орын алды. Бұл осы ойшыл-ақынның дүниетанымын қалыптастырған жағдайдың алғышарты болды.

Батыс өркениеті мен философиясы, қоғамдық ойдың үздіксіз тарихы, ғылымы мен мәдениеті қазақ данагөйінің рухани есею жолында елеулі рөл атқарып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін өз дүниетанымында тамаша ұштастырды.

Абайдың рухани әлемі – ерекше бір тылсым дүние. Оның негізгі зерттеу объектісі – адам. Сол адамның эстетикалық, этикалық бет пернесі, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тербеністерге түсірген. Олардың негізінде адам және кісілік философиясы жатыр.

Шығыс ойшылы ретінде Абайда қарастырылатын күрделі адам проблемасы үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылықтық, этикалық, эстетикалық жақтарда қаралады. Ал, бұл мәселелердің қайсысының да бір-бірімен тығыз байланыста екендігі күмәнсіз.

Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарай отырып, оның тұтас алғандағы кісілік қалпын, ұжданды, «сегіз

қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки кемеліне жеткен, «толық адам» кейпінде алға тартады. «...Адам деген даңқым бар», - дейді Абай. Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға үндейді, жассылық пен жамандықтың, надандық пен имансыз адамның шынай мәнін ашады.

Абайдың ойшыл-дана ретінде негізгі ұсынар этикалық принципі – «Адам бол» деген сөздермен кірігіп келетін кісілікке, адамгершілікке, имандылыққа жетелеу. Бұл – ақын шығармаларының басты өзегі. Осы арқылы ол адамның қоғамдық өмірдегі басты рөлі мен орнын анықтайды, ондағы сыншыл ақылды жоғары бағалайды. Соған ерекше мән береді. «Әсемпаз болма әрнеге» атты жастарға арналған өлеңінде Абай; - «...Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!», - дейді.

Ақын философиясында адам ақыл-ой мен кісіліктің, еңбексүйгіштік пен білімділіктің, достық пен махаббаттың тоғысқан үлгісі болуға тиіс. Сондықтан да ол «Күн менен айдың, аспанның, ағаштар мен жемістердің, таулардың сәні болғаны секілді, адам – жер бетінің сәні» деп ұғып, өзінің адам болып жаратылғандығын мақтан тұтады.

Абай шығармашылығы – қазақ халқының бай руханилығының шоғыр-ланған көрінісі, Абай – қазақ халқының ар-ожданы, биік рухы. Қазақ мәдениетінде халықтың кемшіліктері мен жамандықтары туралы одан өткір жазған кім бар? Және кім одан артық ағартушылық арқылы қараңғылықтан құтылудың қамын ойлады? Қазақ қоғамының ішіндегі алауыздық пен қырқыстан, жамандық пен пәлекеттерден шаршағаны мен көңілі қалғанына қарамастан, Абай халық рухын жандандыру арқылы бұл қоғамның өзі-нің жетілмеген әлемін өзгертуге, кемелдіктің биігіне жетуге мүмкіндігі бар екенін көрсетіп берді. Абайдың философиясы халық рухының көрінісі ретінде әртүрлі мәдениеттердің түйіскен тұсын білдіреді, ол мәдениеттердің бір бірімен сұхбатын және автордың өзімен өзінің сұхбатын айқырып ашады. Абай уақыттан тыс және кеңістіктік шекарадан тыс биік рухани кемелдікке деген жалпыадамзаттық ұмтылысты білдіруші, сондықтан ол арқылы және оның шығармашылығы арқылы қазақ мәдениеті әлемнің көптеген мәдениеттеріне үйлесе түсінікті болып шықты. Қазақ халқы және оның бай рухани мұрасы өзге халықтардың өкілдерінің жүрегінен орын тепті және бұл үдеріс – жаңа бүгінгі адамзаттық қауымдастықты қалыптас-тырудың, оның гуманистік құндылықтары мен мұраттарының бастауы.

Бұл жағдай өткен заман – қазіргіні түсінудің кілті деген белгілі ақи-қатты дәлелдей түседі. Біздің қазіргіміз – бұл барған сайын жаһандана түскен әлем, онда халықтар мен мәдениеттер барған сайын бір бірінен өзара тәуелді бола түседі. Абайдың онтологиялық көзқарастарынан өніп шық-қан рухани әлеуетті сақтау, оны жаңа тарихи жағдайларда дамыту – біздің өтпелі кезеңнің және біздің бүгінгі замандастарымыздың міндеті. Біздің болмысымыздың қаншалықты шынайы екендігін пайымдауға бізді жақындата түсетін тарихи өткеннің нәрлі дәні оны баға жетпес қазынаға айналдырады, ал бізді рухани кемелдікке және бәсекеге қабілетті қазақ ұлтының тек алға ұмтылуына итермелейді деген ой туындайды. Міне сондықтан, Абай – қазақ халқының жан-жүрегі мен ақыл-ойы – ХХІ ғасырдағы жаһандық әлеуметтік-мәдени өзгерістер дәуірінде рухани өсу мен ағартудың қайнар көзіне айналады. Сонымен Абайдың онтологиялық ілімі қазіргі жаһандануға байланысты туындайтын күрделі мәселелерді, олардың ішінде еркіндік пен руханият проблемасын талдауға, мәдени мұраның мәдени және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы рөлін анықтауға үлкен септігін тигізери айдан анық.

Міржақып Дулатовтың алғашқы өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен жарық көрді. Онда әлеуметтік әділет-тілік, бостандық, азаттық тақырыптары сөз болады. Ол «...жатуың енді, қазақ, жарамас-ты» деп халық рухын осындай өтпелі кезеңде ояту, жандандыру арқылы бүкіл қазақ халқы патшалық Ресей тарапынан жүргізіліп жатқан отарлық қанауға қарсы күреске, ұлттық бірлікке, өнер - білімге шақырады.

Кешегі кеңес заманында да іштегі арманын сөзбен жеткізе алмаған зиялы азаматтарымыздың ұлы баба сөздерін әспеттеп, үнінің алысқа жетуіне жағдай жасауының бір сыры осында жатыр. Қазақтың күйлері мен өнер туындыларын үзбей тындаған ұрпақтың өршіл рухын бойына сіңіріп өспеуі мүмкін емес. Сол рух, міне, бүгін жаһандану заманында біздің егемен елдігімізді дербес демократиялық жолмен қайта құрып, мәдениетімізді дамытып, бүкіл дүниетанымымызды жандандырамыз. Мәдени және рухани мұраны игеру - халық рухын жандандырудың бірден-бір жолы.

Халық рухын оятудың басты құралы - ел арасына ресми түрде кең тарай алатын, бірақ қазақтың ұлттық идеясын насихаттау басты мұраты болып табылатын жаңа газет ұйымдастыру еді. Міне, сонау 1913 жылы дүниеге келген «Қазақ» (1913-1918 жылдар аралығында) газеті қазақ ұлтының санасын ояту мақсатын шебер орындап шықты.

Әлихан Бөкейханов бастаған сол кездегі қазақ зиялыларының бәрін бір мақсатқа жұмылдырып, солардың үнін қалың жұртшылыққа жеткізіп тұрған «Қазақ» газетінің бес жыл бойы 265 нөмірі жарық көріпті. Қазіргі өлшеммен қарасақ, тым аз. Бірақ, сол өтпелі аумалы-төкпелі замандағы қалыптасқан әлеуметтік-саяси ахуал тұрғысынан бағаласақ, Ресей империясының отарлау саясаты шарықтап тұрған езгідегі елде, отаршылдардың көз алдында, ұлттық тәуелсіздік идеясын насихаттайтын газетті бес жыл бойы шығарып тұру үлкен ерлік пен батырлық болатын.

«Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында іштей топтастыра алды, тынымсыз соғылған қоңырау сынды халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мындаған зерделі жасты ұлттық тәуелсіздік туының астына жинай білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі саяси-қоғамдық ұйым: ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйтық болған да осы газет. Заман аударылып-төң-керіле бастаған тұста Қазақ елін аласапыраннан аман-есен алып шығып, өз алдына дербес автономиялық мемлекет мәртебесіне жеткізуді мұрат тұтқан Алашорда үкіметінің үні болған да осы газет. Амал не, сөз жүзінде езілген ұлттар құқығын мойындауды жария еткенімен, іс жүзінде мүлде басқа принципті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды.

Алайда, «Қазақ» газеті мәдени мұра феномені ретінде өзіне жүктелген міндетті орындап, мақсатына жетіп үлгерген еді. Оның тәуелсіз ел болуға шақырған ұлттық үні ұрпақтан ұрпаққа жаңғырып жететін үзілмейтін ұлы сарынға ұласқан. «Қазақ» газеті, - деп жазды Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында, - ...ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жинап, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытқа келді. Бұл тұтынған жолында «Қазақ» газеті өз міндетін дөп атқарды».

Ал, ХХ ғасырдың басында ел қамы үшін күрескен қазақ зиялыларының бірі Халел Досмұхамедов 1931 жылы ОГПУ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) тергеушілеріне берген жауабында «Қазақ» газеті туралы былай дейді: «1913 жылы А. Байтұрсынов пен М. Дулатов ұлттық-демо-кратиялық

бағыттағы «Қазақ» газетін шығара бастады. Олар өздерінің төңірегіне мұғалімдердің айтарлықтай бөлігін, Орынбор мен Уфа қалаларының медреселерінде оқитын шәкірттерді топтастыра білді.

Орта және жоғары білімді қазақ зиялыларының басым көпшілігі «Қазаққа» ерді. Бөкейханов «Қазақтың» басты жетекшісі болды, оның платформасын анықтауға ат салысты... «Қазақ» газеті бірінші орыс революциясы оятқан қазақ халқының белгілі қауымын ұйымдастыратын және оған басшылық жасайтын орталыққа айналды. Газет қазақтың саяси өмірі жөнінен маңызды мақалалар беріп тұрды, көптеген көкейтесті мәселелер бойынша пікірталастар ұйымдастырды және сол кездегі қоғамдық-саяси ойды бір арнаға бағыттаушы болды. Мұндай газет жұрттың бәрін бірдей бір қалыпты ойлауға көшіруді мақсат тұтқан Кеңес өкіметіне ұнамауы түсінікті еді. Жаңа қоғамның қырағы сақшылары ұлттық тәуелсіздікке үндеген газеттің барлық нөмірін жетпіс жыл бойы ешкімнің назары түспейтін қапаста ұстап-ақ келді. Бірақ, «Қазақ» газеті қаққан тәуелсіздік қонырауының сарыны ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан көтерілісіне ұласып, бостандық пен тәуелсіздікті, азаттық пен дербес дамуды аңсаған азаматтар рухын шыңдаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз ел болуға жеткізіп отырған да сол рух. Мәдени мұраны белсенді түрде игере отырып, халық рухын ояту мен жандандыру арқылы тәуелсіз елімізді бәсекеге қабілетті ең дамыған 50 елдер қатарына қосарымыз сөзсіз.

Кезінде «Қазақ» газеті бетінде көтерілген ауқымды саяси-экономика-лық және дүниетанымдық, философиялық, әлеуметтік мәселелерді қарастырып, олардың бүгінгі күнгі өзекті мәселелермен үндестігін зерттеген жөн.

Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандық тұтастану, шекара талғаймайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Ендігі жерде өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, жалпы жанарған ұлттық рухты аман алып қалу жолында жанталасуы қажет.

Біз үшін жасанды, виртуальды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өз төлтумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалуымыз маңызды болып отыр. Батыс мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай ХХІ ғасырдағы рухы биік жа-нарған мәдениетімізді дамытқанымыз жөн. Рухы мен мәдениеті биік деңгейдегі халық пен мемлекеттің болашағы жарқын. Оған ешқандай күмән болмас.

Шынында, жер бетіндегі тіршілік иесі еркіндік үшін жаратылған. Өсім-дік екеш өсімдік те қалағанынша өркен жайып, өз қуаты жеткенше күнге қарай бой созуға ұмтылады. Жан-жануар атаулының да аңсары сол. Ал, адам ше?! Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, құндақтауға көнбей еркіндікке талпынған тірі пенде қашан жер қойнына кіргенше өз мүддесі жолында тырмысып, тырбанып өтпей ме?! Тіпті, нағыз тәубәшіл де төзімді кісінің жан сарайына үңіліп қараңыз, оның да көкірегі еркіндікке бұлқы-ған арман мен мұратқа толы.

Шыққан тегі мен өскен тарихының, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқының, табиғи ортасы мен шаруашылығының, ең соңында, ұлттық ойлауы мен тілінің, дүниетанымының тығыз байланысы бір ұлт етіп ұйытқан кез келген халық та әлгі жеке адам сияқты ғұмыр бойы азат және тәуелсіз ел болуды, жұмыр жер бетінен, адамзат тарихынан өзіне лайықты

орнын алуды армандап өтеді. Арманынан айырылған, сенім мен мұратын жоғалтқан адам да, халық та, мемлекет те дара тұлғалық қасиетінен айырылып, азып-тозып, ақырында жоғалып бітеді.

Үш жүз жыл бойы бодандық бұғауында тұншыққан қазақ халқының қайтадан ұлттық идеяны ту етіп дербес мемлекетін орнатып, айналасы он алты жылдың ішінде төрткүл дүниеге танылуына жеткізген қандай ұлы күш еді, - деп таң қалатындар болса, сол ұлы күш осы - ғасырлар бойы хал-қымыз көкірегінен өшпеген ұлттық намыс пен ұлттық, азаттық рухы. Сонау көк түріктер заманында айбынымен жарты әлемді ықтырған жауынгер жұрттың тікелей мұрагерлері кейін адамзат көшінің соңына сырғып, бодандық қамытын мойнына киеді деп кім ойлаған?!

Бұл, бәлкім, кезінде ертеңгі болашағын парасатпен бағамдай алмай, қауіп-қатерді елең қылмай, өзге жұрт жаппай меңгеріп жатқан жаңалық атаулыны көзіне ілмей астамсыған тәкаппарлығымыздың жазасы болар. Бұл, бәлкім, адамзат дамуының ұлан-асыр дамуының өн бойында көшбасшылық тізгінін алма-кезек қолына алған халықтарды дүркін-дүркін сынға салып, ділі мен тілінің, рухы мен төзімділігінің беріктігін тексеріп отыратын тарих заңы болар. Қалай болғанда да, бір кезде ат тұяғы жетер маңдағы жұртты айбынымен сескендіріп, Еуразия құрлығының орталығын емін-еркін иемденген бостандық сүйгіш халқымыздың сыртқы және ішкі қайшылықтар мен жанжалдар шырғауынан шыға алмай, ақыр соңында бодандық бұғауына маталып тынғаны ақиқат.

Ұлы Абай айтқандай «Өз еркіміз өз қолымыздан кетіп», жат жұрттың қабағына жалтақтаған үш ғасыр бойғы өзгеге тәуелділік халқымыздың бірнеше буын ұрпағының бойындағы тәуелсіз елдік, отаншылдық, ұлтжандылық рухын езіп-жаншып, дүниетанымымыз бен ділімізді әр түрлі китұр-қы идеологиялық қисындар қалыбына салуға тырысып баққаны рас. Бірақ, халық көкірегіндегі тәуелсіз елдігін қайта орнатсақ деген сенім мен үміт ұшқыны қоздап жанып, ауық-ауық лап етіп белгі беріп қалатын. Әсіресе, ХХ ғасырдың басында қаулап өсіп жетілген демократиялық ұлттық интеллигенция шоғыры, ұлттық кәсіби саяси және интеллектуалдық элита өз халқының мүддесі мен болашақ дербес даму бағдарын айқындауға бел шеше кірісті. Олардың қатарында Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, М. Дулатов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев және тағы басқа данышпандар болды. Жан-жақты білімдарлық пен парасаттылықты, саяси күрес-тің тәсілдері мен қалыптасқан жағдайды шынайы бағалай білуді жетік меңгерген демократияшыл қазақ зиялыларының бұл тобы бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістердің жалаң қылышпен зеңбіректің аузына қарсы шабатын аккөз басшыларынан мүлде өзгеше тұғын. Олар туған халқының көзін ашып, көмескі тартқан рухын оятып, біліммен қаруландырып, бірте-бірте тәуелсіз ел болуға жеткізудің қиын да болса, ең сенімді жолын саналылықпен тандап алды. Бірақ, осындай кәсіби зиялылар қаққан тәуелсіздік қонырауының сарыны ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бостандық пен тәуелсіздікті, азаттық пен дербес дамуды аңсаған біз атаған азаматтар рухын шыңдаумен болды. Бізді бүгінгі тәуелсіз демократиялық ел болуға жеткізіп отырған да сол биік өршіл рух.

Халық жадында жаңғырып, оның күнделікті өмірімен астасып, сабақтасып отырмайтын тарих - өлі тарих. Жансыз тарих жер бетінен жоғалған халықтарда ғана болады. Бұрын Қазақ елінің тарихы, қазақ халқының жүріп өткен ұлы тарихи жолы құр деректер тізбегі түрінде самарқау баяндалып

келсе, бүгінгі талап басқа. Біз осы тарихымызды ұлттық және стратегиялық мүдде тұрғысынан, халқымыздың ізгілікке, елдікке, өркениеттілікке ұмтылуының үздіксіз саяси процесс ретіндегі ұлт-азаттық күрестер түріндегі қасіретінен сабақ алып, жарқын тұстарына орынды мақтана отырып, қайта жазып шығуымыз қажет сияқты. Осы орайда, халқымыздың қоғамдық-саяси ойы дамуының елеулі кезеңінің шежіресі іспетті тәуелсіз ел тарихын қайта бір парақтап шығу бүгінгі бізге де, болашақ ұрпаққа да пайдалы болмақ. Сондықтан сонау XX ғасыр басындағы зиялы қауым ұстанған ұлттық идея бүгінгі күні тәуелсіз елімізде толығырақ іске асуда.

Алайда, қазіргі заманда жаһандану процесі ықпалынан оқшау қалу мүмкін емес екені белгілі. Жаһандану жағдайындағы Шығыс пен Батыстың, Азия мен Еуропаның сұхбаты мәселесінің Қазақстанда күн тәртібіне қойылып, біздің елімізде шешімі табылуы мүмкін екендігіне төмендегідей жағдайлар негіз болады: біріншіден, қазақстандық (өз рухы бойынша еуроазиялық) философияның өзіндік ерекшелігі қазіргі кезеңде әлемдік өркениеттік кеңістіктің кең көлеміне шығуға мүмкіндік береді, мәдениеттер мен өркениеттердің сұхбатына шақырады. Екіншіден, біз үшін жаңа мәдени-тарихи өлшемдерге осындай болып ену қазақстандық мәдениеттің басқа мәдениеттермен танысуы арқылы өзінің көкжиегін «кеңейтуге» көмектеседі және бұл үдерістің өзін тереңірек тануға мүмкіндіктер ашылады. Сөйтіп, сол арқылы әлемдік дамудың жаңа биіктеріне көтерілуге болады. Үшіншіден, жаһанданудың жаңа үлгісі, міне, осылай әлемдік ақпараттар ағымына қосылатындай мәдениеттердің ашық, шығармашылықты қолдайтын сұхбатын артық көреді. Бірақ сонымен қатар өзіндік ұлттық төлтумалықты, өзіндік ұлттық болмыс пен намысты, халықтың ұлттық бірегейлігін және қайталанбастығын сақтап қалу қажеттілігі бар. Бұл бағытта елімізде нақылы шаралар да атқарылып жатыр.

Міне, осындай қиын өтпелі кезеңде қайшылықтар мен жанжалдарды реттеуге Шығыс философиясы, оның ішінде қазақ-түрік философиясы қатысады. Қазіргі кезеңде Батыс философиясы мен Шығыс философиясы қарама-қарсы бағыттарда дамып бара жатқандай. Батыстықтар жасанды виртуальды әлемге талпынса, Шығыс философиясы, оның ішінде қазақ философиясы болмыстың нағыз шынайы рухани әлеміне шақыру үстінде. Қазақ философиясы мәдениет әмбебаптарына, қазақ өркениетіне, сондықтан қазақ рухына және нақты әлемге жақын.

Осы «екі қарама-қарсы бағыттың» түйісуі қажетті байланысты туғызады, бір-бірін толықтыратын мүмкіндіктер ашады. Сөйтіп, қазір жаһандану заманында біртұтас, біріккен болашақтағы еуразиялық философия қалыптастыру мүмкіндігі туып отыр. Егер қазақтың дәстүрлі философиясы осы кезге дейін ғылым формасындағы батыстық канондарға сәйкес келмей келсе, онда қазіргі қазақстандық философия өзінің бойына батыстың да, қазақтың ой-толғауының да озық үлгілерін жинақтап үлгірді. Қазақ халқының ғасырлар бойы қордаланған бай даналық мұрасын қазіргі қазақстандық философия жаңа категориялық аппаратпен сараптаудан өткізуде, халықтық дүниетанымның терең тамырлары мен қырларын өрнектеу үстінде. Міне, осының негізінде мәдениеттер мен өркениеттер арасында тиімді сұхбат орнайтынына нақты сенім білдіреміз.

Өрине, шығыстық және батыстық философия мен мәдениетті жақын-дастыру бір күндік іс емес, ол болашақта жүзеге аса беретін үлкен ұзақ мерзімді құбылыс. Бірақ, осы

бірігудің белгілері қазіргі тәуелсіз Қазақстан жерінде көрініс табуда. Бұл жаңа ғасырда қазақ философиясының теориясы мен тарихын зерттеу жаңа деңгейде жүреді деген үмітті ұялатады. Біз қазақ философиясының өткені мен болашағын сабақтастырудағы жаңа кезең болатынына кәміл сенеміз. Осы бағытта Философия және саясаттану институтында бес кітаптан тұратын «Қазақ даласының ойшылдары» атты қазақ рухын зерттеуге арналған іргелі жұмыс аяқталды. Алғашқы төрт кітабы жарық көрді, сөйтіп оқырман қауымның қолына тиді. Бесінші кітап осы жылдың аяғында жарық көруі мүмкін. Сонымен қатар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалпы саны 500 томдық жаңа туындылар жарық көруде. Солардың ішінен тұңғыш рет 20 томдық «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», 20 томдық «Әлемдік философиялық мұра», 10 томдық «Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы» жарық көруде.

20 томдық «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» мынандай:

- 1 том – Ежелгі көшпелілер дүниетаным.
- 2 том – Әл-Фараби философиясы.
- 3 том – Әл-Фараби философиясы.
- 4 том – Ислам философиясы.
- 5 том – Орта ғасырдағы түркі ойшылдары.
- 6 том – Қазақтың тарих философиясы.
- 7 том – Қазақтың халық философиясы.
- 8 том – Қазақ акын-жырауларының философиясы.
- 9 том – Қазақтың би-шешендерінің философиясы.
- 10 том – Қазақ ағартушыларының философиясы.
- 11 том – XX ғасырдың басындағы қазақтың ояну философиясы.
- 12 том – Қазақтың этикасы мен эстетикасы.
- 13 том – Диалектикалық логика.
- 14 том – Философия тарихы.
- 15 том – Ғылым философиясы және әдіснамасы.
- 16 том – Фарабитану.
- 17 том – Әлеуметтік философия.
- 18 том – Таным теориясы.
- 19 том – Философиялық антропология, мәдениет философиясы, дін философиясы.
- 20 том – Тәуелсіз Қазақстан философиясы.

20 томдық «Әлемдік философиялық мұра» бойынша мынандай еңбектер бар:

- 1 том – Ежелгі Шығыс философиясы.
- 2 том – Антикалық философия.
- 3 том – Аристотель философиясы.
- 4 том – Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы.
- 5 том – Орта ғасырлық діни философиясы.
- 6 том – Жаңа дәуір философиясы.
- 7 том – Жаңа дәуірдегі француз философиясы.
- 8 том – Кант пен Гегель философиясы.
- 9 том – Өмір философиясы.
- 10 том – Ғылым және техниканың батыстық философиясы.
- 11 том – Өмір сүру философиясы.
- 12 том – Орыс философиясы.
- 13 том – Классикалық емес Батыс философиясы.
- 14 том – Ашық қоғам философиясы.
- 15 том – Постмодерн философиясы.
- 16 том – XX ғасырдағы тарих философиясы.
- 17 том – XX ғасырдағы мәдениет философиясы.
- 18 том – Қазіргі Шығыс философиясы.
- 19 том – Қазіргі мұсылман философиясы.
- 20 том – Қазіргі түрік философиясы.

10 томдық «Әл-Фараби мұрасы» бойынша мынандай еңбектер жарық көрмек:

- 1 том – Әл-Фараби метафизикасы.
- 2 том – Әл-Фараби метафизикасы.
- 3 том – Әл-Фараби логикасы.
- 4 том – Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясы, этикасы және эстетикасы.
- 5 том – Әл-Фарабидің әлеуметтік философиясы, этикасы және эстетикасы.
- 6 том – Әл-Фараби. Жаратылыстану және математика.
- 7 том – Әл-Фараби. Птоломейдің «Альмагестіне» түсініктемелер.
- 8 том – Әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап.

9 том – Әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап.

10 том – Әл-Фараби. Библиография.

Осындай жүйелі қомақты жұмыстар еліміздің рухани-мәдени тәуелсіздігін одан ары нығайтуға септігін тигізеріне, еліміздің жаһандану процесіне енуінің қажетті баспалдағы болатынына кәміл сенеміз. Ол үшін «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген әдебиеттерді еліміздің білім беру саласына тиімді формамен тезірек енгізген жөн деп есептеймін. Ендеше, мәдени мұраны белсенді игеру арқылы ұлттық рухымызды жандандырамыз, соның арқасында бәсекеге қабілетті өркениетті елдер қатарындағы тәуелсіздігімізді нығайта бермекпіз. Лайым, солай болғай!

Статья: «Независимость. Культурное наследие. Национальное пробуждение»

Автор: Абдумалик Нысанбаев – академик НАН РК

В статье рассматривается богатое духовное и культурное наследие казахского народа как основа независимости страны. Современное состояние культурного наследия Казахстана характеризуется усиленным обеспечением комплекса мер по сохранению и дальнейшему развитию многовековых традиций. Начиная с 90-х г. прошлого столетия практически приостановлено издание основополагающих трудов мировой научной мысли в области философии, истории, юриспруденции и т.д., а также художественной литературы для казахскоязычной аудитории. В этой связи, в целях воспитания подрастающего поколения в духе патриотизма и восполнения пробелов в полноценном изучении исторического, культурного наследия, а также обобщения многовекового духовного опыта казахского народа, становятся особо актуальными вопросы создания развернутых исторических, художественных, научных серий на государственном языке. Происходит естественное старение письменного наследия, документов, произведенных из органических материалов. Это требует принятия срочных мер для обеспечения их сохранности и консервации.

“Cultural heritage. National spirit. Independence”

Abdumalik Nysanbayev – academician of the National Academy of Sciences of RK

Rich spiritual and cultural heritage of Kazakh people as a basis of independence of the country are being examined in the article. The contemporary state of cultural heritage of Kazakhstan is characterized by provision of a number of measures on preservation and further development of centuries-old traditions. Since 90th years of the last century, publication of fundamental works of world-wide scientific thinking in the field of philosophy, history, jurisprudence as well as fiction for Kazakh audience is almost suspended. In this context, with a view of upbringing of the younger generation in spirit of the Kazakhstan patriotism and filling of the gaps in high-grade study of historical and cultural heritage as well as summarizing the centuries-old spiritual experience of Kazakh people, issues of creation of the developed historical, art, scientific series in state language are getting urgent. There is also a natural ageing of written heritage and documents, made from organic materials. It is required to take urgent measures for safety and preservation of these documents.

XIX ғ. соңы мен XX ғасыр басындағы Ресей мемлекеттануының азаматтық қоғам түсінігі

Балташ ҚАРИПОВ,

«Фемида» Қарағанды заң академиясы Көкшетау филиалының директоры, доцент

Ресейдің мемлекеттанушылары либералдық үлгінің тек философиялық – теориялық негізін ғана қалап қойған жоқ, сонымен бірге оның тұтастығы мен аяқталғандығының бейнесін жасаған жүйесін құрайтын принциптер қатарын әзірледі. Бұл принциптер шынайы саяси жағдайда либералды-демократиялық құндылықтардың тұрақтануына бейімдейтін кепілдік-түсініктер жүйесінде берілді. Бұл жүйенің мақсатты бағдары мемлекеттің сырттан да, іштен де шектелуіне бейімделген.

Түсінік – кепілдіктердің әрқайсысы проблемаларды яғни жеке тұлға мен мемлекет немесе мемлекеттің саяси құрылымын шешу технологияларының құрамды бөлшектерінің дәлелді жиынтығын танытты.

Ресейлік мемлекеттік ойлардағы кепілдіктер тақырыбы құқықтық мемлекет тұжырымдамасында өзінің дәл бетбейнесін таныта алды.

Бұл тұжырымдаманы либералдың мемлекеттанушылар XIX ғасырдың екінші жартысында белсенді түрде әзірлеуге кірісті. Ол сол кездегі қоғам мен мемлекет дамуының әлеуметтік-тарихи жүйесімен байланысты болатын.

Құқықтық мемлекеттілік туралы отандық және шетелдік ұсынулар ауқымы тұрғысынан келе олар құқықтың өктемдігі туралы көзқарастардың біртума және мазмұнды жүйесін жасады. Бұл жүйені жасауға жеке тұлғаның либералистік ұстанымы негіз болды. Құқықтық мемлекеттің теориялық тұжырымы, әрине, сараптама үшін қажетті ізгі архетип еді.

Оның мазмұны мынадай түсінік-кепілдіктерден құралды: а) мемлекеттің құқықтық байланыстылығы; ә) заңның үстемділігі; б) өкіметті бөлу принципі; в) тұлғаны құқықтық қорғау; г) азаматтық қоғам.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында орыстың саяси-құқықтық ойларында азаматтық қоғам идеяларын сараптамаға екі негізгі көзқарас қалыптасты.

Азаматтық қоғамды түсініп-білуге саясиқоғамдық көзқарас табиғи құқық тұжырымына негізделді. Орыс құқықтануындағы табиғи құқықты зерттеуде екі мектеп-классикалық табиғи құқық және «жаңартылған» табиғи құқық – қалыптасты.

Олардың біріншісі А.П. Куницынның, В.Ф. Золотникийдің, К.Д. Кавелиннің, Б.Н. Чичериннің есімдерімен байланысты. Екіншісін ресейлік жаңа либерализмнің идеологтары П.И. Новгородцев, В.М. Гессен, Е.Н. Трубецкой

қалыптастырды.

Сондықтан да табиғи заңдар ең бастысы нормативті-ізгі және өнегелі мағынасында қабылданды. Бұл принциптер адамдардың мінез-құлықтарының үлгілерін және олардың лазымсыз әрекеттерін қалады.

Табиғи құқықтың доктриннің жақтаушылары құқықты табиғи және позитивті деп болуден басқа азаматтық қоғамның сараптамасы үшін субъективті және объективті құқықты бөліп көрсетеді. Орыс заңгерлерінің көзқарастары бойынша Құқық адамдар арасындағы Қарым-қатынасты үйлестіруі және ретке келтіруі керек. Құқықтың әр тарауына қоғамдық өмір мен адамдар қарым-қатынасының белгілі бір ортасы сәйнес келеді

1) Табиғи құқықтың

2) Позитивті құқық қағидаларына негізделетін пен азаматтық құқық құқықтың басқарудың маңызды ортасы болып сапалатын мемлекет пен азаматтық қоғамға қатысты болып келеді. Құқықтың көне түрлерінің бірі болып саналатын азаматтық қоғам азаматтық қоғам мүшелері ретіндегі адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейді. «Азаматтық қоғам» деген түсінін алғаш рет азаматтық құқықтың қосымша ортасы ретінде пайда болды.

Орыс құқықтанушыларының пайымдауынша, азаматтық құқық азаматтың қоғамның нақты құрамы мен маңызды белгілерін нақтылайды. Ең алдымен құқық адамдардың сыртқы бостандығының аясына жаттатындықтан, соңғысы азаматтық қоғамның атрибуті ретінде танылады. Чичеринше бостандық «адамзат қоғамының өзгеше белгісі» болып қызмет етеді. Ол қоғамның өмір сүруінің мән-мағынасы ретіндегі жеке бостандықты сипаттайды, ал ол азаматтық құқықта толығырақ бейкеленген.

XIX-XX ғасырлар межесінде пайда болған және қалыптасқан «жаңарған» табиғи құқықтың өкілдері классикалық мектептің негізгі дәстүрлерін жалғастырды. Сонымен бірге олар оның басты тезисін амықтады: барлық мезгіл-кездерге және барлық жерге жарамды өзгермейтін тамаша құқықтық тәртіптің мүмкіндігі.

Орыстың саяси-құқықтық ойына табиғи құқықтың статистік қабылдауының орнына мазмұны өзгеріп тұратын табиғи құқық туралы идея келеді: Оның жақтаушылары құқықтың барлық теориясы мен тәжірибесі үшін негіз болып қызмет ететін позитивті құқықтың нормаларына бағынбайтын объективті бастауларын іздестіруге талаптанады.

Табиғи құқықтың ескі мектебінің негізгі қағидаларын ескермей, олар саяси-құқықтық идеалдың ресми мақұлданған құрылымында үйлеседі. Олардың пікірінше, табиғи құқық әр нақты дәуірде құқық талпыныс қылу керек идеалды танытуы қажет. Сол себептен де «Қайта өркендеген» табиғи құқықтың теоретиктерінің бірі П.И. Новгородцев табиғи құқықтан бас тарту қызмет етіп тұрған құқыққа баға беру үшін қажетті өлшеуіштен айырылып қалуға аппаратынын айтты. Ол былай деп жазды: «ресми мақұлданған әдістемемен, идеалдық талпынулармен, өнегелі және нормативті бастау әрі нормативті қараулар үшін өздік мағынасын мойындаумен толықтырылған табиғи құқық қажет».

Тессептің пікірі бойынша, жаңа табиғи құқық өмір сүріп тұрған тіршіліктен тұрған құрылыстағы реформалар мен өзгерістердің талабы ретінде, оң құқықтық-сынның табиғи-құқықтық сынының «талабы ретінде пайда болады, оның көзқарасы бойынша заманауилық қоғамның құқықтық идеалдарына сәйкесуі керек».

Новгородцевтің түсінігі азаматтық қоғамды тануда табиғи құқықтың дәстүрлі мектебі өкілдерінің түсінігімен үйлеспейді. Ол үшін бостандықты және жеке өмірдің әртүрлігін байқататын азаматтық қоғам идеал ғана емес, адамдардың ортақ мүдделеріне және бірлескен қызметтеріне негізделген ықтымақтастықтың тарихи үлгісі, адам заттың лайықты тіршілік ету мүмкіндігін мақұлдайтын үлгісі. Оның осы ұстанымын «жаңа» мектепті жактайтындар да бөліседі.

Олардың көзқарасында азаматтық қоғамның және оның институттарының тарихи дамуы табиғи құқықтың принциптерімен ауысу мен жалғасын табады.

Сөйтіп, «Қайта өркендеген» табиғи құқықтың орыс мектебі өкілдерінің түсінігінде азаматтық қоғам-үзіліссіз өзгерісте болатын қоғамдық одақ. Адамдардың ынтымақтастығы негіз болатын бұл одақ әлдекімдердің не мекемелердің жоғарыдан берген бұйрығы бойынша құрылған жоқ, ол тұлғалардың өздерінің ортақ мүдделерін сезінген іскерлігінің және қажырлы әрекеттерінің нәтижесі болып саналады. Ол бір адамның басқа адамдарды құлдану мүмкіндігін жоққа шығарады, осы мақсатпен азаматтық – құқықтық тәртіпті дүниеге әкеледі және орнықтырады.

Азаматтық қоғамның әлеуметтік-философиялық сараптамаcы XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басында орыс философтарының еңбектерінде жасалған. Франктің «Қоғамның рухани негіздерінде» азаматтық қоғам зерттеу білудің дербес объектісіне бөліп шығарылады. Қоғамдық өмірді ұйымдастыру принциптерін сипаттай отырып, ол оның дуалисті деген қорытындыға келеді, яғни басталу бір-бірімен байланысты және қарама-қарсы деген қорытындыға келеді.

Қоғам, бір жағынан, идеяларды іске асыруды мәжбүрлі ұйымдастыруды байқататын жоспарлылықтың ықпалымен, екінші жағынан, кей жеке адамдардың және қоғамның кей бөліктерінің стихиялық, оркінен тыс әрекеттерімен құрылады.

Демек, қоғам әдейі-жоспарлы әрі ұйымдасқан түрде құрылады немесе өмірдің шынайы жүрісінен «өздігінен» стихиялы түрде пайда болады.

«Бұл қоғамдық болмыстың екі қажетті әрі қатысты басы, - деп жазды Франк, - қоғамдық өмірдің екі түрінде: мемлекетте және азаматтық қоғамда нақты әлпетін көрсетеді».

Франк өзінің азаматтық қоғамның тұжырымдамасында дарашыл және социалистік ғибраттарға тәр методологиялық дарашылдық пен телеологизмді женуге талаптанады. Ол азаматтық қоғамның мәнін функционалдық тұрғыдан келетін ұстаным арқылы айқындайды.

«Қоғам құрылымында дарашылдық жағдай қоғамдық өмірдің максаты емес, ал тек функциясы ғана, бірақ қоғамның дарашылдықтан тыс бірлікті көздейтін қажетті қызметі. Ал дарашылдық жағдайда қоғам белсенді күштердің жекеленген орталықтарының бір-біріне бағынышты емес жеке-жеке топтарға бөлінушілікке желеді». Азаматтық қоғамның маңызды сипаты болып тұлғаның бостандығы және адамдар арасындағы ынтымақтастық саналады.

Франк тұлға бостандығын қоғамның табиғи жағдайынан туындайтын жаратылысынан алғашқы құқық деп түсінбейді, керісінше қызметтік құндылығы бар қоғамдық міндет деп түсінеді. Жалпы тұлғаның субъективті құқығы емес, қоғамға қызмет ету ықыласы жеке бостандық мазмұнын құрайды және оның қызметтік белгілері айқындайды. Өз кезегінде қоғам мүшелерінің тәуелсіздігі, олардың дербестігі озара қарымқатынастың, қоғамдық бірліктің қажетті формасы. Жеке адамдар озара емін-еркін түрде мәмілеге келе алуы арқылы байланысты. Азаматтық қоғам-жеке бостандықты іске асыру ортасы бола тұра «жеке еркін адамдардың өз еркі мен қарым-қатынас жасауының және бір нелісімге келуінің жүйесі».

Демек, тұлға бостандығы азаматтық қоғам мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың да сондайлық еркіндекте болуын жорамалдайды.

Сонымен, Франкке азаматтық қоғам бөлшектелген тұтас нәрсе болып елестейді, ол ней жеке элементтердің келісім негізінде байланысуы арқылы құралады, ол «еркін ынтымақтан, қоғамның кей мүшелерінің еркін келісімінен спонтанды құралатын қоғамдың бірлік».

«Азаматтық қоғам» деген түсініктің мазмұнын аша отырып, Франк жеке меншік сипаттамасына егжей-тегжейлі тоқталады.

Оның пікірінше, жеке меншік азаматтық қоғамның қобіне жағдайын және дамуын анықтайтын аса маңызды институты болып саналады. Ол «Қызмет етудегі ынтымақтастық іске асырылатын форма».

Азаматтық қоғамның институты ретіндегі жеке меншіктің қажеттілігі мемлекетпен оның байланыс сипатын шарттастырады. Азаматтық қоғам мен мемлекеттің қарым-қатынас мәселесі орыс құқықтанушылары мен философтарының әзірлейтін басым тақырыптарының ішіне санына енді. Табиғи-құқықтық мектептің, ескісінің де, жақасының да өкілдерінің көпшілігі азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы байланыстағы тепе-теңдік және өзара толтырушылық тұжырымдамасының жантаушылары болды.

Чичеріннің пікірінше, қоғам тұтас дүние ретінде қоғамдық одантар қызметінде оздерін көрсетеді. Солардың бірі ретіндегі мемлекетке қоғамдағы жоғарғы өкімет жатады. Дегенмен ол қоғамдық өмірдегі алуан-алуан жағдайдың бәрі қамти алмайсы. «Бірлік шамасында», - деп жазды ол, - жеке тұлғаларға және жеке одақтарға орын бар; олардың акасы да, мынасы да бостандық пен дербестікті талап етеді».

Бұл дербестікті мемлекет және оның органдары тарапынан бұзушылық деспотизмге әкеледі. Демек, бостандық-азаматтық қоғам мен мемлекеттің өмір сүруінің қажетті шарты. Ол қызмет ету ортасына жаттатын екеуінің де бір мезгілде дамуын болжайды.

Мемлекет заң шығаратын субъект ретінде өз ахуалын қиянат етуге пайдаланбауы қажет. Керісінше, заңдарды қабылдай отырып және қағидаларды белгілей отырып, ол азаматтық қоғамның институттары мен жеке одақтары негізінде жатқан бастауларды басшылыққа алуы міндетті.

Мемлекетке қорғаушылық қызмет жатады, оған азаматтық – құқықтық институттарды, оның ішінде жеке меншік инс-

титуттарды, отбасыларын, тектілікті, міндеттерді, т.б. бекте түсу және қорғау жатады.

Орыс мемлекеттанушыларының бірі ретінде Чичерин мемлекет пен азаматтық қоғам қарым-қатыстарының бірізділігі принциптерін тұрақтандыруды жақтады, оның мазмұны «бостандық басын өкімет пен заңның басталуымен» табыстыруға бағытталды. Мемлекеттің рөлін осылай түсіну Чичерин шығармашылығын зерттеушілер «қорғаушы либерализмінің тужырымдамасын жасаудағы айқын роль оған жаттатынын растады».

Азаматтық қоғам мен мемлекет арақатынасының проблемасын Новгородцев те қарастырады. Карл Марксті болашақ қоғам жобасын утопиялылығы және тұлғаны елемейтін үшін сынай отырып, саяси төңкеріс өзінің өмір сүру негізіне, табиғи тірек ретіндегі азаматтық қоғамға жатады деген тезис негіздеді. Орыс құқықтанушысы қоғам мен мемлекеттің бірігу идеясымен келіспейді, яғни болашақтағы социалистік төңкеріс үдерісінде қоғамның мемлекетті жұтуын жақтамайды. Қоғамның мемлекетсіз жағдайы ретіндегі коммунизм идеясына құқықтық идеясын қарама-қарсы қояды.

Новгородцевтің пікірі бойынша, құқықтық мемлекет тұлғаның сайлануы, бостандығы, оның құқығы мен міндеттері қағидаларына негізделеді. Ол тәуелсіз мемлекет болуға, яғни әр адамға жеке шығармашылықты және оны көрсетуді қамтамасыз етуге ұмтылады. Сонымен қатар, бұл адамдардың азаматтық қоғамдағы бостандығы шексіз екендігін білдірмейді. Бұл бостандықтың шектелуі құқықтың өзімен анықталады. Бостандық қағидасы өз мағынасы тұрғысында оған мызғымас болып қала береді. «Жеке ықыластар» қайшылықтардан жоғары тұра тұрып, мемлекет бостандықты басып - жаныштайды, тек оны ара қатынасқа енетін тұлғалар байланысынан туындайтын жоғары мақсатқа бағындырады. Осыдан келіп құқықтық мемлекет идеяларына екі жақты анықтама шығады: бір жағынан, бұл-оған енетін тұлғалардың жалпы байланыстарын ұйымдастыру, басқа жағынан, бұл- бостандық жүйесі. Осыдан келіп, мемлекет пен қоғамды қарама-қарсы қоюы тиіс.

Жалпы мемлекеттік мақсаттың бірлігі - бостандықты білдіру мен жеке өмірдің әртүрлігін басып-жанышпауы әрі жұтып жібермеуі.

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында орыс саяси-құқықтық ойларында азаматтық қоғамға мемлекет пен жеке тұлға арасындағы аралық топ рөлі беріледі. Тұлғаның қажеттіліктері мемлекет тарапынан да, азаматтық қоғам тарапынан да қанағаттандырылады. Соңғысы-азаматтардың барлығын сырттан және іштен қорғау аясында ғана емес, азаматтардың қызметтерін көрсететін қоғам.

Жекелеген азаматтардың құқығын жасай және қорғай отырып, мемлекет ақылдан туындайтын дерексіз құрылымдар негізінде емес, азаматтардың барлық жиынтығының мәдениет деңгейі мен қажеттілігін ескереді...».

Басқа сөзбен айтқанда, азаматтық қоғамдық одақ тұлғаның әлеуметтік-саяси және құқықтық мәртебесін бекітеді әрі нығайтады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Новгородцев П.И. Из лекций по общей теории права. – М., 1904.
2. Гессен В.М. Возрождение естественного права. – СПб., 1902.
3. Новгородцев П.И. Право на достойное человеческое существование. // Сочинения. – М., 1995.
4. См.: Гессен В.М. Возрождение естественного права. – СПб., 1902; Кистяковский Б.А. Философия и социология права. – СПб., 1998.
5. Франк С.Л. Духовные основы общества. – М., 1992.
6. Чичерин Б.Н. Собственность и государство. В 2-х ч. Ч. 1. – М., 1882.
7. Чичерин Б.Н. Различные виды либерализма. // Общественные науки и современность. – 1993. – № 3.
8. Новгородцев П.И. Об общественном идеале. – М., 1991.
9. Введение в изучение социальных наук. – СПб., 1903.

Статья: «Понятие гражданского общества в российском государствоведении в конце XIX – начале XX вв.»

Автор: **Балташ Карипов** – директор Кокшетауского филиала Карагандинской юридической академии «Фемида», доцент

Российское государство последовательно движется по пути демократических преобразований. Последнее десятилетие XX и начало XXI в. для России – время формирования гражданского общества и правового государства, перехода к рыночной экономике, признания человека, его прав и свобод высшими ценностями. В статье рассматриваются важнейшие направления и средства педагогической работы, нацеленной на становление и развитие гражданской активности в России в конце XIX – начале XX вв.

“The concept of civil society in Russian state studies in the end of XIX – beginning of XX centuries”

Baltash Karipov - director of Kokshetau branch of the Karaganda law academy “Femida”, senior lecturer

The Russian state takes a course of democratic transformations. Last decade of XX century and the beginning of XXI century for Russia is time of formation of civil society and lawful state, transition to market economy, recognitions of the rights of human rights and freedom as a high value. The major directions and methods of pedagogic work aimed at establishment and development of civil activity in Russia in the end of XIX – beginning of XX centuries are being examined in the article.

Алаш зиялыларының Бұратаналар бөліміндегі қызметі: Ә. Бөкейханов пен А. Кенжин арасындағы қарым-қатынас мәселесіне орай

Әлия СҮЛЕЙМЕНОВА,
Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының
Құжаттарды ғылыми жариялау бөлімінің жетекші маманы

Отандық тарихнамамызда әлі де болса халық алдындағы еңбектері тиісті бағаланбай келе жатқан тұлғалар баршылық. Олардың біразы кезінде кеңестік жүйеге қарсы шыққандығы үшін тарих беттерінен сызылып тасталған болатын.

Отан тарихындағы ең зәру проблема – оны тарихи қайраткерлермен тұлағалау екендігін айтып өткен М. Қозыбаев, күні кешеге дейін жеке адам мен халықтың қатынасы толық ашылмай келгендігіне көпшіліктің назарын аударған болатын. Академик-ғалым «қайраткерлер» ұғымы «қызметкерлер, мансап иесі» дәрежесіне төмендетілгенін атай келе, қайраткер – жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен табыстырып, өз халқын өркениет көгінде жарыстырушы болса керек, ендеше, отан тарихынан кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек деп тұжырымдайды [1].

Алаш партиясының бастауында тұрған Әлихан Бөкейханов пен Алаш қозғалысында өзіндік орны бар азамат, кейіннен Алаш қатарында болғандығы үшін бірнеше мәрте партия мүшелігінен шығарылып, ізденушілігінің аркасында партиялылығы қайта қалпына келтірілген, соңынан халық жауы ретінде тұтқындалған Аспандияр Кенжиннің арасындағы қарым-қатынас қалай өрбіді, оларда пікір қайшылығы немесе үндестік үйлесімі болды ма? Болса қандай дәрежеде, қаншалықты мазмұнда? Бұл сұрақтарға Алаш қозғалысының тарихына, тарихнамасына қатысты зерттеу еңбектер, мұрағат құжаттары жауап бере алады.

Академик К. Нұрпейіс 1916 жылғы көтерілістің 90 жылдығына орай жариялаған «Даладағы дабыл» мақаласында «1916 ж. июнь жарлығына сәйкес майданның тыл жұмысына алынған мыңдаған адамдардың майдан шебіндегі атқарған жұмыстары, оларға жан-жақты көмек беруге ұмтылған Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерінің іс-әрекеттері, майдан шебінен 1917 ж. көктем-жаз айларында елге оралған тыл жұмысында болғандардың Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне қандай деңгейде араласқандығы сынды мәселелер арнайы зерттеуді қажет етеді» деген келелі мәселе көтереді [2].

Шындығында, Алаш қайраткерлерінің Алаш партиясының негізі құрылған жалпы қазақ съездерінен кейінгі өмір кезеңі, қызметі, кеңестік дәуірдегі атқарған жұмыстары туралы

жан-жақты зерттелгенімен, Алаш партиясының қайнар көздерінде тұрған азаматтардың 1916 ж. көтеріліс тұсындағы, тыл жұмысына алынған жігіттер арасында жүргізген ағартушылық, ұйымдастырушылық қызметтері туралы әлі де болса аз айтылып келеді.

Ә. Бөкейханов пен А. Кенжиннің арасындағы байланыстың қалыптасып, нығаюына А. Байтұрсынов шешуші роль атқарды деген тұжырым қателікке ұрындырмайды. Бұған дәлел «Қадірлі аға Ғалихан!» деп қазақ тілінде басталатын Аспандияр Кенжиннің 1917 жылғы 24 сәуірде жазылған хаты. [Хат араб графикасымен қазақ тілінде басталған. С.Ә.] Орыс тілінде жазғаны үшін кешірім сұрай отырып А. Кенжин Електен Минск қаласына келген сапарының тарихы туралы баяндайды. Хатта айтылғандай, Ә. Бөкейханов А. Байтұрсыновқа өз орнына адам табуы тапсырған. 1917 ж. 23 наурызда «Елек. Мұғалім Кенжинге. Әлихан Торғай облысының комиссары болып тағайындалды. Оның орнына Бұратаналар бөліміне лайық тұлға керек. 500 [сом] сыйақы ұсынамын. Келісіміңізді телеграфпен жіберіңіз. Байтұрсынов» деген телеграмма алады. Келісін берген телеграммаға «Минскіге Земсоюзға шұғыл жетіңіз. Әзірше тек төлқұжатыңызды алыңыз. Шыққандығыңыз жөнінде хабарлаңыз» деген жауап алады. 26 наурызда А. Кенжин Минскіге жолға шығады. Келесі күні Ташкент темір жолы бойындағы Новосергеевка станциясынан Бөкейхановтың атына телеграмма шалады. Сызрань мен Самараның аралығындағы жолды су шайып кетуіне байланысты поезд Минскіге 2 сәуір күні ғана жетеді. Бұл кезде Ә. Бөкейханов Минскіде болмайды, оның кепілдеме хаты болмағандықтан кейін А. Кенжин бюро мүшесі болып тағайындалады. Бөлім меңгерушілігіне шақырылғандықтан бұл қызметті олкысыңған ол Ә. Бөкейхановтан В. В. Вырубовқа Бөлім бастығы етіп тағайындау туралы кепілдеме-хат жазып жіберуді сұранады. Ол өзінің қатты ренжігендігін және күйінгендігін айта келіп, жоғары бастауыш мектептегі, педагогикалық курстардағы мұғалімдік, сонымен қатар Елек тұтынушылар қоғамы басқармасының төрағасы, Елек Азаматтық атқару комитетінің хатшысы, Орал Әскери Шаруашылық басқармасы жанындағы азық-түлік комитетінің мүшесі, Қарашығанақ болысы қырғыздарын (қазақтарын) ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Елек Азаматтық атқару комитеті жанындағы мұсылмандар бюросының төрағасы жұмыстарын майдан даласындағы отандастарына қызмет көрсету үшін тастап келгендігін айтады.

Ол хатында: «Отбасын тағдыр тәлкегіне қалдырып келгендегі тапқан пайдам – осындай күйзеліс.

Басқарма мүшелері Бұратаналар бөлімінің жақын арада таратылатындығын айтқанымен, мен мәңгілік орын сұрап отырғаным жоқ. Бұратаналар бөлімі жұмысшы бұратаналар кімнің қарамағында болмасын, олардың барлығы түгелімен эвакуацияланып болғанға дейін жұмыс істеуі қажет деп есептеймін.

Бұратаналарды қайтару жоспары жол байланысы бөлімдерінде жасалуда. Жақын күндерде Минскіде – жол байланысы мекемелерінде жасалған жоспар Бас Қолбасшы ставкасында бекітуге ұсынылады. Осылайша қайтару жол байланысы бөліміндегілердің айтуынша мамырдың бірінші жартысында басталады. Орыс тілін білетін қазақтардың келгені дұрыс болар еді, қайту барысында тарату нүктелеріндегі эшелондарда жүріп жол көрсетер еді. Бізде мамандар жетіспейді, бірақ Бұратаналар бөлімін басқаратын Елпатьевский бұл мәселеге жақын арада оң қабақ танытар емес» деген мәселені көтереді [3].

Хатта айтылған Бұратаналар бөлімі туралы деректер де арнайы зерттеуді қажет ететін толғауы тоқсан тақырып.

Ел басына түскен қайғы-қасіретті жеңілдету жолында «Қазақ» газетін шығарушылар едәуір елеулі істер атқарды. Ауылда қалған бала-шаға, шал-шауқанның обалына қалмас үшін майданға аттанып бара жатқан жігіттердің көпшілігі ауыл арасынан ұзап шықпаған, орыс тілін білмейтін жандар болатын. Осы сәтте газет бетінде жігіттерге сапарға шығарда қандай заттар алу және неге басты назар аудару керектігін, тазалық, санитария және т. б. туралы ағартушылық насихат мақалалар жарияланып тұрды.

1914 жылы ауру және жаралы әскерлерге көмек беретін Бүкілресейлік Земскі одағы және Бүкілресейлік қалалар одағы құрылады. Ә. Бөкейханов өзінің кадеттер партиясының орталық комитетінің мүшесі екендігін пайдаланып, қазақ жігіттерін осы одақтың қарауына өткізуге күш салады. Ол соғыс ісіне жәрдем беру мақсатында құрылған бұл ұйымдардың қазақ жігіттеріне тигізер көмегі көп болады, жеңілдіктер сұрауға мүмкіндік береді деп ойлады.

Ә. Бөкейханов осы жолы Земскі одағы Бас комитетінің төрағасы князь Львовпен болған келіссөздер нәтижесінде майдан жұмысына алынған бұратана жұмысшылармен жұмыс жүргізу үшін Бұратана бөлімін ашу жөнінде келісімге келеді. Ол бөлімге мынадай міндеттер жүктелген еді:

1. Қазақ, өзбек, қырғыз, буряттар алынған жерлерде тамақ беретін, ауру-сырқауларын қарайтын орындар ашу. Мұндай орындар бұратана жігіттері өтетін жолдарда, темір жол станцияларында ашылмақ.

2. Жұмысшылар орналасқан жерлерде жоғарыда аталған істерден басқа түрлі қажеттерін өтейтін жұмыстарды ұйымдастыру.

3. Қазақ даласында, Түркістанда, бурят жерінде тұрған жұрттардан өзіне көмекшілер сайлап жұмысшыларға тамақ, киім, жылық һәм қой еті, ірімшік, құрт, шекпен, тері шалбар, тон, тымақ, киіз сатып алу, артында қалған туған-туыстарымен бірігіп, кеткен жігіттердің арасына хат-хабар жеткізіп тұру [4].

1917 жылдың ақпанында Минскідегі Земскі және қала одақтары жанынан бұратаналар бөлімі ашылады. Бөлімнің бастығы болып Ә. Бөкейханов бекітіледі, ал оның орынбасары қызметін М. Есболов атқарады. Бөлімді ашқан бетте екеуі оған хатшылық қызметке М. Дулатовты шақырады [5].

«Қазақ» газетінің кезекті санында Соғыс министрі, инфантерия генералы Шуваевтың Бұратаналарға атты қазақ қатарына өздері тіленіп кіремін десе, арнаулы тәртіппен кіретіндігі туралы жарлығын қазақ тілінде жарияланады [6].

Ә. Бөкейханов өзінің «Мәскеу хаты» мақаласында «Земгордың инженерный отделі мыңбасы, жүз басы шақырғанда қолына берген жұмыскерді өзім билеймін деп ойлаған екен.

Бұл ой болмады. Әскери хакімдер земгорға берген жұмысшыларды 250-ден батальонға бөлген, мыңға бөлген. Осы күні күнбатыс майданда земгордың қолында 23 мың бұратана бар. Мұның 16 мыңы бурят, 8 жүзі қалмақ, 2 мың сегіз жүзі сарт, 3 мың 4 жүзі қазақ. Қазақ жігіттері Қостанай, Ақтөбе уезінен.

... Бұратана бөлімі әлі кедергіден өте алмай жатқандықтан қазақ жігітіне қызмет қыламыз деген жастарға «Қазақ» арқылы хабар қылармыз. Осы күні біздің қазақ жігіті қай жерде, қанша кісі қызмет қылып жатқаны белгісіз. Майданға бару үшін арнайы рұқсат керек. Ана бұратана бөлімі ашылғанда алдымен қазақ жігітін іздейміз. Земгордың инженерлік бөліміне врач, фельдшер, санитар керек. Беретін қақысы: бір айға киім үшін врачқа 400 сом, ветеринар врачқа 300 сом, фельдшер-санитар 125 сом, ветеринарның фельдшер 100 сом, санитар 75 сом. Қызметі майдан желкесіне барған қазақ жігіттерімен бір болады. Осыған барушы талапкер болса, адресі мынау: Москва, Никольская 17, заведывающему инженерно-строит. отделом, Арыз иесіне жауап қайтпай, елден шықпау керек. Мынау көрсетілген қақы өз дегендерің арызға жазыңдар, қандай ақша алатындарыңды. Қазаққа қызмет қылатын болған соң дені сау жігіт жұрт үшін барғаны оң болар еді» [7].

Мәскеу мұрағаттарында сақталған дереккөздерге сүйенсек, Земгорсоюз қарамағында жұмысшылардың саны 100 мыңға жуық болған. Жоғарғы қолбасшының ставкасы мен әртүрлі министрліктердің қарамағында 50–80 мыңдай қазақтар түрлі жұмыстармен айналысқан. Сөйтіп майдан жұмысына алынған қазақ жігіттерінің саны 150–180 мыңнан асты. Қазақтардың жұмыс жасаған жерлері: Москва, Рига, Казан, Харьков, Киев, Пермь, Симбирск, Самара, Саратов, Старая Русса, Большая Глушица, Орынбор, Троицк, Астрахань, Муром, Псков, Двинск, Орша, Могилев, Луцк, Смоленск, Омск, Москва түбіндегі аудандар мен Донецк көмір бассейні [8].

А. Кенжин Бұратаналар бөлімінің бастығы болып тағайындалған соң жызу іске кіріскендігі 1917 жылғы 18 шілде күні Хан ставкасының қырғыз (қазақ) атқару комитетіне жұмысқа алынған жұмысшылардың денсаулық жағдайы мен қаржылық сұраныстарын қанағаттандыру үшін статистикалық деректер жинау туралы хат жазғанынан аңғарылады. Бұл хатта Батыс және Оңтүстік Батыс майдандарында жұмыс істеп жүрген бұратаналар интеллигенциясының өкілдері Уақытша үкіметтің алдына жұмысқа алынған жұмысшылардың келген жері мен бұрын жіберілген жерлеріндегі ақшалай қаржыны алуға байланысты талаптардың пайда болуын, жолда (отанынан) жұмыс орнына дейін және кері қарай) жүрген уақытына, ауырған мезгілі үшін төленетін ақшаны алуы барысындағы талан-таражға салушылықты тексеретін комиссар тағайындау мәселесін көтереді.

Тағайындалатын комиссар аурудың зардабынан не жарақат алуына байланысты әртүрлі дәрежедегі жұмыс істеу қабілетін жоғалтқан жандардың санын, қаза тапқандардың артында қалған отбасыларын мемлекеттік қазынашылық есебінен қамтамасыз етудің түрлерін анықтаумен айналысуы тиіс болды.

Осы айтылғандардың негізінде Бұратаналар бөлімінің бастығы А. Кенжин жоғарыда аталған Хан ставкасы атқару комитетінен жергілікті орындардағы бұрынғы тыл жұмысшыларынан сұрау салу жолымен статистикалық мәліметтер жинау шараларын шұғыл қабылдауды сұрайды. Деректердің нақты әрі дәлелді болуы үшін тек тыл жұмысына қатысқан жігіттерден анықтауға ұсыныс жасайды.

Басшыларға мәлімет үшін ұсынылған деректер белгіленген сызба өкінішке орай, қолымызда болмағанымен, осы сызба бойынша жиналған мәліметтер ұлттық бас мекемеде сақталуы тиіс. Себебі А. Кенжиннің хатының негізінде белгілісі, барлық материалдар болашақ комиссардың құзырына өткізілуі тиіс болатын [9].

Н. Т. Кенжебаев Бұратаналар бөлімінің құрылуы мен оның ұйымдастырылуы барысындағы Ә. Бөкейхановтың қайраткерлік қызметін атап өткенімен, оның Минск және Киев бөлімдері болғандығын, М. Есболов пен А. Кенжиннің атқарған қызметтері туралы айтпайды, бөлімнің жұмысы туралы бірнеше деректер келтіре отырып, оның нақты істерін бағалауға қиналыс білдіреді [10].

Бұратаналар бөлімінің қызметі патша тақтан тайдырылғаннан кейін де жалғаса берді. 1917 ж. сәуірде жігіттерге елге қайтуға рұқсат етіледі. Майдандағы жұмысшылар елге қайтқан соң, түрлі қалалардағы ауруханаларда қалған, жоғалып кеткен жігіттерді іздеп тауып, қамқорлық жасап елге жеткізу міндетін Бұратаналар бөлімі өз мойнына алады. Бұл кезеңдегі жұмысқа Тел Жаманмұрынов, Әзімбек Бірімжанов, Сәндібеков, Боранқұлов, Райымбек Мақатов, Сейіл Жиенбаев және Аспандияр Кенжин сияқты азаматтар белсенді түрде ат салысады. 1917 ж. 28 шілдеде Минскідегі бұратаналар бөлімі өз жұмысын тоқтатады. «Минскідегі бұратана бөлімі жабылды. Істің бәрін земсоюздың контрольный бөліміндегі бұратана столына тапсырдық. Аурулар, өлгендер һәм ақшасы [қолына] тимеген жігіттер жайынан сол контрольный бөлімнен мағлұмат сұрау керек» деп, оның адресін хабарлайды бөлім бастығы А. Кенжин. Бірақ бұратана бөлімінің қарауына қызметке барған қазақ зиялыларының ең соңынан қайтқаны А. Кенжин емес еді. А. Кенжин осы хабарында «Сейіл Жиенбаевқа рұқсат әперіп Орша, Смоленск, Вязьма, Орел, Пенза, Сызран, Самар һәм басқа сондай қалаларға жібердік, ауру һәм өлген жігіттер жайынан мағлұмат жинауға һәм әр жерде қалған жігіттерді бір белгілі орынға жинап, еліне қайтаруға» деген мәліметті келтіреді [11].

Ресей реформаторлары көсемдерінің қатарында болған Әлиханға үлкен әсер етіп, ықпал жасаған қайраткерлердің бірі Ахмет Байтұрсынов болды. Алаш зиялыларының Әлихан, Ахмет бастаған тобына тән басты сарын – отаршылдыққа қарсылық еді. Әлихан мен Ахмет одағы – ұлт-азаттық қозғалысының толысуына, ұлттық санасының жаңа деңгейге көтерілуіне ғажайып ықпал етті [12]. Олар ниеттес, мұраттас жандардың басын біріктіруге күш салды, ол мұраттарына жете де білді. Бойынан жастық жалыны лапылдаған А. Кенжин, М. Есболов, Т. Жаманмұрынов т. б. сияқты жігіттерді майдандағы тыл жұмысына қатысушы қазақ жастарына рухани, моральдық көмек көрсетуге ерте білді.

Осылайша, 1916–1917 жж. тыл жұмысына алынған жігіттердің соңынан оларға көмек қолын соза барған қазақ зиялылары тарихының бір беті де аяқталды. Бұл негізінен алғанда «жұмылғанда жұдырық бола білген» қазақ оқығандарының елдің ертеңі үшін жасаған ерлік істерінің бір ғана көрінісі болатын. Оның бастауында саяси күрес жолында кемеліне келген қайраткер Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов басқарған «Қазақ» газеті тұрды.

Мұрағат құжаттарының А. Кенжин мен Ә. Бөкейхановтың іскерлік, адами, қайраткерлік байланыстарын аша түсетін деректерін әлі де болса аша түсуге ұсыныс жасай отырып, Бұратаналар бөлімінің қызметінің көлеңкеде қалып тұрған беттерін парақтау арқылы ұлттық мемлекеттілік жолында күрескен қайраткерлердің адами болмысы мен көреген саясаткерлік қырларын аша түссек құба-құп болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. 367-б.
2. Нұрпейіс К. Даладағы дабыл. // Егемен Қазақстан, 16 маусым 2006.
3. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Избранное. Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1995. 404-б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 197–198-б.
5. Сонда. 199-б.
6. Қазақ газеті. Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. 340-б.
7. Сонда. 352–353-б.
8. Құрманбеков Б. Орыс тарихының абыройсыз беттері. // Парасат. 1997. № 2. 10-б.
9. Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-т. Алматы: Қазақстан, 1998. 372-б.
10. Кенжебаев Н. Национально-освободительная революция 1916 г. казахская интеллигенция. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сборник статей. Алматы: 1993, С. 96–112.
11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 210–211-б.
12. Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы. // Отан тарихы. 1998. №3. 23-б.

Статья: «Деятельность Алашской интеллигенции в инородческих отделах: проблемы взаимоотношения между А. Букейхановым и А. Кенжиным»

Авторы: Алия Сулейменова – ведущий специалист отдела научного опубликования документов Архива Президента РК

В данной статье на основе разнообразной широкой источниковой базы освещается деятельность А. Букейханова, А. Кенжина и некоторых других представителей казахской национально-демократической интеллигенции в рамках Минского, Киевского и других инородческих отделов местных органов самоуправления по обслуживанию десятков тысяч мобилизованных на тыловые работы казахов и представителей других тюркских народов по царскому указу от 25 июня 1916 г.

“Activity of Alash proletariat in alien departments: problems of mutual relation between A. Bokeykhanov and A. Kenzhin”

Aliya Suleymenova - leading expert of scientific publication of documents department of Archive of President of RK

On the basis of various sources, A. Bokeykhanov and A. Kenzhin's activity and some other representatives of the Kazakh national-democratic proletariat within the framework of Minsk, Kiev and other alien departments of local self-government institutions on service of tens thousand Kazakhs mobilized for rear works and representatives of other Turkic people by the imperial decree June 25, 1916 is being examined in the given article.

Қазақ халқының уақыт өлшемдері

Меруерт ИСАЕВА,

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының аспиранты

Уақыт деген тарихтың, өмір тылсымының өлшемі. Оның өзіндік бастамасы, өрбу шегі және ақыры болады. Бұл ғасырға да, жылға да, тәулік-сәткеге де, минут және секундке де тән. Уақыттың тынысын мәңгі сезініп, онымен желмаядай жарысып тепе-тең түссең ғана уақыттан өз еншіңді аласың, әйтпегенде, ұтыласың. Уақыт деген қанбақ үйірген құйын іспетті, гүлдеп өте шығады, бірақ қанбақтай ыққа үйіліп қалмайды, бір өте шықса, қайтып оралмай, із-тозсыз кетеді. «Жел соқты, қанбақ ұшты». Уақыт өлшемі деген міне, осы. Өткен бір тыным қайтып айналмайды.

Қазақ уақыт тынысымен санаспайды, уақытты танның атып, күннің батуымен есептейді.

Қазақ Ай мен Күннің тұтылуын, Ай мен Айдың арасындағы екі күн өлі араны, қыстың қыңырсығын, амал мен «тұлқатынның тұлдануын», Шолпанның күнді айналуын, үркердің құбылысын, жарық жұлдыз арқылы бағыт есептеудің бәрін білген. Бірақ біз қазақтар «бұрын туып, соң қалғанның» салдарынан расытхана салып, айға айна қадап, бұлтты бұзып, сең түйреп көрмедік. Бұл максаттың бәрі қазақтың келешек ұрпағының үлесінде тұр.

Қазақтың тарихи өмірі мындаған жылдар бойы көшпенділікпен өткені белгілі. Сондықтан қазақтың халық күнтізбесі, оған байланысты өмір тәжірибесі осы көшпенділік, әсіресе, мал шаруашылығымен тікелей байланысты. Малшы қауым деген алаң-елеңмен тұрып, кешкісін жамыраған жұлдыз санап ұйқыға батып, күн мен түннің алмасуының, Ай мен Күннің тұтылуының күәсі болып, табиғаттың алуан сырлы құбылыстарымен бетпе-бет ұшырасып, найзағай жарқылдағанда «сұбхан алласын» үйіріп, күн күркіресе шөмішін қағып, тасқын боларын күн бұрын сезіп сақтана білген, бір сөзбен айтқанда, табиғатқа ең бір етене жақын, онымен сырлас, тағдырлас болған жандар. Мал соңынан еріп, еркін дала кезген әрбір қазақ өз алдына бір-бір барометр. Қазақ жан-дүниесінде уақытты осы бір түйсік барометрмен қалыптасқан табиғи көзімталдығымен өлшейді, бұл өлшемнің өмірімен дөп келуіне қазаққа малы көмектеседі: сауыны келгенде биелер желіге, сиырлар кермеге келсе, жылқы дауыл болатын жаққа артын бере жайылады. Көшкін келерде, немесе сел боларда сиыры мөңіреп, иті қыңсылайды.

Қазақтың қыс қыстау, жаз жайлауы, ас-суы, киер киімі, жатар орны, мінер көлік, тұрмыс-тұрағының өзі сол табиғат айналымының негізіне құрылады. Табиғаттың келер күндерін өз жан-дүниесінің барометрімен алдын-ала болжап, ахуал айналымына орай дұрыс ұйымдастырсаң табиғатпен тай-таласып өмір сүре аласың, ал үлестіре алмасаң бір жұтта тып-типтіл боласың. Бұл көшпенділер үшін табиғаттың қатаң заңы.

Көшпенді мал шаруашылығының кіндігі болып келген қазақ ұлтының жыл қайыру, уақыт айыру ісін жауаптанған өзіндік жұлдызшы-есепшілері болды. Қазақ жұлдызшы-есепшілері жазда шыжыған ыстық болса, қыста аяз келерін, қаңтарда аяз тұрса ақпанда жылылық жалғасатынын есептеп, айдың шұғыл өзгеретін тұстарын белгілеп, халықты алдын-

ала құлағдар болдырып отырған.

Қазақ кешті «сары жұлдызбен», түн қараңғысын «жеті қарақшы» немесе «жеті қартпен», таңды «таң Шолпанмен» пайымдайды. Көшпенділер қойды қыста сары жұлдыздың тууымен қоралап таң ертең күннің арқан бойы көтерілуімен өргізген. Қазақ жұлдызшылары күннің ұзару және қысқару құбылыстарын мұқият қадағалап, уақытты халықтың күн сағатымен немесе құбылыстың көлеңкесінің көлемімен өлшеген. Қазақ: күн тоқсанда төрт адым, қаңтарда қарға адым, ақпанда ат адым ұзарады, шілдеде шіл адым қысқарады дейді екен.

Уақыты деген кешегі, бүгінгі, ертеңгінің үзілмес жалғасы, бірін-бірінен немесе біреуін екеуінен бөліп қарасаң тарих естелігі, ертеңгілік үміт бүгінгіден үзіліп қалады. Ертеңгіні алдын-ала болжау адам баласының қолынан келе бермейді, бірақ өмірде оны алдын-ала ойластырып, шындықтың көзін ашқандарға ұрпағын апанға жығып кеткендерде жоқ емес. Әрине, қазақ та өзінің және ұрпағының келешегін ойлаған. Асанқайғы, Ақтанберді, Абай, Ақытжанның өлеңдері, Абылайдан алған сөз, Қасымханнан қалған сөз, Есімханнан естіген сөз, Тәуекелден талып жеткен сөз, Жәнібек айтқан жанды сөз – осының барлығы қазақтың келешегі, бүгінгі біздер үшін өткеннің бүгінгі жалғасы. Уақыт өстіп ұрпақты ұрпаққа жалғап жатады. «Түстік өмірің болса, кештік мал жыйна» деген сөз қазақ жан-дүниесіндегі уақыт және келешек есебінен туса керек.

Уақытты бес уақыт намазындай ұстана білсең уақыттан аларың көп, ал уақытты оздырып алсаң, онда ол қайтып оралмайды [1].

Адамзат өркениетіндегі уақыт өлшеу дегеніміз күн, ай, ғасыр, дәуір оқиғаларын жаңылыссыз, дұрыс есептейтін көп сатылы, күрделі мәдени құбылыс. Көп сатылы болатын себебі уақыт өлшеу немесе календарь мәселесі адам-қоғам-табиғат үштігі арасындағы үйлесімді байланысын реттеуге арналған. Бұл дегеніміз жәй әншейін уақыт мәжесін есептеу ғана емес, одан да ауқымдырақ. Ол адамдар өміріндегі елеулі діни қоғамдық, шаруашылық қоғамды реттеп, тарих жадысына таңбалап тұратын болған.

Осылайша адамзат санасы уақыт есептеу жүйесі календарь атты мәдениет үлгісін дүниеге әкелді.

Қазақтар туған жылы бір айналып келген межесін 1 мүшел деп есептейді. Бала 13 жасқа толғанда алғашқы мүшелі делінсе, одан кейінгі мүшел жасы әр 12 жыл қайталанған сайын есептеліп отырады. Ол жиырма беске толғанда екі мүшел, отыз жетіге толғанда үш мүшел, қырық тоғызға келгенде төрт мүшел, алпысқа келгенде бес мүшел деп есептеледі. Қазақтың адам өмірін кезеңдерге бөлуіне байланысты қалыптасқан шартты түрдегі төменгі бөліністері мен мүшел санау үрдістері барлығы сайып келгенде, қоғам мүшесінің әлеуметтену жағдайын, яки, қоғамдағы орны мен мәртебесін белгілеу болып табылады. Дегенмен мүшел жылы қазақтар ырымдап аса сақ жүреді. Өйткені, мүшелде адамның пәле-жала, ауру, қасірет, сәтсіздікке ұшырауы әбден ықтимал.

Қазақ есепшілері белгілі бір жұлдызды күнкайыруға үш түрлі шарттылық ұстанған. 1. Бататын жұлдыз болуы

(жұлдыздың батуы жылдың шығуы мен жылдың кіруін білдіретін ең басты астрономиялық меже болды). 2. Ол жұлдыз бен ай өзінің әр фазасында тоғысып отыруы. 3. Жұлдыздың бататын мезгілі айдың бір жаңасында сәйкес болуы.

Қазақтарда Қамбар тоғысы деп аталатын календарь жүйесі болған. Ол Қамбар жұлдызының қозғалысына негізделген. Қамбар жұлдызы күз айларында туып, көктем айларында батады. Қамбар жұлдызы көк жұлдызы Аймен бес рет кездеседі, есепшілердің тілімен айтқанда бес мәрте тоғысады. Әр тоғыстың арасы, шамамен, 28-29 күн болады.

Ай санаудың бұл жүйесі Күннің бір жылдық көрінеріл жолының бойына орналасқан 12 зодиак шоқжұлдызының көмегіне сүйенген. Күн жүйесіндегі планеталар мен Ай да зодиактар арқылы өтеді және олар көптеген халықтарды жануарлардың атымен аталады. Күн мен түннің көктемгі теңелу нүктесі Токтыда, күзгі теңелуі Мизамда, жазда Шаянда, қыста Ешкімүйізге дөп келеді. Зодиак аттарының әр халықта аталуы мен оның ай аттарына сәйкес келуін былайша кестемен салыстыруға болады [2].

Қазақтар өмірі табиғатпен тығыз байланысты. Олардың негізгі шаруашылығы мал болғандықтан мал төлдету, күзеу айларына көп көңіл бөлген. Егін егіп, астық жинау, жайлауға шығу, қыстауға оралу кезеңдері дәл белгіленген. Дала перзенті өз тұрмысында ай, жұлдыз, күн, мүшел жылнамалары толық меңгеріп, келесі ұрпағына беріп отырған. Соның нәтижесінде астықтың пісу уақытын, азық-түлік сақтау, малдарды дене мүшелерімен өлшеу арқылы саусақпен, аяқпен, қолмен өлшеудің әдістерін де жете меңгерген. Жол жүргенде қашықтықты, жақынды, саудада қалыңдық пен жұқаны, ұзын мен қысқаны, ауыр мен жеңілді бағалай білген. Сөйтіп қазақ даласында уақыт, ұзындық, қалыңдық, аудан көлемдері мен бөлшек ұғымдары пайда болып, оның құралдары өзгеріп, дамып отырғанын халықтың тұрмысынан көреміз.

Адамдар уақыт өлшемдерін қалай белгілеген? Алыс жерлер оған кететін уақыттың ұзындығын, ұзақтығын бабалар - өздерінің сөздік қорларын көбейтіп, сандық ұғымының баламаларымен өз ойларын жеткізіп отырған. Мысалы, жылдамдықты білдіретін ұғымдар: «қас-қағым сәт, жылт еткен ғұмыр, көзді ашып-жұмғанша», - десе, уақыт мөлшеріне - «сүт пісірім, шай қайнатым, бие сауым, ат шаптырым, қозы көш жер, түнге дейін, кешке дейін т.б.», - деп өлшем жасаған.

Әуелде, олар не күннің, не түннің ұзақтығына назар аударып, күн мен түннің үнемі өзгеріп отыратынын бақылау арқылы, тұрақты уақыт өлшемі ретінде 12 санын алды. Күннің ұзаруы 22 наурыздан басталса, 22 маусымда түн ұзарып, күн қысқара бастағанын байқаған. Дала есепшілері күн мен түннің тұрақты өлшемі ретінде 1 тәулікті алса, ол 24 сағаттан тұрған. Осындай тұрақты өлшемнен кейін, күн, құм, атым, электрон, кварц сағаттарын ойлап шығарды.

Қазақ халқының жылнамасы 22 наурыздан басталады. Бұл жылнама Қазан төңкерісінен кейін дала қазағының шаруашылықты, өнімді есептеген Григориан Күн тізбегі негізінде жасалған. Енді, осы қазақша атауы бар Күн тізбегіне назар салайық:

1. Наурыз - жаңа күн, жаңа жыл басы.
2. Көкек - көкек шақыратын, мал тойынатын ай.
3. Мамыр - жас шөпке тойған мал марқаяды.
4. Маусым - ең қолайлы кезең.
5. Шілде - ең ыстық ай.
6. Тамыз - тамылжыған ай.
7. Қыркүйек - күйек алу кезі.
8. Қазан - қазан асып, от жағатын ай.
9. Қараша - киіз үйдің киізі ыс болатын ай.
10. Желтоқсан - жел, боран ауысып тұратын ай.
11. Қаңтар - күн мен түн қаңтарылған ай.
12. Ақпан - ақпа таяқ ойнайтын ай.

Осы айлардың аттарынан да байқап отырсыздар, ертеде дала қазағы жолдаушы жүрсе де, жайлауға шықса да; қыстауға оралса да; егін егіп; жинаса да; малын бақса да; табиғатпен бірге өмір сүріп, өмір тәжірибелерін өздерінің күн тізбегінде де қолданған екен.

Адамдар күн есебі мен ай есебіндегі уақыт өзгерістерін қалай теңестіре білген?

Ай есебі бойынша жыл 12 ай ішінде күн - тәулік саны - 354, 367 болса, күн есебі бойынша 12 ай ішінде күн - тәулік саны - 365,25 болады екен. Міне, осы ай мен күн есебін көне түркілер қалай теңестірген. Оның түсінігі мынандай: ай мен күннің тәулік есебі 19 жылда бір теңгеріліп отырған.

Енді, ай тізбегіне назар аударайық. 12 ай - 1 жыл болғанда 12 жыл - 1 мүшел болатынын еске алайық. Ай ішінде күн саны 30-дан артық та кем де болады. Аспандағы айдың жаңа туған сәті өте қылдырықтай орақ болса, 14 күнде толады. Толған айдың келуін жоғалуы арқылы, олардың арасы тағы да 14 күн болады. Міне, айдың тууы мен кемуінің арасы 4 апта, яғни 4 аптаның жетіге көбейтсек, 28 болады. Мұның үстіне айдың көрінбейтін 2 күні тағы да бар. Ерте кезде айдың өзгерісін «туды», «толды», «солды» деп адам өміріне лайықтап түсінген. Айдың осындай көрінбей кеткен 2 күннің қазақтар кейде «өліара» дейді. Өліара келген кезде, әр күн құбылып тұрады.

Шығыс елінің аңызы бойынша, басына сиыр мүйізінен тәжі киген, мүйіздің ортасынан күн сәулесі нұрын шашқан Шығыс елі сұлуының есімі - Әсия болған дейді. Содан барып Азия атауы дүниеге келген.

Міне, осы ай бір жаңасында батыстан көрініп, тез батады. Ай орағының аспан әлеміндегі орналасуына қарай ауа райын хабарлап тұрады екен. Мысалы, «Тік тұрғаны халыққа жақсы, шалқасынан туса өзіне жақсы», - дейді халық.

Қазақ жаңа туған айды көрсе: «Ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа», - деп, қыз туса Айһұр, Айгүл десе, ұл туса - Айбек деп қоя берген ғой [3].

Кеністік пен уақыт дәстүрлі қоғам үшін адам еркіндігінің, адам болмысының маңызды іргетасы болып келгені белгілі. Кеністіктегі шексіздіктің тұптамасында үйлесімділік заңы жатқаны қазақ дүниетанымында жақсы түсініледі. Ал уақыт болса өмірдің бірден-бір маңызды өлшемі екені айқын. Осы екеуінің қайсысы болмыстық құрылымдарда мәндік ерекшеліктер ретінде басымдық танытатындығы туралы қайшылықты түсініктердің қазақ болмысына сәйкес келетін түсіну маңызды болып табылады.

Қазақ халқы табиғатпен етене өмір сүріп келгендіктен, оның дүниетанымдық бағдарлары да осы табиғатпен ілесіп дамыды. «Ежелгі қазақтың болмыс шындығына жақын болуы, өздері бақылайтын әлемге сезімдік тұрғыда қатысты болуы және болмыспен тамырластығы олардың уақыт, кеңістік тәрізді ұғымдары, адамның ішкі жан дүниесін, болмыстың мәнін түсінумен тығыз байланысып жатты» [4].

Қазақтың ата-тегі болмыс дүниесіндегі сапаның, санның, кеңістіктің, уақыттың, мөлшердің тікелей нұсқаларын жақсы игергенін көреміз. Сондай-ақ, ежелгі қазақтар заттардың мөлшеріне және өзінің тіршілік мөлшеріне қарай әрекет еткені байқалады. Қазақтың ата-тегінің қоршаған ортаға ету-нелігі, қоғамдық өндірістің біршама төмен дамуы әзірге бұл адамдардың философиялық көзқарасын тұрмыстық деңгейден, тұтынушылық-пайдалылық деңгейден асыра алмады. Әйтсе де, дүниетанымының осындай даму сатысы қазақ философиясының одан әрі дамуына қолайлы жағдай туғызды.

Жалпы философиялық түсінік бойынша, кеңістік пен уақыт категориялары болмыстың формасы ретінде Ф. Энгельстің еңбектерінде түсіндіріледі: «Кез-келген болмыстың негізгі формалары кеңістік пен уақыт болып табылады; уақыттан тыс болмыс дегеніміздің өзі болмыстан тыс кеңістік дегенмен тең мағынасыз тұжырым болып саналады» [5]. Кеңістік дегеніміз материя болмысының элементтерінің барлық материялық жүйелердегі ағымдылығын, құрылымдығын, бірге тіршілік етуін және қарым-қатынас жасауын білдіретін формасы деп анықталады философия саласы бойынша энциклопедиялық сөздіктерге [6]. Даму барысындағы реалды кеңістік формасы туралы ғылыми түсініктерді үш негіз бойынша бөлуге болады. Солардың бірі ретінде болмыстың субстрат пен атрибуттың бірлігі ретіндегі түсінігіне сәйкес келетін заттық-субстраттық

бастама қабылданады. Кеңістіктің ғылыми ұғымы қалыптасуы барысында ол кеңістіктің субстанциялық және реляциялық екі концепциясының қалыптасуына септігін тигізді.

Қазақ дүниетанымында киіз үйдің алатын орны ерекше. Киіз үйдің есігі мен түндігінің шығысқа қаратылуы таңғы күннің сәулелерінің үйге түсуіне мүмкіндік берсе, ал шаңырақ пен уықтардың орналасуы күн сәулесі арқылы уақыты өлшеуге мүмкіндік берді. Осының өзі көшпенділердің кеңістікте орналасуда белгілі бір бағдары болғанын көрсетеді. Қазақтар негізінен киіз үйді оңтүстік шығысқа қаратып тіккен. Бұл табиғат құбылыстарына бейімделудің белгісі болатын. Киіз үй арқылы қазақтар кеңістіктегі әлем құрылымын бейнелей алды, сондықтан да көшпенділердің болмыспен санаса отырып құратын мекен-жайының алғашқы түрлерін зерттеу біз үшін болашақ ізденістерде өте маңызды.

Көшпенділердің өмірінде кеңістіктегі бағдар алу барысында аспандағы ай, күн, Құс жолы, Темір қазық, Жеті қаракшы, Үркер, Шолпан жұлдыздары қолданылды. Үнемі көшіп жүру және қатал табиғи ортаға төселу барысында көшпенділер аспан денелеріне қарап бағдар алуы үйренді. Жорыққа шыққан әскер, сапардағы жолаушы, мал баққан бақташы түндегі бағдарын жұлдызға қарап айыратын болды. Ал әрбір адамның өз жұлдызы бар деп саналған. Тағдыры жұлдызбен тікелей байланысты болғандықтан адамдардың өмірден өтуі аққан жұлдызбен теңестірілген.

Аса маңызды философиялық категориялардың бірі уақыт болып табылады. Уақыт дегеніміз материя болмысының тіршілік етуінің ұзақтығын білдіретін, өзгерісте күйдің ауысуының және барлық материалдық жүйелердің дамуының бірізділігін көрсететін формасы (6). Уақыттың табиғаты туралы пікірлер сонау ерте заманнан бері айтылып келеді. Бұл мәселе философия тарихы мен жаратылыстануда уақыт пен уақыттың сәтінің ара-қатынасын шешуге бағытталды. Сонда енді деп атауға болатын уақыттың сәті уақыттың бойынан шығарылды. Философия тарихында уақытты зерттеушілерді екі топқа бөлуге болады, олардың бір тобы (Демокрит, Лукреций, Ф. Аквинский, Дж. Бруно, Галилей, Декарт, Спиноза, Ньютон, Кант) уақытты ұзақтық деп түсінсе, келесілері (Гераклит, Аристотель, Гоббс, Лейбниц) құбылыстың өзгеру заңдары деп қарастырды [7].

Уақыт дегеніміз әлемде болып жатқан эволюциялық процестердің дамуын, процестеріндегі барлық өзгерістердің дер кезінде тіркелуін жүзеге асырады. Уақыттың қамтымайтын саласы болмайды және оның ағын судай шайып өтпейтін жері болмайды. Яғни уақыт барлық процестердің қожайыны іспетті. Ол өз дегенін барлық құбылыстарға жасай алады, тынымсыз қызмет атқарады: өсіреді, өшіреді, дамытады, күйретеді, бұзады, қайта жөндейді, сөйтіп, дүниенің тіршілік деген тұсын орнықтырады.

Оған қарсы келе қоятын күш жоқ сияқты кейіп танытады.

Қазақтарда уақыттың ең бірініші бағдары ауа-райы болды. Қатал қыстың соңғы күндерінен соң көктемнің жайма шуақ күндері келуімен бір өзгерістің болуын адамдар сағына күтті. Көктемгі күн мен түннің теңелуімен Жаңа жыл – Наурыздың келуімен шөптің көгеруі уақыттың объективті өлшемі болып табылады. Осының өзі көктемгі-күзгі науқанға, қыстаудан жайлауға шығуға және көш жолындағы әртүрлі көктемгі және күзгі маусымға байланысты әртүрлі мейрамдардың тууына негіз болды. Көшпелілер сонау ескі заманнан бері күн мен түннің теңесер шағын біліп, оны жылдың басына балап, дүниедегі барлық тіршіліктің жаңғырар сәті деп бағалап, киелі тұтып, ол күнге Ұлыстың Ұлы күні деген ат берді.

Әртүрлі қазақ мәдениетінде уақыт санау 12 және 60 жылдық циклге негізделген күнтізбе арқылы жүзеге асырылды. Мұнда уақытты табиғи тұрғыдан түсіну қалыптасты. Күнтізбенің пайда болуы сол дәуір үшін ұлы құбылыс болды, өйткені уақытты рудың, тайпаның немесе жанұяның өмірінде болған оқиғаларға байланысты емес, жыл мезгілдерімен салыстырады [8].

Сондай-ақ, табиғатпен біте қайнаскан көпшілік өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін кеңістік пен уақыттың күнделікті тіршілік деңгейінде терең орнығып, кейіннен киелілік, қасиеттілік сипатқа ие болғаны, айқындалғаны белгілі. Мысалы, кеңістікті игеруде қазақтардың өмір-салты мен шаруашылық-мәдени типі араласып жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Зардыхан Қинаятұлы. Жылаған жылдар шежіресі. Алматы: Мерей, 1995, 297 б.
2. Бабақұмар Хинаят. Адамзат өркениетіндегі уақыт өлшеудің маңызы. Астана хабары, 2006, 18 қараша, 10-11 бб.
3. Тоғанбек Тілеубекұлы. Азия транзит әдеби – танымдық альманах. Қазан, 2005, №10, 40-42 бб.
4. Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. Алматы: ИД «Аркаим», 2001, 252 с.
5. Маркс К., Энгельс Ф. Анти-Дюринг // Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд. Т. 20, с. 42-43.
6. Аверинцев С.С., Араб-Оглы Э.А., Ильичев Л.Ф. и др. Философский энциклопедический словарь. М.: Сов. Энциклопедия, 1989, 815 с.
7. Свидерский В.И. Пространство и время. М.: Госполитиздат, 1958, 245 с.
8. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. Алматы: Ғалым, 1998, 126 б.

Статья: «Категория времени у казахского народа»

Автор: Меруерт Исаева – аспирант кафедры философии и методологии социального познания КазНУ им. аль-Фараби

В данной статье рассматривается одна из актуальных проблем философии – категории времени. Время является измерением истории и жизни. Проблема времени обладает особым статусом в жизни человека и является одной из центральных тем философской рефлексии. С давних времен мыслителей волновали вопросы о том, реально ли «течение» времени или же это лишь иллюзия человеческого разума, представляет ли время некую первичную, самое себя определяющую сущность или же оно есть нечто вторичное, производное, зависимое от чего-то другого, более фундаментального?

“Kazakh people’s understanding the notion of time”

Meryert Isayeva – post-graduate student of philosophy and methodology of social study department of KazNU named after Al-Farabi

The problem of time takes the special status in human life and is one of the central themes of philosophical reflection. From the earliest times, thinkers were excited with questions: “is it real the “passage” of time or it is just illusion of human intelligence; does the time represents initial point; does it define itself or it is something secondary, derivative, dependent on other, more fundamental? One of the pressing problems of philosophy is the notion of time, which is being examined in the given article.

Әл-Фараби музыкасының философиялық мәні

Маржан АЛИКБАЕВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының аспиранты

Абу Наср әл-Фараби өз шығармаларында араб, парсы, грек, үнді және өзінің түркі мәдениетінің құнды жетістіктерін жақындастырып жинақтады. Ол тек қана әртүрлі мәдениет дәстүрін жақындастырған ғылыми-гуманитар емес, өз уақытының білімін жинақтауға ұмтылған ғылым реформаторының (өзгертіп қайта жасаушы) кемеңгері болды.

Ал Фарабидің «Китап ал-мадхал ас-синсат әл-мусики» (Музыка өнеріне кіріспе туралы кітап), «Китап әл-ихаьил әл-ика» (Ырғақ классификациясы туралы кітап), «Ырғаққа толықтырулар кіргізу туралы кітап» және «Музыка туралы трактат», «Музыканың ұлы кітабы», Ибн Синаның энциклопедиялық еңбегіндегі музыка жайлы тараулары «Дошин наме» (Білім туралы кітап), «Китап аш-Шифа» (Айығу туралы кітап), «Китап ан-наджат» (Құтқару туралы кітап), Ибн Зейланың «Китап әл-кафи әл-мусики» (Музыка туралы кәміл кітап) және т.б. ғұламалардың еңбектері түркі халқының музыкалық мәдениетінің тарихында маңызды орын алады.

Орталық Азия халықтарының ежелгі және орта ғасыр кезеңіндегі музыкалық мәдениеті тек қана тәжірибие жүзінде ғана емес, ғылыми жетістіктерге де қол жеткізді. Наво, парда, рах, кавл, хусравани және сол секілді профессионалды музыканың ежелгі түрлері алғашқы фольклорлы синкретизмнен алшақтап, негізгі музыкалық бастама ретінде қалыптаса бастады.

Орталық Азия халықтарының исламға дейінгі кезеңдегі музыка ғылымы жөнінде жазылған толық жеткен мәліметтер аз болғанымен, өнердің бұл түрі белгілі бір деңгейге дейін көтерілгені туралы дәлелдер келтіріледі. Берунидің айтуынша араб әскер басы Кутейба ибн Муслим хорезмдік жазушыларды өлтіріп, көптеген кітаптары мен еңбектерін өртеп, хорезмдіктерді жазуға тиым салған. Мүмкін олар үшін бұл тиімді болған шығар [7, 63].

Арабтардың алғашқы династиялары Омейядтар мен Аббасидтер кезінде музыка жөнінде музыка саласын жетік меңгерген уstadтар (мастерлер) араб тілінде жазып қалдырған. Атап айтсақ, Мансур Залзал (VIII-IX), Яхья әл-Макки (VIII-IX), Ибрахим Маусили (742-844), Исхак Маусили (767-850) сонымен қатар аджамнан (араб емес халық) шыққан белгілі теоретиктер болды. Орталық Азия елдері өздерінің мәдени дәстүрінің дамуына, соның ішінде музыкаға үлкен мән берді.

Орта және Таяу Шығыс елдеріндегі музыка ғылымының негізін салушының бірі – Абу Наср әл-Фараби. Өз заманының көрнекті тұлғасының бірі және ғылымның әртүрлі саласының дамуына үлес қосқан ғалым.

Көптеген мәліметтерге сүйенсек ғұлама әртүрлі музыкалық аспаптарда да (уд, гипжак, най және т.б.) шебер орындап, тамаша ән салғаныны жөнінде айтады. Оның музыкалық шығармалары замандастарының арасында танымал да болды. Әл-Фараби Орта Азия, Иран және көптеген араб елдерінің мәдениетімен таныс болған. Өмірінің соңғы жылдарында ол Алеппода (940-950) Сайфул-даула Хамдамидтің қарамағында қызмет істеді. Сайфул-даула Хамдамид өнерге үлкен мән берген. Осы уақыттың өзінде Фарабидің музыкалық қабілеті мен орындаушылық шеберлігі жөнінде әртүрлі легендалар да айтылып жүрді. Мысалға алатын болсақ, Сайфул-дауланың Дамаскіде ұйымдастырған мәжілісінде Фараби бәрін өзінің жан-жақты білімімен таңқалдырды. Мәжіліс аяқталған соң басшы музыканттарды залға шақырып, музыка жөнінде әңгімеге тартады. Сонда Әл-Фараби де өз білімін ортаға салағанын көрген Сайфул-даула таң қалып, оның гипжакта орындауын сұрайды. [1, 164-165].

Тағы да айтатын болсақ, Фараби бір күні Рейге уазір Сахиб Аббадты күтіп алуға келгенде, оның қарапайым киінгендігі сонша, оны ешкім де танымайды. Көп күткен Фараби сөмкесінен бір таяқтарды алып одан музыкалық аспап жасап (гипжакқа ұқсап шыға келеді), әртүрлі мелодияларда ойнай бастайды. Алғашқы ойнаған мелодиясы өте көңілді, екіншісі қайғы болса, үшіншісінен ұйықтап қалады. Фараби гипжакқа «Сізге әл-Фараби келіп кетті» – деп жазып кетеді. Сонда уазір барлық музыканттарды жинап, гипжакқа жазған адамды іздейді. Иесін таппағаннан соң «Игіліктің сырын енді тапқанда, оның жоғалып кеткенін білесін» деген екен [1, 165].

Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, ізгілікке, этикалыққа және интеллектуалдылыққа – бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес. Дәл сол сияқты кемшілік біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы да шындыққа сыймайды және мүмкін емес. Бұл жағдайлардың екеуі де мүмкін емес. Көбінесе әрбір ізгілік іске немесе бірнеше ізгілерге, не болмаса белгілі бір өнерге немесе бірнеше өнерге бейім болады, сөйтіп, біреу бір ізгі іске немесе өнерге, екінші біреу екіншісіне, үшінші біреу үшіншісіне бейім келеді [2, 159].

Кейбір деректерге қарағанда оның шығарған музыкалық әндері осы күні Иран, Ирак, Түрік және басқа да Шығыс елдерінде орындалады. Оның өзі жасаған «Канун», «Уд», «Қыпшақ» деп аталатын аспаптары болған сияқты. Фараби музыка теориясына арнап бірнеше еңбек жазған: «Музыканың үлкен кітабы», «Музыка жайлы талдау», «Ырғақтардың классификациясы». Бұдан басқа «Ғылымдардың шығуы», «Ғылымдардың энциклопедиясы» атты туындыларында музыка ғылымын талдауға арналған жеке тараулары бар.

Әлемге танымал болған Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегі кейінгі жазылған бірнеше ғалымдардың трактаттарының жинағы деген көзқарастар да бар [6, 8]. Фараби кітаптың алғы сөзінде ежелгі заманғы ғалымдардың көзқарастарымен көбімен келісе алмайтын, кейбір қателерін тапқанын айтқан. Осыған орай музыка ғылымына екі еңбек арнаған. Біріншісі – музыка ғылымының негіздеріне, екіншісі – ежелгі авторлардың көзқарастарына комментариілер жазған. Фарабидің бірінші кітабы екі бөлімнен: ғылымға кіріспе және ғылымның өзінен тұрады. Кіріспенің өзі екі бөлімге бөлінеді. Негізгі бөлім үш тараудан және әр тарау екі тараушадан құралған. Жалпы алғанда кітап 12 тараудан тұрады [5, 38].

Өл-Фарабидің жазып кеткен екінші кітабы бізге жетпеген. «Музыканың үлкен кітабы», «Музыкалық өнерге кіріспе» деген бөлімі жеке бір трактат секілді жазылған. Кейбір еуропалық ғалымдар, атап айтқанда Козегертен, Ланд, Трипо-до бұл мүмкін Фарабидің екінші кітабы шығар деген пікірлер айтады [6, 9]. Зерттеушілердің пікірінше, «Музыканың үлкен кітабы» саманидік эмир Мансур ибн Нухтың өтінішімен жазылған энциклопедиялық еңбек «Екінші ілімінің» («Ат-талим ас-сани») бір бөлімі. «Екінші ілімде» Аристотель философиясына түсіндірмелер жасалған. Фарабидің көзінің тірісінде осы еңбегі үшін «Екінші ұстаз» деген атақ берілді. Сонымен қатар, ғылыми өмір музыка теориясы туралы осындай маңызды еңбекке мұқтаж болғандығына куәлік етеді. Оның музыкалық ғылымының қайнар көздері антикалық мұралармен тығыз байланысты.

Фараби заманауи музыкалық тәжірбиеге ғана сүйенбеген. Өз еңбектерін Согда, Хорасан, араб елдерінің, үндістердің, римдіктердің, гректердің және тағы сол секілді халықтардың ежелгі музыкалық мәдениетіне де үлкен мән бере отырып жазған. Ол антика теоретиктері пифагоршылдардың, Аристотельдің, Птолемейдің, Аристоксенге сілтеме жасап, мұсылмандық дәстүрге дейінгі аспаптарға, музыканың түрі мен формалары жөнінде баян етеді.

А.Көбесов өз еңбегінде, грек музыкасының басын құрастырып, жинап-теріп, олардың музыкалық ғылымын жаңа жағдайда жаңа заманға лайықты дамытушылар: әл-Кинди, Фараби, Әбу Әли ибн Сина болды. Бұлардың арасында Фарабидің музыка теориясын дамытудағы алатын орны ерекше деп атап өткен [3, 75].

Фараби музыка ілімін жасауда сөз жоқ ежелгі грек оқымыстыларының еңбектеріне сүйенеді. Алайда Фараби бұл авторлардың идеяларын сыни көзбен қарап, логикалық сарапқа салып, ғылымның жаңа жетістіктері негізінде қайта сарапқа салып, ғылымның жаңа жетістіктері негізінде қайта талдап шығады, олардың дұрыс-бұрыс жерлерін дәл басады. Сондықтан да Фараби бұл салада гректерден көп озық кеткен. Мәселен, ежелгі грек ғұламалары аспаптарды зерттеуді тіпті қолға алмаған. Ал, Фараби музыкалық аспаптарды зерттеуді тыңнан бастап, математика және физиканы жетік білгені сонша, олардың музыка іліміндегі мұлт кеткен жерлерін дәл тауып түзетеді, дамытады. «Мен тек музыка ғылымын бағалаушы емеспін, музыка өнерін де бағалаушымын, сондықтан ежелгі гректерге қарағанда, көбірек істеуіме, мүмкіндігім болды» деп жазады Әбу Насыр [3, 77].

Ғұламаның музыка жөнінде жасаған мына тұжырымдарына тоқталсақ, «Музыка ғылымына келетін болсақ, бұл ғылым әуендердің түрлерін зерттейді; әуендердің неден құралатынын, оны не үшін шығаратынын, бойға терең сіңіп, күштірек әсер етуі үшін бұлардың қандай болуы керек екенін зерттейді. Музыка туралы дегенде біз екі ғылымды түсінеміз:

- 1) музыкалық практика;
- 2) музыка теориясы.

Музыкалық практиканың міндеті табиғи немесе жасанды аспаптардан шығатын, құлақпен қабылданатын әуендердің түрлерін іздестіру.

Табиғи аспаптар – бұл тамақ, кішкене тіл және тамақтағы барлық мүшелер, сонан соң – мұрын; жасанды аспаптар, мысалы, сыбызғы, лютия және басқалары.

Музикант-практик әуендерді, олардың тандары н және әдетте, музыкалық аспаптардан шығатын барлық үндерді біледі.

Музыка теориясы интеллектінің пайымдалғыш объектісі ретінде музыка санасынан білім береді; әуендердің неден құралатындығы себептерінің бәрі келтіріледі, бірақ материалдық түрде емес, абсолюттік мағынада және музыкалық аспап атаулының бәрінен абстракцияланған түрде келдіріледі; музыка теориясы бұларды қандай аспап арқылы немесе қандай дене арқылы жүзеге асырылса да, жалпылама түрде қабылдайды [4, 169].

«Музыканың үлкен кітабы» формасы жағынан ерекше, логикалық бірізділікпен жазылған, бас аяғы жинақы, мазмұны терең энциклопедиялық еңбек. Бұл еңбек тек Шығыста ғана емес, әлемдік құнды еңбек болып саналады. Бұл шығарманы негізге ала отырып, көптеген ғұламалар, мысалы, Ибн Сина (980-1037) және оның замандастары мен кейінгі кезеңдегі авторлар – Дервиш Али Бухари, Сафиуддин Джурджани секілді ғалымдар өзінің музыкалық еңбектерін жазды. Ибн Синаның негізгі музыкалық еңбегі «Музыкалық ғылымдар жинағы» («Книга исцеления» деген энциклопедияның тарауы) «Музыканың үлкен кітабының» негізінде жазылған. Фарабидің еңбегіне ірі музыка теоретиктері Сафиуддин Урмави (XIII), Абдулкадир Марағи (XIV-XV), Абдурахман Джами (XV), XIX ғ. Уаджид Алихан да «Матла ал-улум уа маджма ал-фунун» деген шығармасын жазуда сүйенеді.

Фарабидің «Ғылымдар классификациясын» XI ғасырдың өзінде монах Гульдисалв латын тіліне аударып, оны барлық Еуропа елдеріне танымал етті. Әбу Насырдың музыкалық-теориялық еңбегіне деген үлкен қызығушылық XIX ғ. басталды десе болады. Оның музыка саласына арнап жазған шығармаларына көптеген шығыстанушы-ғалымдар үлкен мән берді. Мысалы, Вилоттоның «Араб музыкасы» (1826), Косегартен, Ланд, Кизеветтер, Сальвадор-Даниэль секілді ғалымдардың еңбектерінен Фарабиге жасаған сілтемелерін көруге болады [6, 18].

1974 жылы Лейденде Ланд «Араб музыкасы» деген атпен «Музыканың үлкен кітабының» тарауларынан аударылған аударманы жарыққа шығарды. Сондай-ақ Фараби музыкасы Ресейде де танымал болғанын айта кеткеніміз жөн. Сокальский П.П. музыка теориясының жалпы эволюциясына тоқталып өткен.

XX ғ. Еуропада Фарабидің музыкалық еңбектерін қарастыру үшін арнайы зерттеулер жүргізіледі. 1930 жылы «Музыканың үлкен кітабын» бірінші рет толық түрде Рудольф Д'Эрландже француз тіліне аударып, жарыққа шығарады. 1935 жылы ағылшын тілінде Фармер «Ғылымдар классификациясын» аударған болатын, оны орыс тіліне кейін А. Сагадеев аударды. Фарабидің музыкалық мұрасын Кеңес Одағы ғалымдары ішінен В. М. Беляев, И. Раджабова, Т. Вызго, Д. Рашидова, А. Джумаев секілді ғалымдар зерттеген болатын. Ғұламаның музыкалық-теориялық көзқарасы ғылымның философия және математикалық салаларында еңбек етушілер, атап айтсақ, С.Н. Григорян, М.М. Хайруллаев, А. К. Көбесов, О. Матякубов, А. Х. Қасымжановтың еңбектерінде орын тапқан.

Жоғарыда айтылған көптеген зерттеулерге қарамастан, Фарабидің музыкалық мұрасын түсінуде көптеген мәселелер әлі де жұмбақ күйінде қалуда. Ең маңыздыларын атап айтсақ Фарабидің музыкалық-теориялық шығармасының дұрыс интерпретациясы (оқу), аударма жасауда әртүрлі салаларда: теория және музыкалық эстетикада; музыкалық ритм, жанрларын, формаларын, музыкалық органологияны толық түсіну үшін арнайы зерттеулер жүргізу керек екенін айтып кеткеніміз артық болмас.

Екінші ұстаз Шығыс халқының музыка кемеңгері болып саналады, оның шығарған музыкалық әндерін парсы, араб және басқа да Шығыс халықтары осы күнге дейін орындауда.

Міне, Фарабидің осындай принциптерін басшылыққа ала отырып, өзінің музыка жөнінде жасаған тұжырымдары мен «Музыканың ұлы кітабы» секілді құнды еңбектері әлемдік зерттеушілер үшін аса бағалы шығарма болуда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хайруллаев М.М. Фараби. Эпоха и учение. Ташкент: Узбекистан, 1975.
2. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық Т. 4. Әл-Фараби мен инб Сина философиясы. А., Жазушы, 2005.
3. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. А., Қазақ университеті. 2004.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактат
5. Фараби. Китаб әл-мусика әл-кабир. Каир, 1967.
6. Матякубов О. Фараби об основах музыки востока. Ташкент: Фан, 1986.
7. Беруни Абу Райхан. Избр. произв., т. 1. Ташкент: Фан, 1957.

Статья: «Философский смысл музыки аль-Фараби»

Автор: **Маржан Аликбаева** – аспирант кафедры философии и методологии социального познания КазНУ им. аль-Фараби

В статье рассматривается музыка аль-Фараби. Фараби был поистине человеком мирового уровня, он сблизил и синтезировал в своем творчестве ценнейшие достижения арабской, персидской, греческой, индийской и своей собственной тюркской культуры. Отзвуки последней особенно явственно просматриваются в его знаменитой «Китаб аль-музык аль-кабир» («Большой книге музыки»). Но он был не просто ученым-гуманитарием, сблизившим различные культурные традиции, в нем жил гений реформатора науки, стремившегося систематизировать знания своего времени, что нашло отражение в его трактате «Слово о классификации наук». Фараби мыслил как реформатор педагогики, стремящийся внести знания в народную толщу, соединить просвещение с развитием в людях человечности. Вклад, внесенный аль-Фараби в мировую науку и культуру, бесценен.

“Philosophical meaning of Al-Farabi’s music”

Marzhan Alikbayeva - post-graduate student of philosophy and methodology of social study department of KazNU named after Al-Farabi

Al-Farabi’s music is being examined in the article. Al-Farabi indeed was a person of the global level, he pulled together and synthesized in his work the most valuable achievements of Arabian, Persian, Greek, Indian cultures and his own, Turkic one. The reverberations of the latter are especially clearly viewed in his famous “Kitab Al - music Al-kabir” (“The Major Book of Music”). But he was not just humanitarian sciences’ scientist who had brought closer different cultural traditions, the genius of the science reformatore tending to systematize the knowledge of his time lived in him, and that found reflection in his treatise “A Word about Classification of Sciences”. Al-Farabi thought as the reformer of pedagogics striving to bring knowledge to people and to tie education with development of people’s humanity. Al-Farabi’s contribution to the world science and culture is invaluable.